



**ҚАРЖАУБАЕВ ЕРБОЛ ҚАЗИҰЛЫ  
АРГИНБЕКОВА ГУЛНАР ИШАНБЕКОВНА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУДЫҢ  
НЕГІЗДЕРІ  
(тарихи-құқықтық аспектісі)**

**ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

ҚАРЖАУБАЕВ ЕРБОЛ ҚАЗИҰЛЫ

АРГИНБЕКОВА ГУЛНАР ИШАНБЕКОВНА

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
СОТ ЖҮЙЕСІН  
РЕФОРМАЛАУДЫҢ  
НЕГІЗДЕРІ

(ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІСІ)

*Оқу құралы*

Қызылорда  
«Болашақ» университеті  
2022 жыл



ОӘЖ 342.56 (574) ✓

ҚБЖ 67.71 (5Қаз)

К 41 ✓

*Оқу құралы Болашақ университеті ғылыми кеңесінің шешімімен  
(18.10. 2022 №2 Хаттама) баспаға ұсынылды.*

**Пікір бергендер:**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің  
профессоры, тарих ғылымдарының докторы, **Х.Тұрсын**  
«Bolashaq» Қарағанды Академиясының доценті, заң ғылымдарының  
кандидаты, **Ж.К.Сейдалина**

**Қаржаубаев Е.Қ.**

**Аргинбекова Г.И.**

Қазақстан Республикасы Сот жүйесін реформалаудың негіздері (тарихи-  
құқықтық аспектісі)

Оқу құралы – Қызылорда: Болашақ университеті, 2022. – 147 б.

**ISBN 978-601-08-2882-7**

Бұл оқу құралында қазақ өлкесіндегі билер соты институтына ерекше көңіл бөлінеді. Онда билер сотының іс жүргізуіне бүкіл қазақ қауымы риза болғандығы және олардың қандай заңға сүйенгендігі көрсетіледі. Сонымен қатар КСРО сот жүйесінің сол кездегі өмір талабына сай реформаланғандығы баяндалады және Қазақстан Республикасы өз егемендігін алғаннан кейінгі сот билігін реформалаудың жетістіктері егжей – тегжейлі талқыланады.

Сондықтан бұл жазылған оқу құралы жалпы ғылыми қоғамға, оқытушы қауымға, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге жалпы сот жүйесін білуге ынталанған көпшілікке арналған.

**ОӘЖ 342.56 (574)**

**ҚБЖ 67.71 (5Қаз)**

ISBN 978-601-08-2882-7

© Қаржаубаев Е.Қ., 2022

© Аргинбекова Г.И., 2022

© «Болашақ» университеті, 2022

# МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>1 ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕГІ БИЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>13</b>
1.1 Қазақ жеріндегі билер сотының дамуы.....	13
1.2 Би – ол қазақ даласының судьясы.....	23
1.3 Билердің құрлымдық жүйесі.....	26
1.4 Ресейге қосылғаннан кейін қазақ халқының билері.....	30
<b>2 КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ҚҰРЫЛҒАННАН KEЙІНГІ ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМЫП ЖЕТІЛУІ.....</b>	<b>39</b>
2.1 1917 – 1937 жылдардағы Кеңестік сот жүйесін реформалау.....	39
2.2 1937 жылдан бастап Кеңестік сот жүйесін реформалау.....	55
2.3 Кеңес өкіметінің 1970 жылғы сот жүйесін реформалаудың құқықтық негіздері.....	62
<b>3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕМOKPATИЯ-ЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ СОТ ЖҮЙЕСІ.....</b>	<b>66</b>
3.1 Қазақстан Республикасы өз егемендігін алғаннан кейін жаңа сот жүйесінің құрылуы.....	66
3.2 Қазақстан Республикасында сот билігін реформалау және оның даму кезеңдері.....	85
3.3 Қазақстан Республикасының сот жүйесі.....	100
<b>4 СОТ БИЛІГІНІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....</b>	<b>118</b>
4.1 Сот билігі: сот тәуелсіздігі ұғымдарының қалыптасу негіздері .....	118
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>139</b>

XX ғасырдың соңғы он жылдығында тарихта және саясатта елеулі өзгерістер болды. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен мемлекеттің егемендігі туралы декларациясы 1990 жылы 25 қазанда қабылданды. Артынша бір жылдан кейін, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданып, Қазақстан мемлекеті өз тәуелсіздігін жария етті. Онда: «Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде күллі аумақта бүкіл өкімет билігіне ие болатындығын және де өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес аяқтап, өзі жүзеге асыратындығы белгіленді. Дербес мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы халықаралық көлемге шығарылды, өзінің басқа мемлекеттермен қатынасын халықаралық құқық нормалары негізінде құрды. Бұрынғы Қазақ ССР-ның аумағы тәуелсіз жаңа мемлекеттің аумағы деп танылды. Бұл аумақ бөлінбейді және оған ешкім қол сұға алмайды деп жарияланды. Мемлекеттік өкімет Қазақстан халқының еркін білдіреді. Мемлекеттің өкімет билігінің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөліну қағидасы тұңғыш рет танылады», – делінді.

Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басуды мақсат етуде. Міне сондықтан да, қоғамды экономикалық жағынан Қазақстан Республикасы түбірлі қайта құруды және оны құқықтық реттеуді негізгі мәселелердің бірі деп таныды. Нарықтық жүйеге сәйкестендіру үшін де біз мемлекетіміздің құқық жүйесін қайта құруға мәжбүр болдық. Талаптарға сәйкес құқық

базасы мен механизмі құрылды. Қоғамдық меншік түрлері пайда болды. Мемлекетпен танылған «заң мен сот алдында барлық меншік иелері теңдігі қағидасы» жарияланды. Ал оның түпкі мақсаты өркениетті 30 елдің қатарына кіру және азаматтық қоғам құру болып табылды. Ал азаматтық қоғам құруда соттың рөлі өте маңызды.

Халықаралық стандарттарда белгіленген адам мен азаматтардың құқықтарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құру жолында жаңа заңдар қабылдауда. Осының негізінде республикамызда әлі күнге дейін реформалар жасалуда. Ал реформаның негізгі мәні – сот арқылы адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, республикамызда белгіленген сот жүйесінің негізгі орнын анықтау, мемлекеттік механизмінде көрсетілген заң шығарушы, атқарушы биліктерден тәуелсіз сот жүйесінің күшін жетілдіру болып табылады.

Сот билігін жетілдіру туралы мәселелер қазіргі күні біздің Президентімізден, Парламентімізден, Үкіметімізден қолдау көріп отыр. Еліміздің Президенті айтқандай: «Азаматты Президент емес, әкім де емес немесе министр де емес сот қорғауы тиіс» – деген болатын. Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 1-бөлімінде көрсетілгендей: «Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырады және оның мақсаты мен міндеті азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын ... қорғау...», – деп көрсетілген. Демек бұдан былай сот әрбір азаматтың құқығын қорғайтын билік деп көрсетудің түпкі мәні терең де, ақиқат. Заң тілімен айтқанда, азаматтық кодекстің 9-бабында: «Азаматтық құқықтарды қорғауды сот... жүзеге асырады» делінген.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында Республиканың құқықтық саясатының түрлі бағыттары қаралған. Демек онда: судьялардың тәуелсіздігін нығайту, судьяларды, куәгерлерді және жәбірленушілерді қылмыстық қауымдастықтар тарапынан қауіп-қатерден қорғау шаралары, сот шешімдерін атқаруда сот бақылауын қолдануды заңдық тұрғыдан кеңейту, ювенальды соттар құру және т.б. мәселелері бойынша салалық бағдарламалар әзірленіп, қабылданды.

2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Реформалардың аса маңызды бағыттарының бірі – сот құқығын жетілдіру және биылдан бастап біз алқа билер сотын енгізуіміз қажет екенін айта келе, тұтқындауға құзырлылықты соттарға беру туралы шешім қабылданғанын, біз біртіндеп осы заманғы және ашық тұрпатты сот өндірісіне көшеміз», – деп көрсетті.

2008 жылы да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. Яғни, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Құқық қорғау және сот жүйесі қазақстандықтардың құқықтарының әділ де тиімді қорғалуын... қамтамасыз ету үшін сот жүйесін тереңдете реформалау... » қажет екенін көрсетті.

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының заңы және «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізудің кейбір мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»



заны қолданысқа енгізілді. Бұл заңдар қабылданбас бұрын алқабилер институтын құру және оның қызметінің құқықтық негізін дайындау үшін идеологиялық базис жасау бойынша үлкен алдын ала жұмыс жүргізілді. Ең алдыңғы кезекте бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 2-тармағына енгізілген алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізудің мүмкін екені туралы конституциялық жаңалық болатын. Ол 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 1-бабында бекітілді. Онда былай деп жазылған: «Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялардан, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқабилері арқылы соттарға ғана тиесілі».

Қазақстан Республикасында алқабилер сотының енгізілуі сот реформасының бір бағыты болып табылады, ол сот ісін жүргізудің ашықтығы мен демократиялылығын қамтамасыз етуге, азаматтардың сот билігіне сенімін қалыптастыруы тиіс.

Бүгіндері алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық жеттік деп айтуымызға негіз жоқ. Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтарын тиімді қамтамасыз ететін әрі қорғайтын, кемеліне жеткен мінсіз сот органдары жүйесі құрылған деп айта алмаймыз.

Осы жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, сот билігін мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде оның мәнін ашуды және зерттеуді жөн көрдік.

Зерттелу деңгейі. Соңғы уақытта Қазақстан Республикасында да, бұрынғы кеңестік үкіметі құрамындағы елдерде де сот билігінің қалыптасу және даму мәселелері конституциялық құқық, әкімшілік құқық; мемлекет және құқық теориясы, қылмыстық

процесс, құқық қорғау органдары саласындағы талқылау мен зерттеудің пәніне айналды.

Қазақстанның сот билігінің қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасында сот реформасының жүргізілуіне орай бұл ұғым заңгер ғалымдардың баса назар аударып зерттеуінің объектісіне айналды. Осы айтқан сөзімізді қуаттау үшін біз көптеген алуан түрлі дереккөздерге – ресейлік, шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерін назарға алдық, сондай-ақ әртүрлі нормативтік-құқықтық актілерді қарай отырып, терең зерттеуге тырыстық.

Сондай-ақ біз ерте замандағы және ортағасырлардағы авторлар мен ойшылдардың зерттеулерін: Аристотель, Платон, Джон Локк, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо, Г. Гегель және ХІХ – ХХ ғасырлардағы белгілі орыс ғалымдары И.Я. Фойницкий, П.И. Новгородский, Н.Н. Розин, Д.М. Петрушевский, В.К. Дябло, А.Ф. Кони, Н.В. Крыленко, М.А. Чельцов-Бебутов және тағы басқаларының жарық көрген еңбектерін қарай отырып, зерттеу барысында негізге алдық.

Сот билігінің мемлекеттік билік механизмінде алатын орнын, оның жұмыс істеуінің методологиялық және көзқарас аспектілерін айқындау үшін кеңестік және қазіргі ресейлік ғалымдары: С.С. Алексеев, М.В. Баглай, С.В. Боботов, А.Д. Бойков, Н.В. Ветрук, Л.А. Воскобитова, К.Ф. Гуценко, В.В. Ершов, Б.Д. Завидов, Л.А. Захожий, В.Д. Зорькин, А.Ф. Изварин, М.И. Клеандров, В.А.Кряжков, О.Е. Кутафин, В.А. Лазарева, А.М. Ларин, В.М. Лебедев, П.А. Лупинская, П.Л. Михайлов, М.В. Немитин, Ю.К. Орлов, М.А. Пакирдинов, С.А. Пашин, И.Л. Петрухин, И.В. Радутная, В.А. Ржевский, В.М. Савицкий, Ю.И. Стецовский, Н.М. Чепурнова және де тағы басқаларының зерттеулерін негізге алдық. Біз кеңес

өкіметінің идеологиясы мен саяси доктринасы үстемдік құрған 70 жылдан асатын кезеңде соттардың дамуының нәтижесі болып табылатын негіздерді қарай отырып және оларға сілтемелер жасай отырып, қазіргі сот жүйесін зерттеуге тырыстық және Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің ахуалы мен оны реформалау жолдары туралы тұжырымдар жасадық.

Қарастырылып отырған мәселелерді неғұрлым толық әрі тереңінен көрсету үшін сот органдарын ұйымдастырудың және олардың қызмет етуінің шетелдік тәжірибесі, ең алдымен демократиялық дамыған елдердің – АҚШ, Англия, Франция, ГФР-дің тәжірибесіне назар аударылды. Бұл мақсатпен біз аталған мемлекеттердің заң актілерін, сондай-ақ Алексис де Токвиль, Л. Дюги, Лерой Д Кларк, К.Ю. Миттермайр, Уильям Бэрнем, Уолкер Рональд, А. Эсман сияқты және т.б. әйгілі шетелдік авторлардың монографиялары мен мақалаларын қолдандық.

Сот билігін жүзеге асырудың теориясы мен тәжірибесінің, сот құрылысының және сот реформасын жүргізудің ең даулы мәселелері бойынша Қазақстан зерттеушілерінің бірқатар еңбектерін қарадық.

Бүгінгі таңда жалпы сот билігіне және сот реформасына қатысты еңбектердің арасынан Қайрат Мәмидің басшылығымен шыққан «Қазақ елінің сот билігі», Қайрат Мәмидің орыс тілінде жазылған «Становление и развитие судебной власти Республики Казахстан», М. Нәрікбаевтің «Ұлы билерімізден Жоғарғы сотқа дейін», С.З. Зимановтың «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» және «Конституция и Парламент Республики Казахстан», Б. Тұрғараевтың «Атқарушылық іс жүргізу құқығының теориялық проблемалары», А. Оразбаеваның «Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер

институты» атты монографиялары, К.Х. Халиковтың «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» туралы оқу құралын көруге болады.

Міне, бұл ғылыми еңбектерде сот билігіне қатысты көптеген мәселелер қаралған. Ұлтымыздың билік, үкім айтып бітім жасаған ұлы билерінен бүгінгі сот жүйесіне дейінгі келелі мәселелер кеңінен зерттелген. Сондай-ақ қазіргі Қазақстан Республикасы туын тіккен тұста сотпен билік жүйесіндегі шешілуге тиіс жағдайлар да жан-жақты қаралған. Сот билігі ұғымы, сот органдарының жүйесі мен құрылымы, оның демократиялық қағидалары кеңінен баяндалған.

Ал орыс тілінде кеңес үкіметі кезінде тарихи тұрғыдан ғылыми – теориялық түрде зерттеген авторларға келсек: 1941 жылы Москвада шыққан М. Шаламовтың «Судебное устройство Казахстана», С.З. Зимановтың және М.А. Биндердің басқаруымен жарық көрген «История государства и право Советского Казахстана» Том 1 (1917–1925гг.) Алма-Ата, 1961; Том 2 (1926–1937гг.) Алма-Ата, 1963; Том 3 (1938–1958гг.) Алма-Ата, 1965 және М.С. Сапарғалиевтың «Организация Советского суда в Казахстане» (1917–1918гг.) Алма-Ата, 1954; «Возникновение и развитие судебной системы Советского Казахстана» (1917–1967гг.) Алма-Ата, 1971; Т.М. Культелеевтың «Уголовное обычное право казахов» Алматы 2004; С.С. Сартаевтың «История государства и право Казахской ССР» ч.1, Алма-Ата, 1982; ч.2 Алма-Ата, 1982 жылы шыққан монографияларын көруге болады.

Бұл жоғарыдағы зерттеген еңбектердің негізгі мазмұны тарихи тұрғыда сот билігінің қандай негізде дамығанын және сол кездің өзінде де сот

органдарының мәселесі өте өзекті болғанын белгілейді.

Қазақстан Республикасында сот билігі саласындағы алғашқы ірі зерттеулердің қатарына жататындар К.Х. Халиковтың «Қазақстан Республикасындағы сот билігінің проблемалары (теориялық және қылмыстық іс жүргізу тұрғысынан зерттеу)» атты докторлық диссертациясы. Одан кейін Қайрат Мәмидің «Конституционная законность и судебная власть РК: основные тенденции и приоритеты» атты докторлық диссертациясы. Бекет Тұрғараевтың «Атқарушылық іс жүргізу құқығының теориялық проблемалары» атты докторлық диссертациясын көре аламыз.

Ал кандидаттық диссертацияларға келетін болсақ, Ш.М. Шариповтың «Судьяның тәуелсіздігі – сот билігінің демократиялық принципі», Б.Е. Шокеевтің «Суд с участием присяжных заседателей зарубежных странах и перспективы его введения в Казахстан», Н.А. Нысанбаевтың «Судебная защита прав человека в РК», А.Н. Жайылғанованың «Организационно-правовое обеспечение судебной деятельности в РК», М.Р. Абсаттаровтың «Международно-правовой статус Суда Европейских Сообществ» Н.А. Жұманбаеваның «Қазақстан Республикасындағы судья мәртебесінің өзекті мәселелері» деген диссертацияларын көре аламыз.

Сонымен қатар, осы мәселелерге қатысты ақпарат, газет - журнал беттеріне Қазақстан ғалымдарының тарихи және жаңа кезеңдер негізін зерттеп жүргендер: Е.М. Абайделдинов, Е.Б. Абдрасулов, Б.Ж. Абдраимов, М.Р. Абилхаиров, А.Н. Ағыбаев, Е.О. Алауханов Т.А. Атмұханбетов, Д.Л. Байделдинов, М.Т. Баймаханов, Ә.Е. Бектұрғанов, М.С. Бейбітов, Л.Ш. Берсүгірова, Ж.Д. Бусурманов, Л.Т. Жанұзақова, Б.А. Жетпісбаев,



С.З. Зиманов, Д.К. Қанафин, З.Ж. Кенжалиев,  
В.А. Ким, Ө.Қ. Қопабаев, М.Ч. Қоғамов Е.К. Кубеев,  
М.К. Қуандықов, Қ.Ә. Мәми, Б.Д. Мақұлбеков, А.Х.  
Мендіғұлов, Э.Б. Мұхамеджанов, С. Өзбекұлы,  
Ж.Ө. Өмірәлі, И.И. Рогов, С.Н. Сабикенов,  
Ғ.С. Сапарғалиев, С.С. Сартаев, Г.Ж. Сүлейменова,  
С.А. Табанов, Б.Х. Төлеубекова, Б. Тұрғараев, С.Т.  
Тыныбеков, Ә.Х. Хаджиев, К.Х. Халиков, Н.А.  
Шайкенов, С. Шайкенова, Д.С. Чукмаитов  
еңбектерін көруге болады.

Осы жоғарыда айтылған заңгер ғалымдардың еңбектерін оқи отырып, өз зерттеуімізде сот билігіне қатысты мәселелерге ерекше көңіл бөліп оның жетілдіру жақтарын қарастырдық.

# 1 ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕГІ БИЛЕР НСТИТУТЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Қазақ жеріндегі билер сотының дамуы

Біздің жас Қазақстан Республикасы негізін: сыйлау, теңдік және өзара түсіністік қағидалары құрайтын жаңа азаматтық қатынастарды қалыптастырады. Біз саяси тұрақтылыққа, құқықтық демократиялық қоғам және бейбітсүйгіш сыртқы саяси қатынастар жолымен жүруді негізге алдық.

Тәуелсіз және егеменді Қазақстанның ұлттық өзін-өзі тануының қалыптасуы – қазақ халқының өткен қоғамдық-саяси және өткен құқықтық қатынастарының ерекше түбегейлігін меңгеруді болжайды.

Қазақ мемлекеттілігі қазақ халқының қоғамдық құрылымының саяси және құқықтық көрінісі ретінде, XV ғасырдың ортасында ортаазиялық алқаптың кеңістігінде шамамен 1465–1470 жылдары туындады. Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және этно-саяси үрдістерінің құрылуының объективтік алғышарттары сол кезеңде Қазақстан аумағында өрбіді. Қазақ хандығы өзінің қалыптасуын орта ғасырда біріккен «Ақ – Орданың», Ноғай хандығы және Әбілхайыр хандығының құлауынан мұралық етті. Ал «Қазақ құқығының» пайда болуы одан әрі де, тереңде жатыр, ол қазақ халқының этникалық тұтастануынан бұрын қалыптасқан. Қазақтың көне құқығы ежелгі түркі – қазақ тайпалық, мемлекеттік құрылымдардан құралған, ауысып отырған көптеген көшпелі және жартылай көшпелі бірлестіктердің құқықтық дүниетанымы мен нормативтік активтері негізінде қалыптасты.

Қазақ хандығының саяси қалыптасуымен қатар, қазақ мемлекеттілігінің ұйымдасуының негізі, бастамасы болып

табылған, әдет құқығының қалыптасуы қатар жүреді. Қазақ әдет құқығы – жазылмаған құқық. Ол нормативтік институттарға іс жүргізушілік негізгі моральдармен мазмұндалған материалдарға сәйкестендіріліп құрылған. Осылайша қазақ әдет құқығы қазақ халқының этно-саяси құрылысының қалыптасуы кезеңінде болған үрдістердің жалғасы болып табылады. Осылай халықпен туылған әдет Қазақстанның құқықтық жүйеде дамуының және келесі жүз жылдықтағы баудың басты қайнар көзі болды. Әдет және әдеттік-құқықтық нормалары (ережелері): «ескі әдет», «әдет-ғұрып», «ата-баба салты» терминдерімен белгіленеді, ал нормалардың (ережелердің) өздері: «жора», «жарғы», «жол», «жоба» аттарына ие болды. Бұл орайда «жора» сөзінің хандық билігіндегі Жоғарғы тәртіптердің санкциялануын немесе орнығуын, құқықтық нормалардың нысанын білдіретінін ескеру керек.

Жалпы мемлекеттік басқармадағы маңызды мәселелер бойынша шешім қазақ қоғамындағы барлық таптарымен жыл сайын шақырылатын құрылтай-жиналыстарда қабылданды. Мұнымен қатар халық жиналысына қатысатын азаматтар ерікті, қару ұстап жүруге қабілетті болу керек. Хан құрылтайда дарабасты шешім қабылдаған жоқ. Қазақ қоғамындағы демократиялық бастаулары сол кездегі көшпелі қоғамға маңызды болған, жариялылық, қарапайымдылық және билер институтының негізі болған, сот процесіндегі жарыс сөзі тән сот процесінен ерекше көрініс тапты. Шоқан Уәлиханов: «Би болып атану үшін қырғыздар халықтың алдында өздерінің құқықтық білімін, шешендік қабілеттілігін бірнеше рет көрсетуге тура келеді», – деп жазды. Қазақ мемлекетіндегі заңи нормалардың жиынтығы толыққан құбылыс болған жоқ, ол даму жолында өзгеріп отырады. Қазақ хандығының біртұтас бірігуі тұсында «Қасым ханның қасқа жолы» атауымен

XVI ғасырдың шамамен бірінші ширегінде Қасым ханның ережелерінің жиынтығы шықты. Ал қазақ хандығының өрлеген кезеңінде XVII ғасырдың бірінші жартысында толықтырылған заңи норма шығармашылық – «Есім ханның ескі жолы» шықты.

XVII ғасырда Қазақстанға жоңғар шапқыншылығының қаупі төніп тұрғанда, хандыққа тұтастығын сақтап қалуға мүмкіндік беретін құқықтық құрал қажет болды. Осы мақсатта қазақ хандығының ұлы біріктірушісі Тәуке хан өз қарамағындағыларға «Жеті жарғы» атауымен жаңа әдет-құқықтық нормаларды біріктіруді тапсырды. Барлық жұмыстар сол кездегі кемеңгер, негізгі Қазақстанның үш аумағына өкілдік еткен үш бидің – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билерінің басшылығымен жасалды. Бұл билердің тек қана әдет-құқықтық нормалардың білімпаздары ғана болып қоймай, барлық күштерімен қазақ хандығының бірігуіне, жоңғар күшіне қарсы аумақтық тұтастылығын сақтау үшін күрескен саяси қызметтерінің рөлі маңызды болды.

«Жеті жарғы» халық өкілдерінің ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін нақты көрсетіп берді. Бір тармағында: «Бірде-бір қырғыз (қазақ) халық жиналысына қарусыз келмесін, онсыз (әйтпесе) ешқандай дауысқа ие болмайды және кішілер оған орын бермейді», – деп айтылған. «Жеті жарғы» тек саяси, әлеуметтік маңызы емес, сонымен қатар қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайлардың ішкі дамуына септігін тигізді. Заңдардың түпнұсқалығын, олардың қазақ қоғамының құрылымына сай келетінін ескеру қажет. Біріншіден, заң қазақ мемлекетінің өсіп-өркендеуін қамтамасыз етті. Екіншіден, «Жеті жарғы» азаматтардың құқықтық мәртебесін анықтады, үшіншіден, аумақтық құрылым анықталды. Жоғары билік көшпелі түрдегі өмірге біртіндеп ішкі аумақты дәстүрлі

түрде қалыптасқан мемлекеттік аумақтан шығармай белгілеп отырады.

Жоңғар шақыншылығынан кейін XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ хандығы өзінің аумақтық тұтастылығын сақтап қалса да, шаруашылық және әлеуметтік өмірде айтарлықтай қиындықтарды басынан өткізді. Хандықты нығайтуға күрес жүргізуге одақтар қажет болды. Ынтымақтастыққа ең жақын Ресей мемлекеті болды. Хандықтың жоғарыда тұрғандары Ресей билігіне мемлекетаралық билікті тек Шығыста ғана емес, сонымен қатар Батыста да нығайтуға бірнеше рет өтініш білдірді. 1731 – 1732 жылдары Әбілқайыр хан және оның жақындастары Ресей билігінің өкілдері болып қабылданады. Бірақ сол бір тарихи қалыптасқан күрделі жағдайда екі түрлі ой тоғысты: империялық және көшпелі, демократиялық. Нәтижесінде көшпелі демократизм бірден болмаса да, өз позициясынан қайтты. Билік астындағы мемлекет пен тұлғалардың өзара қарым-қатынасын рәсімдеу процесі 100-ден астам жылға созылды.

Қазақ құқығының қалыптасып, жүйелі түрде дамуына алғышарт болған үш фактор бар деп көрсетеді академик С.З.Зиманов. Олар: «біріншіден, қазақ және олардың ата-бабалары мекендеген Еуразиялық континенттегі жердің байтақ кеңдігі. Қазақ Республикасы бүгінгі күнгі аумағы бойынша әлемде 9-орында, 2,72 млн шақырым, ал 200-300 жыл бұрын бұдан да үлкен – 1,5-2,0 есе аумақты алып жатқан. Екіншіден, көбінесе Шығыстан батысқа қарай дүниені дүрліктіре ауысқан көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдар мен бірлестіктердің жүздеген жылдарға созылған жолдары, осы Еуразиялық дала арқылы өткен немесе одан басталған. Осы ұлы күш барысында, сонымен бірге Орта Азия мемлекеттік құрылымдарының ауысуы және ыдырауы барысында, олардың бір бөлігі осы



Қазақия деп аталатын «еркін» аумақты мекендейді. Олар өзіндік мәдени-демократиялық, әдеттік-құқықтық дәстүрлерді ала келді. Үшіншіден, осы ұлан-байтақ кең даладағы соғыстар мен жаугершілік этномәдени шеңберінде қорғау және өзін-өзі нығайту идеяларына ұласты. Қазақ даласындағы батыраңқылықтың, өзара араздастықтың бірте-бірте бірігушілік идеяларына қарай ойысуы елдегі қоғамдық қатынастардың бірқалыпқа түсуіне және еркіндік, бейбітшілік, ел бірлігі рухынан нәр алған құқықтық ережелердің рөлін арттыра түсті. Көптеген мың жылдықтар бойына қазақ сахарасыда ауысып отырған ірілі-ұсақты мемлекеттік құрылымдар, әсіресе түркілер мен түркіленген одақтар ұлан-ғайыр далада өздерінің қалыптасқан түрдегі «әділдік», «бостандық», «еркіндік» идеяларын мұра етіп артына қалдырды».

Кейінгі кезде көшпелі қазақтың дала зиялылары жөнінде көбірек айтыла бастады. Хандар, әулиелер, сұлтандар, билер, батырлар туралы мағлұматтар олардың қазақ халқының тарихи қалыптасуында атқарған ролі, қазақ өмірінде алған орны жөнінде әңгімеленіп жатыр. Өйткені әр халықтың тарихи құрылымдық жүйесін білу – сол халықты жан-жақты тану үшін қажет.

Қазақ халқының әлеуметтік құрылымын сөз қылғанда, ерекше көңіл бөлетін мәселе – би тұрғысы. Би – басқа лауазымдар мен атақтарға қарағанда біздің халқымыз үшін өте байырғы, төл ресми атақ.

Біздің халқымыз сөзді қатты қадірлеп, сөзге тоқтай білген халық. Саналы сөзді сары алтынмен тең бағалап, сөздің мағынасы арқылы терең жатқан моральдық-этикалық, әлеуметтік мәселелерді шешіп отырған. Сондықтан бидің ең басты қасиеті өтімді сөз, тұжырымды ой болған. Ердің құны есебін тапқан сабазға екі ауыз сөз мәтел өнерлі билерге байланысты айтылған.

Қазақтар ерте кезден бастап - ақ шешендікті өнердің ең биік шыңы деп бағалады. Өткені шешендік сөздер – елдің әлеуметтік өмірінде, тұрмыс тіршілігінде аса маңызды роль атқарды.

Атақты заңгер академик С.З. Зимановтың зерттеулеріне көз жүгіртсек: «Ерте және кейінгі жазба деректерге қарағанда ұлттық және аймақтық әділ сот тарихына енген билер саны жүзден астам. Ол билердің ішінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» дәстүрлерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп, сақтаған және оны әркез уағыздап отырған билер де көп болатын. Мысалы, Майқы би, Аяз би, Едіге би (Ноғайлы – қазақ елінен), Төле би (Ұлы жүз), Қазыбек би (Орта жүз), Әйтеке би (Кіші жүз), Жәнібек би (Торғайда), Тіленші би, Есет би, Әнет баба би, Сырым би, Саққұлақ би (Бөгенбай батырдың немересі, Ереймен жерінде), Шорман би, Шоң би (Баянауылдан), Бала би, Досбол би, Ақтайлақ би, Мөңке би, Байдалы би, Тоқсаба би, т.б. таңғаларлығы олар ұлан-байтақ қазақ-қыпшақ даласының әр түкпірінде өз руластары арасында, өз ауылдарында өмір сүргенімен, олардың атағы бүкіл Ұлы далаға әйгілі болды. Қазақ билерінің барлығы қай ғасырда, қай жерде, қай рулы елде өмір сүргендігіне қарамастан қазақ әділ сотының атасы атаған Майқы биді бірдей пір тұтқан. Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағының әртүрлі бөліктерінде орналасқан қазақтардың этникалық, тілдік-мәдени және идеялық-психологиялық бірлігін түсіндіретін құпиялардың бірі дәл осы қазақ құқығы мен әділ сотының жүйесінде деп есептеуге толық негіз бар», – деп тұжырымдайды.

Илияс Есенберлиннің тұжырымдауы бойынша: «... Алтын Ордада билердің ықпалы күшейе бастаған. Бұрын Өзбек ханының алғашқы хандық құрған кезінде, ауыл арасындағы дау-жанжалдан, ағайын ішіндегі талас-тартыстан туған қылмыс-күнәға, ұры-қары істеріне, тіпті

кейде кісі өлтірілген ұрыс-төбелестерге үкім айту, жаза бұйыру – діни адамдардың шейх, кади, ишан, қазылардың шаруасы болатын. Бірте - бірте бұл жұмыстардың бәрі билерге көшкен. Діни басшылардың қолында тек шариғатпен байланысты күнәһарлардың ісін қарау ғана қалған. Сонымен қатар, бұрын, соғыс-ұрыс замандарында, ру басқару тек көк найзалы, бұзаубас шоқпарлы батырлардың үлесі болса, ал халық бұрынғыдай тек рулық қоғамда қалмай, мемлекеттік, Ордалық басшылыққа көше бастағаннан бері билердің қадірі өсе түскен. Бұрынғыдай ержүректік, жау шошытар қаһарлылық қана емес, ел билеуде ой, тіл, саясат дегендер үстемдік алып, көп іс билердің қолына ауысқан. Сайып келгенде, Алтын Ордада соңғы жылдары ханнан, әмірлерден кейінгі елеулі күшке билер айналады».

Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік «Дала заңының» билігі болды. Ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы және жүзеге асырушы күші – билер болды. Би, ең алдымен, – сот (судья). Бидің өзі де, билігі де түп - тамыры халықтың тарихына байланысты. Сол себепті ол беделді, дәстүрлі билік қатарында болды. Ал хан билігін көпшілік бұқара әкім билігі деп таныды. Қазақтың көрнекті мәдениет қайраткерлерінің бірі С.Сейфуллин жазғандай: «Мықты билер тілін алмаған хандарды бір кезде тақтарынан қуыршақша алып тастап отырған». Би халықтың сана сезімінде ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталады. Оған дәлел ретінде билердің мына кәсіптік ұрандарын келтіреді: «Шыннан өзге құдай жоқ», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». Билердің негізгі ісіне айналған бұл ұрандар бойынша адам үшін оның ар-ожданы мен намысын, адамгершілік, әділдік тұрғыдан қорғауды ең жоғарғы қадір-қасиет деп санаған. Бұл моральдық құндылықтар әділ сот мәселесіне

тікелей қатысты. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» – деген нақты ережеден көрініс тапты. Қазақ даласында би болу оңайлыққа түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Тек «Құдайдың сүйген құлдары ғана» би бола алды. Би боламын деген адам тек қана қасиеттерімен танылып қана қоймай, бірқатар сатылардан тұратын сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу, және де, «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», «Әз-Тәукенің Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылатын. Әрине, билік шеңбері жағынан билердің елдегі беделі мен ықпалы бірдей болған жоқ: шағын ауыл, шағын - шағын ру бірлестігінен бастап жүзге, ұлысқа, тіпті бүкіл қазақ еліне жүрген билер болған. Міне, осыған сәйкес билерге қойылатын талаптардың да түр-сипаты, «қаталдығы» да өзгеріп отырған.

Баласының табиғи дарынын байқаған ата-анасы оған би болу жолында дұрыс бағыт-бағдардағы тәрбие беруге тырысқан. Ең алдымен отбасында оған қазақтың айшықты сөз өнерін, әдеттік-құқықтық дәстүрлері мен ережелерін үйреткен, логикалық мәселелерді шешуді, яғни соттық қызмет барысында кездесетін санқилы өмірлік мәселенің түпкі негізін табуды үйренуіне көмектескен, қисынды сөзбен қиюластырылған жұмбақ сөздің астарын табуға баулыған. Бұл қызметті ата-анасы үйреткен, ауылына белгілі, танымал, көпті көрген, өзінің білген - түйгенімен өмірлік тәжірибесі бар ауыл ақсақалдарынан тәлім алған. Мұндай жас жеткіншектің ерте бастан белгілі билердің алдын көріп, оларға

атқосшылыққа жүріп, «далалық» сот ісін жүргізудің қырсырын жас күннен бастап игеруі өте маңызды шарт болып есептелген. Ұстаз роліндегі бұл билер шәкіртіне кейде билер сотында қаралатын істер бойынша шығаруға қатысты шешімге өзінің көзқарасын нақты білдіру мүмкіншілігін беріп, оның қабылетін сынап отырған. Кейініректе қазақ халқының ұлы ақыны, әрі Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақтың «Төбе биі» атанған Абайдың әкесі – Құнанбай да осы ескі жолдан таймаған. Құнанбай баласын 6 жастан бастап Қазақ даласындағы атақты Қоянды жәрмеңкесіне алып баратын. Оның әкімшілік орталығы – Қарқаралыда билердің, ақсақалдардың, шешендердің қатысуымен соттар, жиналыстар болып тұратын. Тобықты руының өзінде де тәжірибесі мол ақсақалдар көп болған. Абай солардың мектебінен өткен. Зерттеушілердің айтуынша, 13 жасында Абай өзінің соттық шешімдерін шығара бастаған. Әйтеке би де дәл осы жолдан өткен және оған ақсақалдар 5-6 жасында көңіл бөле бастаған. Төле би туралы да оның 9-15 жасында соттық іске араласқаны туралы мағлұматтар бар деп ғылыми әдебиеттерде көрсетеді.

Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болды. Сонымен қатар қазақ құқығын терең меңгеруге тырысты және өздерінің шешендігін әркез шындаумен болды. Осы талаптар деңгейіне көтеріле білген билер соты ғана қазақ даласындағы заңдылықтың «Алтын ғасырының» шынайы бейнесін тудыруға қабілетті еді. Қазақ билері өз аржданы мен сот әділдігін жүзеге асыруда өзге Орталық



Азия хандықтарындағы этникалық аймақтардағы билерден, би-бектерден елеулі түрде өзгешеленеді. Қазақ елдерінің жалпы түркі тілді кеңістіктегі әлеуметтік топтың, оның ішінде билеуші топтың ішінен даралануы қазақ-қыпшақ көшпелі өркениетінің өзіндік ерекшелігі негізінде қалыптасты. Қазақ-қыпшақтардың Ұлы даласындағы билердің дамуы Орта Азия даласының басқа бөліктеріне қарағанда өзгеше жолмен өрбіді. Қазақ билері тек әділ сотты ғана жүргізді, ал көршілес түркі жерлеріндегі «би» титулын иеленушілер елбасының жанында әкімшілік және кеңесшілік қызметтерді атқарған. Қазақ билері көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдағы соттық-құқықтық істе ұрпақтар даналығы мен білімін меңгерген зиялы топ ретінде қалыптасты. Әдет құқығының құқықтық байлығын меңгеру және оны шебер қолдана білу, шешендік шеберлік пен халық білуі – билердің үлкен билік жолына жолдама алуының басты шарты болды. XIX және XX ғасырлар тоғысындағы Қазақ даласында өмір сүрген ұлттық мәдениеттің ірі қайраткері С.Сейфуллин де қазақ биінің болмысы мен табиғатын ерекше сипаттап берген болатын. Ол: «Елдің ескіліктен екшеліп келе жатқан жол-жоба, салт, дәстүр, заң ережелерінің дәстүр жинақтарын, бұрынғылардың шежіресін, өнегелі, үлгілі сөздерін жадына көп тоқып, жатқа айтуға ұстарған, «билігі жүрген» ру басшылардан көсем шыққан, өздері де тұрмыстан туған қорытынды сөздерді әдемілеп жұптап, ұйқастырып айта алатындай болған шешендер – би атанған» – деп жазды.

## 1.2 Би – ол қазақ даласының судьясы

Қазақтың халық ауыз әдебиетінің үлгілерін зерттеушілер қазақтың Ұлы даласында «би» және «шешен» сөздері бір мағына береді, синонимдер деген пікірді бірауыздан мақұлдайды. Шешен деген адамды би дейтін, шешен адам биге айналатын. Арнайы әдебиеттерде «би» сөзі түркі тілінен шыққандығы туралы көзқарас орныққан және ол шығыс билеушілерінің – хандардың, сұлтандардың жанындағы маңызды лауазымды титулды білдіреді. Ол тарихтың әр түрлі кезеңдерінде әртүрлі түркі халықтарында «бек», «бей», «би» деп әртүрлі аталып жүрді. Бірақ әрқашан бұл сөз «билік», «билеу» дегенді білдіреді. Әдетте ол кеңесші, идеолог, ақылшы, дана ретінде бағаланды, бірақ өте сирек жағдайда бек-би мемлекеттегі бірінші тұлға болған еді.

Зерттеуші А. Оразбаева «Би» сөзінің этимологиясы жайлы қазіргі күні бірауызды келісіліп-пішілген тұжырымды пікір жоқ дей келе, бұл мәселеге алғаш көңіл аударған Ш. Уәлиханов «би» сөзінің түбірін көне түркінің «бек» және «бей» сөздеріне тіреп, оның негізгі мағынасы «сотты» білдіретінін атап көрсеткен-ді. Мұнан кейінгі уақытта А. Леонтьев «би» сөзін «билеу» етістігінен туындата келіп, оның «басқарушы» мағынасында қолданылғанын айтса, В.В. Бартольд «би» төркіні «бек» формасында қолданылып, біріншіден, қара халықтан да, билеуші әулеттен де бөлек тұрған «шонжарларды», екіншіден, тайпа немесе рудың жетекшісі ретінде «князьды», үшіншіден, сөздің кең мағынасында кез келген «басқарушыны» білдіреді дейді. В.В. Бартольд тәрізді В. Радлов та «би» сөзінің үш түрлі мағынасын келтірген болатын: «би» – князь, патша (царь), қожайын (господин); «би» - сот (судья); «би» – дана, шешен. Кеңес дәуірінде жарық көрген кейбір сөздіктерде «би» ұғымы

осы В. Радловқа негізделе отырып «билеуші, қожайын, көсем, князь» мағынасында түсіндіріледі.

Аталмыш терминнің шығу тәркініне байланысты С. Аманжолов айрықша көзқарас ұстанады. Оның ойынша, «берік» (мысалы, «ақылға берік» мағынасында айтылатын) сөзінен «бек» («бек мықты»), ал одан «би» сөзі туындайды. Ендеше «бек» сөзі – белгілі, танымал, бекзат ұғымын, ал «би» – сот, судья, билеуші ұғымын білдіреді.

Би, бек институты ескі дәуірден бастап жақсы дамығанымен Шыңғыс хан билеген уақытта олардың ролі төмендегені туралы кейбір деректер кездеседі. Мәселен, «Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты» деген Алтайы Оразбаеваның 2004 жылы шыққан (монография) еңбегінде «XIII–XIV ғасырлар аралығындағы моңғол үстемдігі тұсында бек, би институттары қатаң әскери-әкімшілік жүйеге сүйенген әлеуметтік құрылым тасасында қалып, қоғам өміріндегі өзінің дәстүрлі үлес-салмағын біршама жоғалтып алды. Кезінде қатардағы ру-тайпалардың арасынан шығып, халық алдындағы беделі арқылы қағанға да қарсы шығудан қаймықпаған жекелеген қайраткерлердің көмегімен «ақ киізге көтеріліп, хан сайланған» Шыңғыс хан келе-келе өзі «найзаның ұшы, білектің күшімен» құрған алып империяның түбіне жететін осы ру-тайпа басшылары тарапынан төнер қатер болатынын жақсы түсінсе керек. Моңғол империясының әлеуметтік-қоғамдық өмірі ондық, жүздік, мындық және түмендік қатаң сатылы әскери жүйеге негізделуінің бір сыры осында еді. Ендеше Шыңғыс ханның көзі тірісінде де, кейінгі Алтын Орданың тұсында да сонау ұлы Түркі қағанаты мен одан кейін саяси бірлестіктердің барлығына бірдей тән халық жиналыстары, құрылтайлар, билер кеңестері тәрізді демократиялық институттардың маңызы күрт кеміп, оның есесіне хан тұқымы мен ақсүйек төрелердің жеке билігі

тым белең алып кеткені кездейсоқ емес-ті. Мәселен, Шыңғыс хан сайланған 1206 жылы мен оның үшінші ұлы Үгедей хан көтерілген 1229 жылдар аралығында құрылтай бар болғаны бір-ақ мәрте – 1235 жылы шақырылып, онда да Шыңғыс ханның немересі Батудың Батысқа жорық жасау мәселесін шешкені ғана мәлім.

Шоқан Уәлиханов қазақ әділ сотына берген өзінің жоғары бағасын бір жағынан, бидің жеке тұлғасымен және мәртебесімен байланыстырса, екінші жағынан, әділ соттың іс жүргізудегі қарапайымдылығымен, жариялылығымен және халықтың сипатымен түсіндіреді. Сол кездегі билердің рөлі мен орнын ... жеке еңбегімен мәшһүр болған Гетенің және Шекспирдің аттарымен теңестіреді. III. Уәлиханов қыпшақ-қазақтардың ежелгі даласындағы заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» кезінде маңызды рол атқарған билердің беделін сипаттайтын негізгі белгі-нышандарын да атап көрсеткен болатын. Оларға мыналарды:

а) бидің соттық билігі оның «жеке беделіне» негізделді;

ә) шешендік өнермен бірге соттық дәстүрлерді білуі қазақтарға «би» деген атақты берді;

б) айыптаушыға қарсы күдіктенуден басқа нақты айғақтар болмаған жағдайда билер ант беруді қолданатын;

в) билер соты жария түрде, ауызша өтетін және барлық жағдайда қорғауға жол берілді;

г) билер сотының басты ерекшелігі – оның әртүрлі қатып қалған рәсімдерден аулақтығында;

д) қазақтарда сот көне заманнан бар және бітімгершілік қағидасына негізделеді.

XIX және XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген, еуропаша білім алған Ә.Бөкейханов өз заманындағы сот ісін жүргізуден гөрі ежелгі қазақ даласындағы сот әділдігін жоғары бағалай отырып былай деп жазды: «Бұл

биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады, шарифатқа қарату керек деп біздің молдалар айтады. Біз мұның екеуіне де қол қоймаймыз». Белгілі зерттеушілер Н.Төреқұлов пен М.Қазбеков билер соты мен әділ сот туралы қазіргі заманғы көзқарастар арасынан жақындық іздей отырып: «Осы күнгі айтып жүрген жариялылық, демократиялық, адамгершілік пен гуманистік дегеннің өзі осы емес пе?» деген ойға келеді. Аты әлемге әйгілі ғалым және академик, Ұлттық ғылым академиясының тұңғыш президенті Қ.И.Сәтбаев та «ежелгі билер сотын» жоғары бағалады. Ол өзінің 1927 жылы Мәскеуде жарық көрген қазақтардың дәстүрлі соттық-құқықтық жүйесінен хабар берерлік «Ер Едіге» кітапшасында билердің өз дәуірінде халықтың дана өкілдері болғандығын атап өтті. Ол өз пікірін халықтың «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары, білімі бар» деген қанатты сөзімен нақтылай отырып, «Қазақ сияқты көшпелі елде қашан да ханнан гөрі бидің қадір-қасиеті басым болады», – деп жазды.

### 1.3 Билердің құрлымдық жүйесі

Еламанов Қапаз өзінің Шаңырақ пен Пырақ деген еңбегінде билердің құрылымдық жүйесін көрсетеді. Онда ол «Билер – Ата би, Төбе би, Қатар би, Жеке би, Төтен би, Бала би болып бөлінген».

Ата би – бұрын билік құрған, талай елдік істер мен даулардың тағдырын шешіп, елге танылған, енді қартайып, билік ісін ізіне ерген кіші билерге тапсырған адам. Ол биліктен қарттығына байланысты қалғанымен, кейінгі билер қауымы оны ақылшы, кеңесші ретінде тұтынып, батасын алып отырған.

Төбе би – елдік (мемлекеттік) немесе өңірлік (регион) аумақта сайланып қойылатын қаламыш билер. Мәселен, тарихымыздағы Төбе, Қазыбек, Әйтеке билер өз өңіріндегі (жүздіктерінде) төбе билер болған. Төбе билерді сайлайтын халық емес, билер жиынында сайлаған. Оларды қалаулы, қаламыш билер деп те атаған.

Ал қазақ жұртшылығы бойынша төбе билікке сайланған – Төле би атамыз. Төле бидің төбе билікке сайлануы үлкен талқыдан өтіп барып, іске асқан. Үш жүздің бірнеше билері төбе би сайлауға жиналған деседі. Сонда Ұлы жүз билері: «Біздің атамыздың жасы үлкен (Ақарысты айтады), төбе билер – Төле би болу керек», – депті. Кіші жүздің билері: «Қазақ атамыздың шаңырағы (үлкен үй) бізде, біздің жолымыз үлкен. Сондықтан төбе би – Әйтеке би болсын» деген. Сонда Орта жүздің билері: «Ұлы жүздің үлкен жолы, кіші жүздің үлкен үйлік жолы бар. Бізде еш жолдық құқық жоқ. Сондықтан төбе би – Қазыбек болу керек», – дегенді айтыпты. Осындай кең талқыдан кейін, атақты үш би талқыға салып, төбе билікке Төле биді сайлапты.

Қатар билерге – қазақ билері құрамындағы төбе биден (Төле би) басқалары, яғни бір - бірінен артықшылығы жоқ, тең құқылы билер жатқан. Олар Қазбек пен Әйтеке билер. Сол сияқты әр жүз билері құрамында да төбе және қатар билер болған. Қазақ жүздеріндегі төбе билер – Төле, Қазыбек, Әйтекелер. Олардың қарауындағылар қатар билер санатына кіргізілді.

Жеке би – әрбір ауыл, кіші рулық бөліністе билер құрамы болмаған, олардағы би – біреу (жеке) болған. Жеке билер сайланбаған немесе қаламыш (қалаулы) би деп те аталынбаған. Олар өзінің шешендік қабылетімен, ұнамды, өнегелі ісімен елге танылған, билік ету ісінде сыналған азаматтарды би деп санап мойындаған, сөйтіп олар ел сеніміне сай билік ісін жүргізіп отырған.

Төтен би – екі ел арасындағы кейбір даулы мәселелерді шешіп келуге ел арасындағы билерден таңдама билер тобын құрып, өкілетті етіп жіберілетін билер (төтенше билер деп те атаған). Мұндай төтенше би тобын екі жақ өзінше құрып, кездесуге жібереді екен. Уағдаласқан жерге екі жағынан төтен билері келіп, мәселені талқылап тиісті келісім шешім (билігін) қабылдайтын болған. Аталмыш билер тобы көбінесе ұзаққа созылған даулы істерді шешіп келу үшін жұмсалған. Бұл билер тобы сайланбаған, олар беделді адамдарынан құрылған.

Бала би – билік дәрежесін әлі иеленбеген, билік айтуға талап қылып, өзін әр жерде көрсете бастаған жеткіншек. Ал кейін ондай талапты жастарды үйренсін (стажировка) деп, ірі билер қосшылыққа алып жүрген. Билік ісі жүріп жатқанда, жаңағы бала би мұқият тыңдай отырып, берілген биліктің жетімсіз жақтары болса немесе билік етуші би тоқтаулап қалса бала билер билікке араласып өз билігін айтатын болған. Осы орайда, олардың арасында бірте – бірте елге танылып, шешен билердің бірі болып кеткендері де аз емес. Ертеректегі бір аңызда Төле мен Қазыбек Кіші жүз еліне бір көне дауды тыңдауға келеді. Билердің шешімін тыңдап есік жақта отырған бала: «Асқар тау сенде бір мін бар – елге асу бермейсің, тасқын су сенде бір мін бар – өтуге өткел бермейсің», – деп орнынан тұрып кетіп қалады. Төле би мен Қазыбек би: «мынау тегін бала емес қой» деп шақырып алады да, балаға істің билігін айтуды тапсырады. Баланың берген билігіне екі би риза болысып, оны тағы бір сынау үшін: «Жігіттің жақсысы қандай болады?» – деп сауал қояды. Сонда жаңағы бала: «Жігіттің жақсысы дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген», – депті. Сондағы бала би – Әйтеке еді, ол халыққа осылай танылды. Сол кезде Әйтеке небары он алты жаста ғана

екен. Сөйтіп Әйтеке дана биге айналыпты. Жалпы, қазақ билері тарихында атақты билердің көпшілігі істі бала биліктен бастағаны мәлім.

Зерттеуші Сәкен Өзбекұлы билер сотына қатысты өз ойын былай түйіндейді: «Данышпан қазақ билері сот билігінде нақ орын тапқан әділеттік принципін қалыптастырып, өз тараптарынан іске асырушылар ретінде танылғаны тарихи ақиқат» [19, 59 б.]. Ұлы Төле бидің «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөзі әділеттілік принциптің ұранына айналған еді. Әділеттілік ұғымы мына мазмұнға саяды: Егер бидің шығарған шешімі тек бір жақты риза қылса, онда іс әділетсіз шешілді деп табылып, бидің беделінің түсуіне әкеп соқтырған. Болашақта ондай биге дауласқан адамдар іс қарауға талаптар қоймайтын еді. Осы тұжырымымызды Н. Төрекұловтың «Төле би» деп аталатын кітапшасында көрсетілген бір дерекпен растағымыз келеді. Төле бидің әкесі Әлібек бірде жоғалған бота туралы іс қарап, әділдігін айтпаған көрінеді. Бала Төле әкесінің айтқан билігіне риза болмағандарды қайтадан Әлібектің алдына алып келіп: «Ата, билікке екі жақ бірдей риза болуы керек. Әйтпесе, ол әділ билікке жатпайды», – дейді. Дегенмен де билер істі қарағанда екі жақты татуластырып, екі жақтың да ризашылығын жасаған.

Көшпелілердегі сот билігінің рухани өмір саласымен тығыз байланыстылығын көрсететін тағы бір тұсы – сот процесіне қатысушылардың одан «жеңіп» не «жеңіліп» емес, керісінше «жеңілдеп» шығатындығы.

Қазақ қоғамындағы сот процесінің басты мақсаты – бітімгершілік еді. Яғни, дауласушы не арызданушы жақтарды келістіріп, бітімдестіру. «Дау мұраты – бітім» дейді қазақ. Бұл көшпелі қазақ қоғамындағы сот процесінің негізінде жатқан басты принциптің бірі және оның айшықты да әсем көмкерілген нұсқасы. Бірақ бұл



сөзді жалаң түсінуге болмайды. Мәселе тек дауласушы екі жақтың бітімге келуіне ғана саймайды, бұл принциптің мәні тұңғыықта. Адам ең әуелі өз ары алдында таза әрі пәк болуы керек. Онсыз мәнді де тыныш өмір сүру екіталай нәрсе, тіптен, мүмкін емес. Сондықтан ол өзімен - өзі (өз – ар-ожданымен, намысымен, жан дүниесімен) әрдайым жарасымда болу керек. Адамның сот шешімімен келісуі, сөйтіп дауласушы жақпен бітімге келуі осы іске байланысты өзіңмен өзіңнің үйлесімге келуінің сыртқы көрінісі болуы керек. Яғни, сот шешімі немесе үкімі, ең алдымен, сенің өз шешімің, өз үкімің болуы абзал. Сонда ғана сот өз міндетін атқарады, мұратына жетеді деп есептелуі тиіс.

Бірақ кейбір жағдайда дауласқан жақтың кейбіреуі бидің шығарған шешіміне ықыласы толмауы мүмкін. Бұндай келіспеушілік болған жағдайда шешімге келіспеген жақ сұлтанға немесе басқа биге арыздануға мүмкіншілігі болған. Сұлтан немесе би бұл жағдайда істің мән-жайын толық қарап, егер арызданушы жақтың берген негізі жалған болса және бидің шешкен шешімі дұрыс болса онда сұлтан (би) арызданушыны жазалаған. Ал егер бидің шешімі әділетсіз болса, онда сұлтан арызданушы мен жауапкердің қатысуымен істі сол биге немесе басқа биге қайта қаратқан.

#### **1.4 Ресейге қосылғаннан кейін қазақ халқының билері**

Қазақ халқы Ресейге қосылғаннан кейін билер сотын жою мақсатында әртүрлі әрекеттер жасалды. Соның бірі Орынбордағы шекара сот мекемесін патша үкіметі (өкіметімен) жанынан қазақ өлкесінде 1784 жылы құрылды. Ол Қазақстанда билер сотының қызметін

шектеуге кейбір әрекеттер жасады. Бірақ Қазақстан даласындағы Орынбор шекара соты билер сотында қызметінің әлсізденуіне әкеліп соққан жоқ. Қазақтардың көптеген азаматтық, қылмыстық істері бұрынғысынша билер сотының талқылануы жалғаса берді, патша үкіметінің шекара сотына қазақтардан мүлдем істер келіп түскен жоқ. Кейбір маңызды, жүздер арасында туындайтын қылмыстық істердің санаттары тікелей ханмен және оның кеңесшісімен немесе ірі рулардың сұлтандарымен талқыланды. Қазақ жүздерінің ішіндегі феодалдық-рулық білімпаз өкілдерінің сот билігі 1806 жылы Ресей императорымен бекітілген «Хан кеңесінің ережелерімен» анықталды. Бұл ережелерде «Сот және билік ордада ханға және оның кеңесіне және әдет бойынша жеке рубасшыларына беріледі», – деп көрсетілген. Қазақстанның Ресейге қосылу барысында ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарға дейін сот билерінің қызметінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Белгілі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов жазғандай: «... 1822-ші жыл (Орыстардың) Уставы шықпастан бұрын қазақ билігі (соты) өзінде еді, қазақ өз тентегін өзі тыюшы еді. Ол кезде сайланған би жоқ, қазақтың қадірлі, халық қалаған биі билік айтушы еді. Биге екі жағы келіп жүгініп, бидің шешімі әділ саналып, оны бұзамын деу болмаушы еді. Қазақтың мұндай билері, ілуде біреу болмаса, қиянат билік айтпаушы еді. Егер бірен-саран көріне қате, әділдікке қайшы билік айтылса мұның, дұрыс-терісін хан сынаушы еді. Мұндай билікті хан сынаудан бастап қазақ билігі жоғарылы-төменді дәрежеге (инстанцияға бөлінді). Қазақтың бұрынғы тұрмысы-рәсімі өзгере бастаған соң, халық ру-руға бөлініп көбейе бастап, бытыраңқы тәртіп әр ел шаруасының ыңғайымен әр жерді мекен етіп, бұрынғы жұрт тегіс сыйлайтын тура билер азая бастады...».

Билер сотының соттығына айтарлықтай өзгерістер 1822 жылы «Сібір қырғыздарының Жарғысымен» енгізілді. Осы Жарғыға сәйкес қазақтар арасындағы туындайтын барлық сот істері үш санатқа бөлінді: 1) қылмыстық, 2) талаптық, 3) басқарма істеріне шағымдану. Қазақтарға қылмыстық істер болып: 1) мемлекетке сатқындық жасау, 2) кісі өлімі, 3) тонау мен барымта, 4) айқындалған билікті мойындамау есептелінді. Осы істер бойынша қазақтар жалпы империялық заңдарының негізінде патша соттарында соттасу керек болды. Осылайша сот билерінің соттылығынан (қарауынан) жалпы империялық биліктің негізгі мүдделерін көздейтін маңыздырақ іс санаттары алынып тасталынды. Барлық істер дене зақымдануын қоса алғанда, ұрып-соғу, әшкерелеу, ұрлық, паракорлық, өтірік жеткізіп бару, қасақаналық т.б. істер 1822 жылғы Ереже бойынша «талаптық» деп есептеліп, әдет құқығы негізінде талқыланып, билер сотының соттығына (қарауына) жатқызылды. 1822 жылғы Жарғымен енгізілген билер сотының қарауындағы, жалпы империялық соттардағы өзгерістер осы органдардың қылмыстық құқықтық материалдық нормаларын (ережелерін) қолдануындағы жазалау қызметіне айтарлықтай әсерін тигізді.

Сонымен қатар, 1822 жылғы Жарғымен билер сотының үкімдеріне шағым жасау тәртібі анықталды. Үкімдер шешуші болып есептелген жоқ, үкімдердің бекітілуі - бекітілмеуі тәуелді болған қанағаттанбайтын тарап облыс басшысына шағым беру мүмкіндігі болды.

Мұнымен билер сотының қызметі патша әкімшілігінің бақылауына алынды. Билер соты шешіміне шағым берудің жаңа тәртібі, оның тәжірибедегі рөлінің айтарлықтай төмендеуіне әкеліп соқты.

Атақты қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов көрсеткендей: «Қазақ халқы Россияға түгел бағынғаннан

кейін ауыл арасындағы қазақ әкімдері «аға» және «кіші» сұлтандар деп аталды. Алайда қазақтар соңғы кезге дейін әкімшілік бұйрықтан басқа, бұрынғы ата дағдысынан, яғни әдеттік заңнан айырылған жоқ. Патша үкіметі де бұл заңды бұзбай, дау-шарды шешуді «третейский суд» деп аталатынға тапсырды. Ол сотты жүргізетіндер: сайланған болыс, би, старшын немесе – «ауыл ағалары» болды. Бұлардың бәріне қазақ халқы «билер» деген ат қойды».

«Атақты билердің шығарған үкімдері, тауып айтқан нақыл сөздері өзінен кейінгі ұрпаққа, жеткіншек билерге үлгі-өнеге болған. Мұның өзі сот ісіндегі прецеденттік маңызға ие екенін байқатады. ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін билердің шешімі жазба түрде еш жерде хатқа түсірілмеген. Көбінде ауызша, фольклорлық негізде сақталып келді. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап «билер кітабы» ашылды. Онда сот үкімдері, би шешімдерінің қысқаша мазмұны жазылатын болды. Билердің билігі, үкімдері кейде жеке құжат ретінде толтырылып сақталғандары да бар. Мұндай құжаттарды Қазақстан мен Өзбекстан архивтерінен табуға болады», – деп жазады С.Ахмет.

Қазақ дәстүрлік құқығы түп-төркінінің бірі – билер ережесі. Бұл билер съезі шығарған жетекші қаулы деген сөз. Тарихтағы Сырдария және Жетісу облыстарын басқару (1867 ж.) Қазақ даласын басқару (1868ж.) туралы Уақытша Ережелер қабылданғаннан кейін ел ішіндегі қылмыстық және азаматтық істерді тексеріп қарау үшін бірнеше уезд билерінің төтенше съезі ашылды. Онда істерді тергеп қараудың барлық мәселесі, сот жүргізу және материалдық құқықтың жалпы бастауын жасау тәжірибесі енді. Бұл бастама жазбаша жүргізіліп, съезде істі қарауға қатысқан барлық билер қол қойды. Содан кейін ғана барып ереже заңдық күшіне енді. Ереже өзінің

мазмұны мен формасы жағынан жазбаша заңға жақын келді.

«Қазақ судьялары (билер дегені), – деп жазады белгілі орыс заң зерттеушісі А.Зуев, – съезде сот ісін қарауға кіріспестен бұрын дәстүрлі құқықтағы халықтың әдет-ғұрпын, оның қағидаларын бір-бірінің есіне салады. Біздегі заң нормасымен салыстырсақ, бұл деген сот ісін шешкенде басшылыққа алынуға міндетті басты нәрсе ретінде аңғарылады. Содан кейін өздеріне арнап «Ереже» дегенді жасайды. Бұл дәстүрлік құқық қағидалары тіркелетін жетекші тоқтам. Бұл тоқтам сол съезд судьялары пайдаланатын заң қағидаларының жиынтығы болып есептеледі».

Ережені, оның мазмұнын қарастыру тәртібі хақында граф Пален былай жазған: «Съезге судьялар ең алдымен өз ортасынан төрағаны және оның жолдасын сайлайды. Съезд түрлі уезд билерінен құрылады. Сондықтан бір уездің судьяларынан төраға сайланса, екіншісінен оның жолдасы сайланады. Салт-дәстүрдің орындалуына қарай билер ереже жасауға кіріседі. Яғни, съездге келіп түскен шағымдар мен наразылықты қарау кезінде басшылыққа алатын ережелер жиынтығын шығарады. Бұл ережеде сот жүргізу қағидалары ғана емес, сондай-ақ, қылмыстық, азаматтық, материалдық дәстүрлік құқық нормалары да анықталады», – деген.

Шоқан Уәлиханов орыстардың сот - құқықтық реформасын негізге ала отырып, Қазақ (Қырғыз) билер соты мен орыс губерниясының мировой соттарын салыстырды және оның айырмашылығын көрсетті:

**а) соттың құрылуы бойынша:**

1) Билердің саны белгісіз, ал халық судьяларына келсек, әр халық округында олардың бірнешеуі жұмыс істейді.

2) Билерді формалды түрде ешкім сайламайды және формалды түрде ешкім бекітпейді. Олар, мысалы, Еуропадағы ақындар, ғалымдар мен адвокаттар сияқты, өздерінің беделіне қарай ел ішінде құрметке ие болады. Айталық, Шекспир мен Гетені барлық адамдар ұлы ақындар деп есептейді, бірақ олардың дарындылығы туралы пікір үкіметтің декреттеріне және халықтың формалды сайлауына негізделмеген. Халық судьясы болып сайлану үшін белгілі бір тәртіп пен ценз қойылған.

3) Дауласушы адамдар әділдік іздеп барып жүгінетін би ғана би болады. Ал адамдардың оған жүгінуі үшін оның беделі, яғни ресонанс жоғары болу керек; беделінен айрылған би бұл атағын да жоғалтады. Ал халық судьялары үш жылға сайланады, әрі олар осы қызметте болатын бүкіл уақыт бойы тұрақты құқықтарын пайдаланып, міндеттерін атқарады.

4) Билерге не қазынадан, не халықтан ешқандай жалақы тағайындалмаған, бірақ олар «бидің билігін» алады, халық судьясы болса, оған өзін-өзі асырау және кеңсесі бойынша шығыстарын көтеру үшін земстволық алымнан белгілі бір сома төленуге тиіс.

5) Билердің сиездері кезеңдік емес, олар кездейсоқ өтеді, ал халық судьяларының сиездерінің өтетін мерзімі белгіленеді.

6) Халық судьясы істерді жеке-дара шешеді, ал билер соты дауласушы тараптар оның руластары болғанда және өздері істі бір-ақ бидің шешкенін қалаған жағдайда ғана жеке-дара өтеді.

#### **ә) сот ісін жүргізу бойынша:**

1) Халық судьяларының қарауына мынадай істер жатады: қылмыстық істер бойынша Қылмыстық сот ісін жүргізу заңының 19-бабында белгіленген аса маңызы жоқ қылмыстар мен теріс қылықтар және азаматтық істер бойынша 500 рубльден аспайтын талап-арыздар

(Азаматтық сот ісін жүргізу заңының 1-бабы). Ал билер Қылмыстық заңның 1167-бабында, XV т., 2-кітабы, Жинақтың сол томының 1-кітабының 183-бабына қосымшада, §1, 2-тармағында және 2-жалғасы бойынша осы тармаққа қосымшада белгіленгеннен басқа, барлық қылмыстар мен теріс қылықтарды қарайды, сондай-ақ қырғыздардың өз араларындағы және басқа елдің адамдарымен барлық азаматтық істерді қарайды, егер соңғылары талапкер болып билер сотына бағынатын болса (Қылмыстық заңның XV т., 2-кітабы 1177-бабы және Азаматтық сот ісін жүргізу заңының X томы, II бөлімі, 1133 және 1134-баптары).

2) Билер жеке адамдардың шағымымен немесе полицейлер мен басқа да биліктің хабарлауы бойынша ғана істерді қарауға кіріседі. Ал халық судьялары осындай жағдайлардан басқа, қылмыстар мен теріс қылықтар туралы істерді өздерінің жеке ұйғаруы және анықтауы бойынша қарай береді (Қылмыстық сот ісін жүргізу заңының 24-бабы 3-тармағы).

3) Билер істерді өз тілінде, өздерінің әдет-ғұрпы мен заңдары бойынша талқылайды және шешеді, ал халық судьялары істі жергілікті тілде талқыласа да, өздерінің санасы бойынша немесе империяның жалпы заңдарының негізінде шешеді (Қылмыстық сот ісін жүргізу заңының 28-бабы).

4) Билердің шешімдеріне әркез шағымдануға болады, ал халық судьяларының шешімдері белгілі бір жағдайларда түпкілікті болып саналады және оларға шағым келтіруге болмайды (Қылмыстық заңның 30-бабы және Азаматтық сот ісін жүргізу заңының 3-бабы).

5) Билер барлық істерді жария түрде көпшілік алдында талқылайды, ал халық судьялары азаматтық істер бойынша істерді ғана көпшілік алдында талқылайды (Азаматтық сот ісін жүргізу заңының 5-бабы).

6) Билер соты қарайтын барлық істер бойынша адвокатураның қатысуына жол беріледі, ал істі халық сотында талқылау кезінде азаматтық істер бойынша ғана сенім білдірілген адамдардың қатысатыны айтылған (Азаматтық сот ісін жүргізу заңының 5-бабы).

7) Халық судьялары өздерінің шешімдерін бұған арналған кітапқа енгізеді, ал билердің ондай кітабы жоқ.

8) Билердің шешімдерін сұлтандар, ру басылары мен ақсақалдар орындайды, ал халық сотының түпкілікті үкімін халық судьясының өзі орындайды.

9) Билер сотында факті туралы мәселені (the question of fact) шешу үшін «алқабилердің» қатысуына жол берілетін жағдайлар кездеседі, ал халық соты алқабилерді қажет етпейді.

Қазақтардың билер сотына және халық сотына жасалған осы салыстырудан көрініп тұрғандай, жекелеген мәселелер бойынша үлкен айырмашылықтың болуына қарамастан, халық соты жалпы идеясы мен практикалық идеясы жағынан қазақтардың билер сотымен көп жағдайда ұқсас болып келеді, тек қана халық сотының формалды жақтары мен бюрократтық белгілері неғұрлым көп. Ең болмағанда қазақтарға қатысты билер сотының халық сотына қарағанда кейбір артықшылықтары бар және де дамудың жоғары және төмен деңгейінің ұқсастығын назарға алсақ, бұл таң қалдырмайды. Егер біз тым асырып отыр деген кінә тағылмайды деп қорықпайтын болсақ, билер сотының абсолютті артықшылығы бар деп айтар едік.

Сонымен бұл параграфты қорыта келе ұлы даланың әдет-ғұрып жүйесі, мәдени дәстүрлері болып табылатын Қазақтың ата-зандары қаншама ғасырлар бойы тікелей және жанама түрде әртүрлі мемлекеттер тарапынан қысым көріп, олардың идеологиясының әсерін сезінсе де өзінің таңқаларлық өміршеңдігін көрсетті. Әрине қазақ



қоғамы осындай күштердің әсерінен елеулі түрде өзгеріске ұшырап отырған, бірақ оның құқықтық мәдениетінен тіл мәдениетін ешкім, ешбір күш тіпті өзгерте алмады. Олар бұндай қиын-қыстау жағдайларда да тек өзін-өзі сақтап қоймай, іштей күшке ие болып, нығайып отырған.

Қазақ қоғамындағы билер соты біріншіден, өз шешімдерін әдет-ғұрып негіздеріне сүйене отырып әділ түрде шығарған. Және оның заңдық күшін халық жоғары деңгейде бағалап, әрқашан орындап отырған. Екіншіден, би атағы халықпен берілген және ол атақты алу үшін алдымен жас кезінен бастап ол ақсақалдар мен билердің сынынан өткен. Осы сында оның шешендігі және әдет-ғұрып заңдары мен ата-заңдарын жетік білетіндігі қаралған.

Автор билер сотының негіздерін қарай отырып, оған мынадай тұжырым жасайды, **билер соты** – бұл қазақ этносындағы жалпы құқық жүйесін байланыстыратын сот негіздерін іске асыруда кәдімгі құқық жиынтығы негізінде құрылған әдет - ғұрып пен салт - дәстүр негіздеріне сүйене отырып, істі әділ шешетін тұлға екенін көрсеттік.

## 2 КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ҚҰРЫЛҒАННАН КЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ ЖЕТІЛУІ

### 2.1 1917 – 1937 жылдардағы Кеңестік сот жүйесін реформалау

1917 жылғы демократиялық қазан төңкерісінен кейін, социалистік мемлекет құру барысында ескі сот жүйесін қысқарта отырып, оның орнына жаңа сот жүйесін құруды алдына мақсат етіп қойды. Сөйтіп, ең алғашқы рет Кеңес өкіметі сот құрылысы жөніндегі № 1,2,3 декреттерді қабылдады.

Бұған дейінгі, яғни, қазақтардың Ресейге қосылғаннан кейінгі сот жүйесіне қысқаша тоқталып кететін болсақ, олар екі түрде қызмет етті:

1) Жалпы империялық сот – бұны, мемлекеттік сот жүйесі деп таныды. Бұл органдарға – мировой судьялар, аумақтық (окружной) соттар, сот палаталары және әскери-сот комиссиялары жатқызылды. Демек бұл органдар қазақтардың аса ауыр қылмыстарын және адамдардың арасындағы заңға қайшы қақтығыстарын Ресей империясының заңдарына сүйене отырып шешті.

2) Жергілікті халық соттары – бұл билер соты. Бұл орган қазақтардың арасындағы пайда болған кішігірім қылмыстық және азаматтық істерді әдет-ғұрыпқа және мұсылмандар заңдарына сүйене отырып шешті.

Пролетариаттық төңкерісінен кейін, кеңес өкіметінің ең алғаш рет сот құрылысы туралы №1 декретті 1917 жылы 24 қарашада қабылдады. Бұл сот туралы декретте жергілікті соттарды және революциялық трибуналдарды құру қаралған болатын. Яғни, жергілікті соттар өз қызметін тұрақты судьядан және екі халық заседательдерінен тұрады деп көрсетті. Судьялар және

халық заседательдері демократиялық принцип негізінде сайланды.

Сот құрылысы туралы №1 декретте жергілікті соттардың қылмыстық және азаматтық істерді қарай алатынын және олардың қылмыстық іс бойынша екі жылға дейін, ал азаматтық істер бойынша 3000 рубльге дейінгі айып салатын істерді шеше алатындығын атап көрсетті. Осы жергілікті соттың шешімдеріне келіспеген жағдайда, кассациялық инстанция қызметін жергілікті уездік судьялар кеңесінің съезінде қаралды.

Ал, революциялық трибуналдың құрамында бір төраға мен губерниялық және уездік жұмысшылар кеңесінің арасынан және шаруалардан, солдаттардан депутат болып шыққан алты халық заседательдері сайланды. Революциялық трибуналдар – революцияға қарсы шыққандармен, пара алушылармен және де басқа қылмыстармен күресу үшін құрылды.

Сот құрылысы жөніндегі №1 декретті толықтыру немесе дамыту барысында өз жалғасын №2 және №3 декреттер де айтарлықтай үлес қосты.

1918 жылы 22 ақпанда жарияланған сот жөніндегі №2 декретте ең алдымен соттың атын – «Жергілікті халық соты» деп өзгертті және бұл соттардың ауыр қылмыстық істерді немесе азаматтық істерді кең ауқымда қарау үшін олардың өкілеттілігін кеңейтуді алдына мақсат етіп қойды. Сөйтіп округтік соттардың мүмкіндіктерін молайтып, қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі бөлімдер ашты. Сатылы кезеңге негізделген сот инстанцияларын құрып, сот жүйесін мынадай құрылымға ыңғайлады. Төменнен алып қарағанда:

- 1) Жергілікті халық соты;
- 2) Аймақтық (окружной) сот;
- 3) Облыстық сот;
- 4) Жоғарғы бақылайтын сот.

Сот құрылысы жөніндегі №2 декрет, №1 декретті толықтыруда оған шынайы демократиялық негізгі принципті енгізді. Демек оған сот ісін көпшілік халықтың тұратын тілінде жүргізу, сайлаушылар өз шешімдерімен судьяны ауыстыру, істің жариялылығы, істі ауызша жарыссөз арқылы жүргізуі, сот шешімдері мен үкімдеріне шағым беру және де тағы басқа қағидаларды бекітті.

Сот құрылысы туралы №2 декреттің ең негізгі ерекшелігінің бірі болып – істі қараған уақытта халық заседательдерінің дауысы шешуші дауыс болып саналды, өйткені, төраға етуші көп жағдайда бұрынғы бітімгер (мировой) судьяның маманы болып табылатын. Демек жұмысшылар мен шаруалардың ортасынан шыққан халық заседательдері бұрынғы бітімгер (мировой) судьяның заңдылық білімін және тәжірибесін пайдалана отырып, оның қызметін бақылады.

Облыстық сот окружной соттың шешімдерін кассациялық тұрғыда қарады. Ал жоғарғы сот болса, осы соттардың істерін Мәскеуден бақылап отырды.

1918 жылы 10 шілдеде V Бүкілресейлік Кеңестер съезінде Ресей Социалистік Федеративтік Кеңестер Республикасының Конституциясы қабылданды [31]. Бұл кеңес мемлекетінің бірінші Конституциясы болатын. Соның артынша 1918 жылы 23 шілдеде сот құрылысы жөнінде №3 декретті қабылдады. Бұл декрет бұрынғы қабылданған декреттерді толықтырды және жергілікті халық сотының сот әділдігін жүргізудегі ролін кеңейтті. Осы декрет бойынша жергілікті халық соты мен аймақтық (окружной) соты істеріндегі соттылықты айырып ашып көрсетті. Яғни, аймақтық (окружной) соттар қарайтын істеріне мыналарды жатқызды: адам өміріне қарсы қылмыстар, әйел зорлау, қарақшылық (разбой), бандитизм, пара алу, алыпсатарлық (спекуляция), ақшаларды қолдан жасау сияқты

қылмыстарды қарады. Ал жергілікті халық соттары болса – 10 000 рубльге дейінгі айыппұл салатын азаматтық істерді, 5 жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыратын қылмыстық істерді қарай алады деп көрсетті. Және бұл декретте облыстық сот пен жоғарғы бақылау сотын алып тастап, олардың орнына Мәскеуден азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі кассациялық бөлімді ашты.

Сөйтіп ескі сот жүйесі реформаланып оның орнына басқа сот құрылымы жасалды. Бірақ та ескі мемлекеттік жүйеде сот істерін жүргізуге бейімделген судьялар, билер, Кеңес үкіметінің ұсынған сот жүйесін бірден мойындай қоймады. Кеңес үкіметі шығарған қаулыларға, декреттерге мойынұсынбай наразылық білдірді. Орал, Алматы, Қызылорда және де өзге Қазақстан аумағындағы соттар өздерін тәуелсіз сот деп жариялап, Кеңес үкіметіне қызмет жасаудан бас тартты. Осындай қарсылық әрекеттерді одан әрі болдырмаудың алдын алған әскери революциялық комитет 1917 жылғы 28 қарашадағы қоғамдық мекемелер, мемлекеттік шенеуніктер халықтың бұдан былайғы өміріне, елдің өскелеңдігіне үгіт-насихат жасаса, «Халық жауы» деп танылсын деген бұйрық берді. Одан кейінгі Түркістан Республикасының Юстициясы Халық Комиссариатының 1918 жылғы сәуірдегі қаулысында «Сот қызметін атқарып жүргенде үгіт-насихат жасап, мемлекеттік іске араласпаса революциялық соттың трибуналына беріледі» , – деп ашық айтты.

Қалай дегенмен де Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңіндегі сот жүйесі қым-қуыт (безвластность), аласапыран кезде белгілі бір бағыт-бағдарда ойдағыдай жұмыс жасамады. Жоғарыдағы аталған сот жөніндегі №1,2,3 декреттер сот өндірісіндегі процессуалдық іс жүргізудің ережелерін, бағыт-бағдарын бір жүйеге келтіре

алмады. Бұл кемшілік 1918 жылғы 23 шілдеде (РКФСР) Юстиция Халық Комиссариатының «Жергілікті халық соттарының іс-әрекетін ұйымдастыру» жөніндегі нұсқауында атап көрсетілді. Осы пәрменді құжаттан кейінгі Қазақстан аумағындағы Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Қарағанды және Түркістан өлкесіне қарайтын Жетісу, Сырдария облыстарындағы уездерге халық соттары жедел түрде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 1918 жылдың тамыз айына дейін облыс, уездерге қарасты аймақтарда 63 жергілікті халық соттары құрылып үлгірген болатын. Ақмола облысында – 5, Семей облысында – 8, Орал губерниясында – 4, Торғай облысында – 11, Жетісуда – 16, Сырдарияда – 9, Қарағандыда – 1, Атбасар уезінде – 2, Көкшетауда – 2, Петропавлда -3 жергілікті халық соттары құрылып, кеңестік саясат негізінде сот ісіне кірісті [26, 63-64 бб.]. Бірақ та бұл кездегі құрылған халық соттары азаматтық соғыс жылдары кезінде өз міндеттерін уақытша ғана атқарды. Аталған бұл соттармен қатар революциялық трибуналдар да құқықтық тәртіпті қорғау негізінде сот істеріне араласты. Сонымен бұл соттармен қоса революциялық трибуналдар революцияның алғашқы кезінен (1917ж.) бастап өз қызметтерін іске асырған болатын.

Әскери революциялық трибуналмен бірге құқықтық қызметті революциялық трибуналдар да атқарды. Революциялық трибуналдардың құрамын және олардың жанындағы тергеу комиссияларының құрамын, сондай-ақ олардың алты заседательдерін жұмысшы, шаруа, казак және қызыл әскер депутаттарының кеңесі сайлады.

Революциялық трибуналдар жанынан ұйымдастырылатын тергеу комиссиялары алдын ала тергеу жүргізу және қамауға алу, тінту, қағаздарды алып

кою, мүлікті тәркілеу және де газеттерді жабу құқығына ие болды.

Революциялық трибуналдар жанынан сонымен қатар айыптаушылар алқаларын да құрды.

Азамат соғысы кезінде халық екіге бөлініп, екі түрлі идеологиялық көзқарас қайшыласқан, тап күресі шиеленіскен бұл кезде бір-біріне жауыққан «ақ пен қызылдың» өкілдері қоғам алдында бірін-бірі тілдері жеткенше жамандап, өз үндерін халыққа жария ету үшін баспасөздің мүмкіндігін сарқа пайдаланды. 1918 жылы 28 қаңтарда Халық Комиссар Кеңесі «Баспасөздегі революциялық трибунал туралы» деген декрет жариялады. Декреттің қысқаша мазмұнына тоқталып кетсек, кеңес өкіметіне қарсы айтылған пікірлерді қолданушы баспасөздер, қазан төңкерісінің жетістігін теріс түсіндіріп, іріткі салушы тап жауларының саяси көзқарастарын жақтайтын және халықты оған қарсы айдап салу идеясы бар мақала жариялау – қылмыс ретінде танылып, мұндай істерге революциялық трибуналдар үкім шығарып отырсын делінді.

Қазақстан аумағында ең алғашқы рет революциялық трибунал 1917 жылы 28 желтоқсанда Ақмола облысында құрылды. 1919 жылдың екінші жартысына дейін Орал, Семей, Бөкей облыстарында және Түркістан республикасының құрамындағы Жетісу, Сырдария облыстарында революциялық трибуналдардың саны өсті.

1919 жылғы 4 ақпанда қабылданған «Әскери революциялық трибуналдар туралы» ережесі бойынша олардың шығарған үкімдерін шағымдануға жатпайды және бұл шығарылған үкімдерді 24 сағат ішінде орындалуы тиісті деп бекітті. Демек бұл шешімдерді тоқтату тек қана әскери революциялық Кеңес пен Жоғарғы әскери революциялық трибуналдың мүмкіншілігінде деп белгіледі.

1919 жылы Қазақстанда сот органын ұйымдастыру үшін Қырғыз (қазақ) революциялық комитеті әрбір кеңес үкіметі орнаған уездерге кеңестер жанынан жергілікті юстиция бөлімін ашты және бұл органды басқару Қырғыз (қазақ) әскери революциялық комитетінің юстиция бөліміне берілді. Ал 1920 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құрғаннан кейін, бұрынғы Қырғыз (қазақ) әскери революциялық комитетінің юстиция бөлімін, Юстиция Халық Комиссариаты деп қайта ұйымдастырды.

1923 жылы губерниялық соттың құрылуына байланысты сот басқармасының қызметі губерниялық сотқа жинақталды. 1928 жылы губерниялық сотты, облыстық сот деп қайта құрғаннан кейін, сот басқармасының қызметі облыстық сотқа көшіп, ол 1937 жылғы Қазақ ССР Конституциясы қабылданғанға дейін өз қызметін іске асырды.

Қазақстан үшін тарихи даталы екі кезең бар. Демек ол, 1918 жылғы 20 сәуірде Кеңестік Социалистік Түркістан Автономиялық республикасының құрылуы. Яғни қазіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары осы Түркістан автономиялық республикасы құрамында өздерінің мемлекеттік басқару органдарын, заң орындарын, сот билігін жаңа қоғамдық негізде құрды. Ал 1920 жылдың 26 тамызы күні БОАК пен Совнарком Автономиялық Кеңестік Социалистік Қырғыз (қазақ) Республикасын құру жайлы тарихи декретін шығарды. Мұның өзі қазіргі Қазақстан аумағындағы бүгінгі таңға дейін қолданылып келген әр сатыдағы соттардың республика көлемінде жұмыс жасауының алғышарттарын бекітіп берді. РСФКР құрамында автономия болғандықтан барлық инстанцияларына жоғарыдан жарлық беру Мәскеулік үкіметтің қолында болды. Осы ретте 1918 жылғы 30



қарашада шыққан «РСФКР-дағы халық соттарының ережелері» деген заң құжаты бірыңғай кеңестік сот жүйесін ыңғайлауға айтарлықтай үлес қосты. Оның атқарар іс-әрекетін айқындап берді. Ал Қазақстан үшін 1919 жылы 10 шілдеде Қазақ өлкесін басқару жөнінде құрылған Революциялық комитет Қазақстандағы соттарды мына төмендегідей жүйеледі:

1. Аралық (третейский) сот
2. Уездік халық соты
3. Аймақтық (окружной) сот
4. Революциялық трибунал

«Аралық (третейский) сот» ең төменгі сатыда билік жүргізді. Ол ауылдық, болыстық атқару комитеті негізінде құрылып Қазақ, Өзбек, Ұйғыр және де тағы басқа халық арасында өрбіген мүліктік дау-шараларды қарап шешті. Басқа ұлттардың арыз-шағымын қарауға да мүмкіндік алды.

Бұл «Аралық (третейский) сот» жеңіл-желпі жасаған қылмыстарды, яғни, 1 000 рубльге дейін айыппұл салу істерін қарай алды. Ал азаматтық істерді қарауға шек қойылған жоқ.

Аралық (третейский) соттар дауларды шешу үшін әдет-ғұрып заңдарына сүйенді. Бұл соттардың шешімдері жергілікті кеңесте сақталатын арнайы кітапша жазылды және бұл соттардың шешімдерін уездік халық соттарына шағымдануға болады деп көрсетті.

Одан кейінгі сатыда уездік халық соты билік етті. Уездік сот революциялық трибуналдың соттылығына жататын істен басқа, азаматтық және қылмыстық істерді қарады. Аралас халық тұратын жерде уездік халық соты екі бөлім негізінде құрылып қазақ және орыс тілдерінде іс жүргізген болатын. Уездік соттың қазақ бөлімін, уездік Кеңес съезінде, бір судья мен екі халық заседательдерін сайлады. Бұл органға қазақтардың арасындағы дауларды

әдет-ғұрып заңдарына сүйене отырып шешуге мүмкіншілік берді.

Қылмыстық және азаматтық істерді қарағанда оған орыс, қазақ сот қызметкерлері және басқа халықтың өкілдері уездік бірлескен сот мәжілісінде тең дәрежеде қатысып отырды.

Қазақ өлкесін басқарудағы революциялық комитет жанындағы уездік халық соттарының шығарған үкімдерін аймақтық (окружной) халық сотының қазақ және орыс бөлімдеріне шағымдануға болатындығын көрсетті.

Келесі сот инстанциясына аумақтық (окружной) соттар кірді. Бұл сот революциялық комитеттің жанына құрылды. Яғни, онда орыс, қазақ бөлімдері екі тілде іс жүргізді. Онда іс кассациялық инстанция бойынша жүргізілді. Бұл сот негізінен біркелкі кассациялық ұйым негізінде болды да, жергілікті халық соты кеңесінің орнын ауыстырды. Ал контрреволюциялық қылмыстардың барлығы революциялық трибуналда қаралып, үкім шығарылды.

1920 жылдың қазан айында Бүкілқазақстандық кеңестердің құрылтай съезі халық соттарын одан әрі нығайтуды, сот аппараттарын жетілдіру, Қазақстанның барлық аумақтарында бірыңғай халық соттарын құруды тиянақтап берді. Соның нәтижесінде 1920 жылдың соңында мынадай халық соттарымен тергеу участкілері құрылды. Орынбор, Торғай облысында – 25 сот, 11 тергеу участкісі; Омбы губерниясында (ол кезде қазақ өлкесіне қараған) – 31 сот, 10 тергеу участкісі; Орал губерниясында – 29 сот, 7 тергеу участкісі; Бөкей губерниясында – 5 сот, 2 тергеу участкісі; Семей губерниясында – 39 сот, 35 – тергеу участкісі; Жетісу облысында – 42 сот, 21 тергеу участкісі; Сырдария облысында – 58 сот, 24 – тергеу участкісі; Адай уезінде – 2 сот, 1 тергеу участкісі құрылып, сот істерін жүргізді.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін 1921–1925 жылдары халық шаруашылығын қайта құру негізінде, сот аппараттарын қайта қалыптастыру қажеттілігі туды. Демек кеңес үкіметі юстиция мен сот органдарын күшейтуді алға мақсат етіп қойды. Осыған орай 1922 жылы РСФКР (РСФСР) «Сот құрылысы» туралы ережесін қабылдады. Бұл ереженің бірінші бабы бойынша РСФКР территориясында мынадай сот жүйесі қызмет атқарды.

1. Халық соттары (құрамында бір судья мен екі халық заседательдері);
2. Губерниялық (облыстық) сот (екі бөлімнен құрылды – азаматтық және қылмыстық сот алқасы және азаматтық, қылмыстық кассациялық алқа);
3. РСФКР Жоғарғы соты (құрамында Төралқа (Президиум), Пленум, қылмыстық және азаматтық кассациялық алқалар, азаматтық және қылмыстық сот алқалары, әскери, көлік және тәртіптік алқалар кірді).

Халық соты өз қызметін белгілі бір ауданда немесе участікте жүргізді.

Ал губерниялық сот болса екі түрде қызмет атқарды: біріншіден, арнаулы іс бойынша сот әділдігін жүргізетін орган, екіншіден, өз аумағына кіретін барлық халық соттарын басқарушы орган деп саналды.

РСФКР (РСФСР) Жоғарғы соты республика соттарының қызметін бақылап отырды. Губерниялық (облыстық) сот органы қараған істерді шағымдануына байланысты кассациялық тұрғыда қарауға құқық берілді. Сонымен қатар, Жоғарғы сот бірінші саты негізінде маңызды азаматтық және қылмыстық істерді қарайды деп көрсетті.

Жаңа құрылған Кеңес үкіметінде 1922 жылы 31 желтоқсанда елеулі өзгерістер болды. Өйткені, сол

жылдың 31 желтоқсаны күні Одақтас республикалар құрылып, КСРО-ның салтанатты құрылған датасы тарихта мәңгілікті құжат есебінде бекітілді. Осы негізбен барлық одақтас республикалар мен РСФКР (РСФСР) құрамындағы Автономиялық республикалар мемлекеттік мәртебелерін белгілеп қайта құрды.

Жаңа құрылған «сот жүйесі» туралы заң бұрынғы екіге бөлінген халық соты мен революциялық трибуналдарды бір жүйеге келтірді.

Сөйтіп, 1922 жылы РСФКР-да «Сот құрылысы» туралы ереже негізінде Қазақстан аумағында соттардың іс-әрекеттерін айқындап, Қазақ АССР-нің Юстиция халық комиссариаты 1923 жылғы 17 қаңтардағы циркуляры жүзеге асты. Онда БОАК-тың арнайы жіберген телеграфтық бұйрығына орай құрамында төраға және екі орынбасары бар губерниялық сот барлық губернияда құрылғанын, жергілікті халық соттарын қайта құрғаны жайлы, сондай-ақ соттарды білікті судьялармен тұрақты түрде қамтамасыз етіп, халық заседательдері үнемі бірлесіп қызмет атқаратыны туралы жауап жолдаған.

1923 жылдың алғашқы айларында барлық Одақтас республикаларда Жоғарғы сот құру туралы БОАК-тың нұсқаулары шықты.

1923 жылдың сәуір айында БОАК Төралқасының қаулысы бойынша Қазақстанда «РСФКР Жоғарғы Соты бөлімін» құрды. РСФКР Жоғарғы соты Қазақ бөлімінің құрамына мыналарды кіргізді: Төралқа (Президиум), Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқа, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы. Төралқаның құзыретіне: Жоғарғы сот бөліміндегі сот мүшелерінің атқаратын міндеттерін айқындап, бөліп беру; арнайы тағайындалған сот құрамымен сот ісі жөніндегі алқа ісін жеке дара қарады; Жоғарғы сот бөлімі бойынша мәліметтерді жинақтап және де сот алқасының

мәліметтерін қарап бекітті; Республика прокурорының ұсынуы бойынша облыстық соттардың істерін арнайы тексерді және де осы тексеру қорытындыларын талдап бекітті; Республика прокурорының жеке хабарлауымен және тексеру қорытындысы есебімен Қазақ Жоғарғы сот бөлімінің сот мүшелеріне және губерниялық (облыстық) соттың төрағалары мен олардың орынбасарларының үстінен өндірістік тәртіпшілік іс қозғады. РСФКР Жоғарғы сот бөлімінің кассациялық алқасы: губерниялық (облыстық) соттың бірінші сатысында қараған қылмыстық істерді, кассациялық тұрғыда екінші саты есебінде қарады. Ал, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы: мемлекетке қатысты негізгі қылмыстық істерді бірінші саты тұрғысында қарады.

РСФКР Жоғарғы сотының қазақ бөлімі, тек қана жоғарғы қылмыстық сот қызметін атқарды. Ал азаматтық істер жөніндегі халық соттарының шешімдерін кассациялық тұрғыда азаматтық істер жөніндегі губерниялық (облыстық) соттың кассациялық алқасы қарады. Губерниялық (облыстық) сот шешімімен тек қана РСФКР Жоғарғы сотының азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқасы қарай алады деп белгіледі. Тек 1925 жылы РСФКР Жоғарғы сотының қазақ бөлімінде азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқа мен сот алқасы ашылды.

Қазақстанда сот жүйесін қайта құру 1923 жылдың қаңтар айынан сәуір айына дейін жүргізілді. Мәселен, осы жылдың наурыз айына қарай Орынбор, Ақтөбе, Орал, Ақмола, Семей, Бөкей және Қостанай губернияларында сот жүйесін қайта құру аяқталды. Және осыған байланысты қазақ өлкесінде халық соттарының саны – 138 участікте, ал тергеу аппараттарының саны – 101 участікте құрылғанын көре аламыз, – дейді М. Шаламов өз еңбегінде.

Алғашқы КСРО Конституциясы Орталық Атқару Комитетінің II сессиясында қабылданды. Ол 1924 жылы 31 қаңтарда КСРО II съезінде бекітілді.

1924 жылы 29 қазанда КСРО Орталық Атқару Комитетінің 2-ші сессиясында «КСРО сот құрылысы және Одақтас республика негіздерін» бекітті. Бұл бекітілген негіздер «Сот құрылысына түпкілікті өзгерістер әкелген жоқ». Тек республикалардың Жоғарғы соты, КСРО Жоғарғы сотына мәлімет беріп, бір орталыққа бағынған заңдылық негізде сот ісін жүргізуді үрдіске айналдырды.

### **Кеңес өкіметінің 1926 жылғы сот жүйесін жетілдіру негіздері**

1925 – 1926 жылдары Кеңес өкіметінің алға қойған мақсаты Социалистік заңды күшейту болып табылады.

Сөйтіп, 1926 жылдың 19 қарашасында РСФКР Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің бекітуімен жаңа «сот құрылысы» туралы ережені қабылдады. Бұл ережеде сот алдына мына мәселелерді мақсат етіп қойды:

а) Пролетариат революциясының жеңісін сақтап қалу, жұмысшы шаруалардың билігін және құқықтарын күшейту;

б) Еңбекші ұйымдардың заңды мүдделерін қорғау;

в) қоғамдық-еңбекшілерді құқықтық тәрбиелеу және олардың ынтымақтастығын күшейту;

г) Азаматтардың жеке және мүліктік қатынастарын революциялық заңмен реттеп отыру.

Бұл ережеге сәйкес Қазақстанда сот органдарының төмендегідей жүйесі көзделді: 1) Халық соттары; 2) Губерниялық соттар; 3) РСФКР Жоғарғы сотының қазақ бөлімі және осы соттармен бірге әскери трибуналдар мен мамандандырылған соттар қызмет етті. Мамандандырылған соттарға: Жер дауларын шешу үшін – Жер комиссиялары, мемлекет пен мекемелердің,

кәсіпорындардың мүліктік қатынастарын реттеу үшін – Төрелік комиссия құрылды.

Осы «сот құрылысы» туралы ержеге байланысты, бір жүйеге келтірген сот жүйесінің негізгі буыны – халық соты болып табылды.

Халық судьясы болып, мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдарда екі жыл жұмыс стажы бар немесе үш жыл юстиция органында тергеуші қызметін атқарған адам, судьялық қызметіне сайлануға құқылы деп көрсетті. Ал халық заседательдеріне сайлау болса, жалпы еңбекшілер жиналысында сайлану құқығы бар азамат сайланды. Яғни, халық заседательдеріне сайлану құқығы бар дегеніміз – бұрын сотталмаған немесе сотталғанмен де сотталғандығы толық жойылған азаматты жатқызды.

1926 жылдың басында Қазақстан Республикасында 172 халық соттарының участкісі болды. Демек бұл соттар орташа есеппен алғанда 33 мың халыққа қызмет көрсетті. Ал 1928 жылдың 1 қазанында халық соттарының саны – 256 участкіге өсті. Демек оның ішінде 139 – қазақ тілінде, 94 – орыс тілінде, 5 – өзбек тілінде, 2 – ұйғыр тілінде, 4 – қарақалпақ тілінде, 12 – орыс-қазақ аралас тілдерінде сот істерін жүргізді.

1926 жылы РКФСР «сот құрылысы» туралы ереже губерниялық сотқа онша көп өзгеріс әкелген жоқ. Демек осы ережеде көрсетілгендей, «губерниялық сот тек сот органын бақылап қана қоймай, сонымен қатар губерниялық сот мекемесіне қатысты барлық тергеушілерді, нотариаттарды, сот орындаушыларын, сот тілмаштарын, қорғаушы алқаларын бақылады». Губерниялық сотта негізінен төраға, оның екі орынбасарлары (азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі) және сот мүшелері қызмет етті. Губерниялық сот төрағасы мен оның орынбасарлары губерниялық сот төралқасын (президиумын) құрады. Губерниялық сот

мүшелерін және оның төралқасын губерниялық атқару комитеті бір жылға сайлап, оны Юстиция Халық Комиссариаттары бекітті. Яғни, губерниялық сот қызметіне сайлану үшін, бұрын сот қызметінде екі-үш жыл тәжірибелік стажы болуы тиіс деп көрсетті.

1926 жылғы «сот құрылысы» туралы ережесінде губерниялық соттың төралқасы (президиум) мен пленумның қызметтерін ашып көрсетті. Демек Төралқа (президиум) губерниялық соттың және осы мекеменің бақылауына жататын барлық органдардың жұмыстарының дұрыс атқарылуын және де олардың заңды бұлжытпай орындауын қадағалады. Пленум құрамына губерниялық сот мүшелері мен губерниялық прокурор немесе оның орынбасары кірді. Пленум сот ісіне қатысты барлық заңдардың түсініксіздігін және олардың жетіспестігін қарап қадағалап отырды. Губерниялық сот бірінші саты тұрғысында лауазымды адамдардың, жеке мүліктік қатынастардың ауырлығына немесе өте ауырлығына байланысты істерді қарады. 1928 жылы жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымға байланысты губерниялық сот жойылып, оның құзіреті аумақтық (окружной) сотқа көшті. Аумақтық (окружной) сот құрылысы, губерниялық сот құрылысын қайталады. Аумақтық соттар Семейде, Қарқаралыда, Павлодарда, Ақмолада, Петропавлда, Қостанайда, Ақтөбеде, Оралда, Қызылордада, Алматыда, Сырдарияда, Гурьевте, Адаевскіде құрылды.

1926 жылы 18 қаңтарда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен РСФКР Халық Комиссариаты Кеңесінің Қаулысымен РСФКР Қазақ бөлімінің Жоғарғы сот құрылымына өзгертулер енгізді. Яғни, бұрынғы 1923 жылғы 11 сәуірде қабылданған ережені толықтырды. Демек қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқа мен сот алқасына қосымша азаматтық істер жөніндегі



кассациялық және сот алқасын енгізді. Бірақ бұл азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқа тек 10 мың рубльден аспайтын істерді қарады. Ал көп мөлшердегі сумманы әлі де болса РСФКР Жоғарғы соты қарады.

Қазақ бөлімі Жоғарғы сотының төралқасы (президиум) қызметін, 1926 жылғы «Сот құрылысы» туралы ережені едәуір кеңейтті. Мәселен, төменгі сатыдағы соттарға ревизия жүргізу, бұрынғыдай тек қана прокурордың белгілеуімен емес, Жоғарғы сот бөлімінің ынтасымен де (инициатива) жүргізе алатындығын көрсетті. Сонымен қатар Жоғарғы сот бөлімінің төралқасы (президиум) губерниялық соттар төрағасының және губерниялық прокурорының үстінен тәртіптік іс қозғай алады деп белгіледі.

Жоғарғы сот қазақ бөлімінің төрағасы мен оның орынбасарларын Қырғыз (Қазақ) АССР Орталық Атқару Комитетінің ұсынуымен, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы (президиум) бекітті.

1928–1932 жылдары Қазақстанда әкімшілік-аумақтық құрылымға байланысты, аумақтық сот органы 1930 жылы жойылды. Сөйтіп, республикамызда сот жүйесі тек қана халық соты мен РКФСР қазақ бөлімінің Жоғарғы соты негізінде қызмет етті. Міне, содан кейін барып 1932 жылы Қазақстанда бірнеше облыстар, артынша облыстық соттар құрылды. Яғни, республикамызда сот жүйесінің 3 буыны белгіленді.

Облыстық соттар халық соттарының үкімдері мен шешімдерін кассациялық тәртіппен қарай алады деп көрсетті.

1926 жылғы «сот құрылысы» туралы ереже, 1937 жылдың аяғына дейін өзгеріссіз қалды.

## 2.2 1937 жылдан бастап Кеңестік сот жүйесін реформалау

1937 жылы 26 мамырда қабылданған Қазақ ССР Конституциясының 83 бабында мынадай сот жүйесі белгіленді:

- 1) Халық соты;
- 2) Облыстық сот;
- 3) Қазақ ССР Жоғарғы соты;
- 4) Аумақтық сот
- 5) КСРО-ның арнайы соты

Сонымен қатар осы конституцияға негіздей отырып, 1938 жылы 16 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің 2-сессиясында Одақтас республикалар мен автономиялық республикалардың «Сот құрылысы туралы» КСРО заңын қабылдады.

Халық соты басқа сот органдарына қарағанда халыққа бір табан болса да жақын, сондықтан да бұл сот органын сот жүйесінің негізгі буыны деп қарады. Халық соттарының әрбір ауданда құрылу санын, Қазақ ССР Юстиция Халық Комиссариатының ұсынуымен ҚазССР Халық Комиссарлар Кеңесі белгіледі.

Азаматтық, қылмыстық істерді қарайтын халық соттарының участкісі барлық аудандарда болды. Атап айтқанда, халық соттарының ролі артып, оларды ұйымдастыру барлық аудандарда кеңінен өрістеді. Мәселен, 1936 жылы Қазақстан бойынша 223 халық сотының участкісі іс жүргізсе, 1937 жылы Конституция жарияланғаннан кейін оның саны 240-қа дейін өсті. Ал 1938 жылы Қазақстан бойынша 287 халық соттарының участкісі 192 аудан бойынша сот ісін жүргізген. Ал облыстық соттардың саны 1937 жылы 8 ғана болса, жаңадан құрылған облыстардың есебінен 1940 жылы 14-ке жетті.

Қазақ ССР Конституциясының (1937 ж.) 88 - бабында көрсетілген: «Халық соттарының судьяларын, аудан халқы жалпыға тән төте және тең сайлау құқығымен жабық дауыс беру арқылы 3 жыл мерзімге сайлады. Халық соттарына судьялардың кандидаттарын және халық заседательдердің кандидаттарын ұсынуға еңбекшілердің қоғамдық ұйымдары, коммунистік партиялары, кәсіподақ ұйымдары, жастар ұйымдары және мәдениет ұйымдарының жалпы жиналысы құқықты болды».

Халық соттары өзіне тиесілі барлық азаматтарды және қылмыстық істерді жүргізді. Яғни, қылмыстық іс бойынша халық соттары 10 жылға дейінгі жазалау істерін қарады.

Қазақ ССР Конституциясының 87 - бабында және сот құрылысы туралы заңның 30 - бабында көрсетілгендей облыстық сот құрамына: Қылмыстық істер алқасы және Азаматтық істер жөніндегі алқасы кірді. Облыстық сот төрағасын, сот мүшелерін және халық заседательдерін еңбекшілердің облыстық депутаттарының кеңесі 5 жыл мерзімге сайлады.

Облыстық сот алқасы 1-ші саты есебінде мынадай істерді қарай алады деп белгіледі: революцияға қарсы қылмыстар, социалистік мемлекеттің мүлкін талан-таражға салу және лауазымды адамдардың қылмыстары мен шаруашылық қылмыстар. Ал азаматтық істер жөніндегі алқа болса, мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың, мекемелердің арасындағы пайда болған дауларды қарап шеше алады деп көрсетті.

Облыстық соттың екі алқасы да кассациялық саты негізінде күшіне енбеген халық сотының шешімдері мен үкімдерін, прокурордың протестерін қарады. Және халық сотының қызметтеріне бақылау жүргізіп отырды.

1938 жылы «Сот құрылысы» туралы жаңа заңдағы ережелерге байланысты облыстық соттардың іс қарау құзырындағы төралқа мен пленум өткізу қысқартылып, қадағалау тәртібін Республика Жоғарғы соты мен КСРО Жоғарғы сотының қарауына берілген болатын. Оған қоса осы сот құрылысы туралы заңы облыстық соттың тек сот әділдігімен айналысатынын көрсете отырып, оның құзырындағы соттың басқару қызметін жойды.

Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты Конституциясындағы 85-баптың талабына сай республикадағы барлық сот істеріне билік етті. Аталған бапта «Қазақ ССР-ның Жоғарғы соты Қазақ ССР-індегі ең жоғарғы сот органы болып табылады. Қазақ ССР-нің Жоғарғы сотына Қазақ ССР-індегі және облыстық сот ұйымдарындағы барлық сот істері мен қызметтерін қадағалау жүктелген» деп көрсетілген. Мұнда еске сақтар бір нәрсе – Қазақстан аумағындағы арнайы соттардың сот ісін және олардың қызметтерін қадағалау КСРО Жоғарғы сотының қарауында болғаны.

Республика Жоғарғы сотының құрамын Қазақ ССР-ның Жоғарғы Кеңесі 5 жылға сайлады. Оның құрамына төраға, төрағаның орынбасары, Жоғарғы соттың мүшелері және халық заседательдері енді. Қазақ ССР Жоғарғы сотының құрамында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы және азаматтық істер жөніндегі сот алқасы іс жүргізді. Аталған екі сот алқасы Жоғарғы соттағы тең дәрежедегі, өз еркімен іс жүргізетін ұйым болып табылды. Өзінен төменгі сатыдағы соттардың ұйғарымдары мен шешімдерін, үкімдерін қадағалау тәртібімен заңдылық күшіне енген істерді қайта қарауды жүзеге асырды. Сондай-ақ Қазақ ССР Жоғарғы сотының Төрағасы мен Қазақ ССР Бас прокурорының наразылығымен облыстық соттардың заңдылық күшіне енбеген ұйғарым мен шешімге, үкімге наразылық

келтірілген шағымдар бойынша істі қайта қарауға құқық берді.

Арнайы соттарды КСРО Жоғарғы Кеңесі сайлады және олар Қазақ ССР сот жүйесін ұйымдастыруда ешқандай байланыста болған жоқ. Демек Қазақстан аумағындағы арнайы соттардың қызметтерін қадағалау КСРО Жоғарғы Сотының қарауында болды. Арнайы соттарға: әскери трибуналдар, линиядағы темір жол соттары мен судағы көліктер соттары (суды водного транспорта) жатқызылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген сот қызметкерлерін әскерге шақырып, майданға аттандырды. Атап айтқанда, Кеңес әскерлерінің қатарына 1942 жылы 130 халық соттарының судьясы, 31 облыстық соттың мүшесі соғысқа аттанса, ал 1943 жылы 77 халық сотының судьясы, 13 облыстық сот мүшесі майданға кеткен. Олардың орнын майданнан жараланып қайтқан заң мамандары немесе өзге партия ұйымының қызметкерлері ауыстырған.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін 1946 жылы республикамызда 317 халық соттары жұмыс жасаған. Демек оның ішінде 75-сі қалада, 207 – аудандық жерде және 35-сі поселоктерде қызмет етті.

Соғыс жылдары көптеген мамандандырылған судьялар майданға аттану салдарынан сот қызметіне, судьялыққа арнайы заң мамандығы жоқ кадрлар лажсыздан алынған болатын. Бұл үрдіс соғыстан кейінгі жылдары да саябырлай қойған жоқ. 1946 жылы Қазақстандағы сот ұйымдарында жоғарғы заң білімі бар мамандар бар-жоғы 5-ақ пайыз болды. Орта дәрежелі білімі бар – 14, қысқа мерзімді заң курсы бітіргендер – 45, заңгерлік білімі жоқтар – 36 пайызды құраған.

Сондықтан да партия мен үкімет заңгерлік оқу орындарын көбейтуді және күшейтуді алдына мақсат етіп

қойды. Сөйтіп, 1946 жылы 5 қазанда «елімізде заңгерлік білімді кеңейту және күшейту» деген партия Орталық Комитетінің қаулысы шықты. Осыған байланысты 1946 – 1953 жылдары еліміздің жоғары оқу орындарында жоғары заң білімі бар – 20 878 маман шықты.

1948 жылдың аяғында Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің Төралқасы «Қазақ ССР халық соттарын сайлау туралы ережесі» қабылданды. Бұл ереже бойынша халық соттарының судьяларын 23 жасқа толған Қазақ ССР азаматтарын аудан тұрғындары жалпыға тән төте және тең сайлау құқығымен жасырын дауыс беру арқылы 3 жыл мерзімге сайлады.

Бұл ереже 1958 жылға дейін қолданылды. Сөйтіп, 1958 жылы 25 желтоқсанында Қазақ ССР «сот құрылысы» туралы заңын қабылдап, онда Қазақ ССР Жоғарғы сотын, облыстық сотын, аудандық (қалалық) халық сотын бекітті. Осының артынша Қазақ ССР халық соттарын сайлау туралы ережесі 1959 жылы қабылданды. Бұл ереже бойынша аудандық немесе қалалық халық соттарын, 25 жасқа толған, Қазақ ССР азаматтарын аудан немесе қала тұрғындары жалпыға тән төте және тең сайлау құқығымен, жасырын дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге сайлады. Ал аудандық (қалалық) халық соттарының заседательдерін сол ауданның жұмысшылары мен шаруаларының жалпы жиналысында 25 жасқа толған Қазақ ССР азаматтарын ашық дауыспен 2 жылға сайлады. Демек 1960 жылы 18 желтоқсанда халық соттарының сайлауы өткеннен кейін 357 адам халық соттарының судьясы болып сайланды.

Облыстық сот республикамыздың сот жүйесінің ең негізгі орнын алды. Сондықтан облыстық сот мүшелерінің мамандықтарына көп көңіл бөлінді. Демек 1940 жылы облыстық сот қызметкерлерінің 40 пайызында ғана заңгерлік білім болса, ал 1959 жылы олардың барлық

қызметкерлерінде де заңгерлік мамандығы бойынша білімдері болды.

1954 жылы 14 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесі «Одақтас республикалар мен автономиялық республикалардың Жоғарғы Кеңесі «одақтас республикалар мен автономиялық республикалардың Жоғарғы соты құрамында және өлкелік, облыстық соттарда, автономиялық облыстарда төралқа құру туралы» Жарлық қабылдады. Осыған орай 1955 жылы 25 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы облыстық соттардың төралқасының іс қарау тәртібін бекітті. Онда заңдық күшіне енген халық соттарының ұйғарымдары мен шешімдеріне, үкімдеріне келтірген наразылықтарды сот тәртібімен қадағалап қарау, сондай-ақ облыстық соттардың сот алқалары өздері шығарған ұйғарымдары бойынша шешім қабылдау құқығы берілді.

Сонымен, 1958 жылғы Қазақ ССР «Сот құрылысы» туралы заңында белгіленгендей облыстық сот құрамына: а) азаматтық істер жөніндегі сот алқасы, б) қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы, в) сот төралқасы (президиум) кірді.

1958 жылғы қабылданған сот құрылысы туралы жаңа заңының 42 - бабында көрсетілгендей Қазақ ССР-ның Жоғарғы Соты құрамына: азаматтық істер жөніндегі алқа, қылмыстық істер жөніндегі алқа, Жоғарғы сот төралқасы, Жоғарғы сот Пленумы енді.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы республика аумағындағы сот істеріне қолданылатын заңдар бойынша соттарға түсінік беруді, статистикалық мәліметтерді сараптап көрсетуді, сот тәжірибесі туралы талдау жасаған материалдарды қарап ұсыныс енгізуді, республика Жоғарғы соты Төралқасының шығарған қаулысына берген наразылықтарды қарауды және Жоғарғы сотының әрбір сот алқасының қызметі туралы алқа төрағасының

жасаған (есептік) баяндамасын тыңдауға құқылы болды. Және сонымен қатар, Қазақ ССР Кеңесінің төралқасына маңызды мәселелер қою құқығын иеленді.

Қазақ ССР Жоғарғы сот Төралқасы құрамы Төраға және оның орынбасары мен мүшелерінен құрылды. Төралқа Қазақ ССР Жоғарғы сотындағы сот алқаларының шығарған ұйғарымдар мен шешімдеріне, үкімдеріне келтірген наразылықтарды қарады. Және оған республика прокуроры немесе оның орынбасары міндетті түрде қатысты.

1938 жылғы сот құрылысы туралы заңына байланысты Қазақстандағы барлық сот органдары (халық соттары, облыстық және Жоғарғы сот), тек сот әділдігін жүзеге асырды. Ал сот қызметтерін ұйымдастыру мен оларға жағдай жасауды (кадрларды дайындау, халық судьясына сайлауды ұйымдастыру, соттарды қаржыландыру) Қазақ ССР Юстициясы Халық Комиссарлары мен облыстық еңбекші кеңес депутаттарының жанындағы Юстиция Халық Комиссарларының басқармасына берілді. Бұл орган (наркоюст) 1946 жылы Қазақ ССР-ның Әділет министрлігі болып қайта құрылды.

1960 жылы 1 маусымда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы «Қазақ ССР-нің Юстиция министрлігін қысқарту туралы» Жарлығын қабылдады. Министрлік сот мекемелері жөніндегі басшылық қызмет Қазақ ССР Жоғарғы Сотына берілді. Ал жергілікті соттардың ұйымдастыру ісіне облыстық соттар басшылық етті.

Қазақстандағы сот ісін ұйымдастыру, облыс, аудандағы халық соттарына қажетті құрал-жабдықтар мен қаржылай қамқорлық көрсету әр сатыдағы сот мекемелерінің міндетіне кірді. Бұл құзыретті Жоғарғы сот он жыл қатарынан атқарып келді.



## 2.3 Кеңес өкіметінің 1970 жылғы сот жүйесін реформалаудың құқықтық негіздері

1970 жылы Одақ бойынша Әділет министрлігін құру туралы пікір туындап, осы жылдың 31 тамызы күні ССР Жоғарғы Кеңесінің «Одақтас республикаларда Әділет министрлігін құру туралы» қаулысы шықты. Одан кейін 1970 жылдың 27 желтоқсанында «СССР Министрлер Кеңесінің Одақтас республикаларда Әділет министрлігін құру мәселесі жөніндегі» №960 қаулысы жарияланды. Осы қаулыны негізге алған Қазақ ССР Министрлер Кеңесі 1970 жылдың 30 желтоқсанында «Қазақ ССР-нің Әділет министрлігін құру және оның жергілікті органдарын ұйымдастыру мәселесі туралы» № 799 қаулысын шығарды.

Қаулыда көрсетілген тәртіп бойынша Қазақ ССР Жоғарғы сотындағы облыстық, аудандық халық соттарының штаттық кестесі, нотариалдық контор, оларды материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесі, жасау-жабдықтары, өзге де материалдық құнды заттары Әділет министрлігіне берілді.

1970 жылдың екінші жартысынан бастап, заман талабына сай келетін жаңа конституция жариялауға тура келді. Сөйтіп, 1977 жылы 7 қазанда КСРО Конституциясын, артынша 1978 жылы 20 тамызда Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясын қабылдады. Қазақ ССР Конституциясында белгіленгендей, Қазақ ССР соттарына мыналарды жатқызды: Қазақ ССР Жоғарғы Соты, облыстық соттар және Алматы қалалық соты, аудандық (қалалық) халық соттары.

Қазақ ССР-інде барлық судьялар мен халық заседательдері сайланып қойылу негізінде құрылды.

Аудандық (қалалық) халық соттарының халық судьяларын ауданның (қаланың) азаматтары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде, жасырын дауыс беру жолымен бес жыл мерзімге сайлады. Ал аудандық (қалалық) халық соттарының халық заседательдерін азаматтардың өздері жұмыс істейтін немесе тұрғылықты жерлердегі олардың жиналыстарында ашық дауыс беру жолымен екі жарым жыл мерзімге сайлады.

Облыстық соттар мен Алматы қалалық сотының судьялары мен халық заседательдерін 5 жыл мерзімге халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық кеңестері сайлады. Және сонымен қатар «Судьялар мен халық заседательдерін сайлаушылардың немесе өздерін сайлаған органдардың алдында жауапты, олардың алдында есеп беріп отырады және заңмен белгіленген тәртіп бойынша оларды кері шақырып ала алады», – деп белгіленді.

Қазақ ССР Жоғарғы соты Қазақ ССР-нің ең Жоғарғы сот органы болып табылады және Қазақ ССР соттарының сот істерін жүргізу қызметін қадағалап отырды. Қазақ ССР Жоғарғы сотының Төрағасын, оның орынбасарларын, мүшелерін және халық заседательдерін бес жыл мерзімге Қазақ ССР Жоғарғы Кеңестері сайлады.

Халық заседательдері сот әділдігін жүзеге асыру кезінде судьяның барлық құқықтарын пайдаланды.

Қазақ ССР-інде сот ісі қазақ немесе орыс тілдерінде және сол жердегі халықтың көпшілігі сөйлейтін тілде жүргізілді. «Сот ісі жүргізілген тілді білмеген адамдар іске қатысқанда, өзінің ана тілінде сөйлеуге және істегі материалдармен танысуға тілмаш алуға құқылы», – деп көрсетілді.

1990 жылдың басында елімізде үлкен өзгеріс болды. Яғни, 1990 жылдың 24 сәуірінде Қазақ ССР Жоғарғы

Кеңесінің Төрағасы Н.Назарбаевты «Қазақ ССР Президенті қызметіне тағайындап, Қазақ ССР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №6 – XII заңы шықты [33, 20 б.].

1991 жылы тамыз төңкерісінен (августовское событие) кейін, біріккен мемлекеттер ыдырап КСРО құрамынан шыға бастады. Сөйтіп 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы өзін тәуелсіз мемлекет екендігі жөнінде дүние жүзіне жариялады.

Сөйтіп 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдады. Бұл Конституция өтпелі кезеңге тән, бұрынғы шыққан Конституциялық заңдар мен ережелерді жинақтай келе Қазақ ССР-гі мемлекеттік өкімет пен басқарудың құрылымын жетілдіру барысында жаңа қоғамға лайықты Конституция еді.

1993 жылғы Конституцияда 16-тарау сот билігіне арналды. Осы Конституцияның 95-бабында Қазақстандағы сот билігі Конституциялық Сотқа, Жоғарғы Сотқа және Жоғарғы Төрелік сотқа, сондай-ақ заң бойынша құрылатын төменгі соттарға тиесілі екендігін атап көрсетті. Онда: «Ешқандай өзге органның, лауазымды немесе өзге адамның сот билігі міндеттерін өз мойнына алуға қақысы жоқ», – деп белгіленді. «Конституциялық сот – Қазақстан Республикасы Конституциясы жөніндегі сот билігінің жоғарғы органы деп танылатынын» атап, белгілеп берді.

Еліміздің қазіргі уақытта қолданып жүрген Конституциясы 1995 жылғы тамыздың 30-да, бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Бұл Конституцияның қабылдану себебі дейді, Конституциялық Кеңес мүшесі Николай Акуев «...Конституциялық реформаның аяқталмағандығы». Сонымен қатар Н.Акуев, 1993 жылғы Конституцияға

енгізілген сот жүйесі бұрынғы Кеңестік «Конституцияда... қалыптасқандығын және оның сот-құқықтық реформасына жол ашқызбағандығын» атап көрсетті.

1995 жылғы қабылданған Конституцияға түбегейлі өзгерістер енгізілді. Демек Конституциялық және төрелік соттар таратылып, соттарды қалыптастырудың жаңа тәртібі белгіленді. Судьялар мәртебесі жаңартылып, халық заседательдерінің институты жойылды.

Сөйтіп 1995 жылы 20 желтоқсанда сот құрылымының құқықтық реформасы негізінде, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» жарлығы шықты. 84 баптан тұратын бұл Жарлық республикадағы тәуелсіз сот билігі мен судьялардың мәртебесі туралы әлемдік өркениеттегі құқықтық нормаларға сай келетін жаңаша заңдар ережесі жасалып бекітілді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің аталған Жарлығы жойылып, 2000 жылы 25 желтоқсанда №132 –II «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Бұл Конституциялық заң бойынша көптеген өзгерістер енгізілді. Бұл жөнінде біз басқа параграфтарды қараған уақытта кездестіреміз.

Сонымен, бұл параграфты қорыта келе қазан төңкерісінен кейінгі КСРО құрылған уақыттан бастап осы күнге дейін мемлекетіміздің тарихында бес конституция болғанын көре аламыз. Ол конституцияларда көрсетілген сот жүйесінің сол уақыттағы өмір талабына сай өз қызметтерін атқарғанын айтуға болады.

### **3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ СӨТ ЖҮЙЕСІ**

---

#### **3.1 Қазақстан Республикасы өз егемендігін алғаннан кейін жаңа сот жүйесінің құрылуы**

XX ғасырдың соңғы 10 жылдығында тарихта және саясатта елеулі өзгерістер болғанына куәгерміз. Демек Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен мемлекеттің егемендігі туралы декларациясы 1990 жылы 25 қазанда қабылданды. Мұнда «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең тұрмыс жағдайын жасауға ұмтыла отырып, республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп санай отырып, жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі еркін билеу құқығын тани отырып, қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып, ізгілікті демократиялық құқықтық мемлекетті құруға бел байлауды негізге ала отырып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялайды және осы декларацияны қабылдайды», – деп көрсетті.

Артынша бір жылдан кейін 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданып, Қазақстан мемлекеті өз тәуелсіздігін жария етті. Онда былай деп жазылды: Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде күллі аумақта бүкіл өкімет билігіне ие болды, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес аяқтап, өзі жүзеге асырады. Дербес мемлекет ретінде Қазақстан

Республикасы халықаралық көлемге шығарады, өзінің басқа мемлекеттермен қатынасын халықаралық құқық нормалары негізінде құрады. Бұрынғы Қазақ ССР-нің аумағы тәуелсіз жаңа мемлекеттің аумағы деп танылады. Бұл аумақ бөлінбейді және оған ешкім қол сұға алмайды деп жариялайды. Ұлттардың азаматтары енді біртұтас Қазақстан халқы болып танылады. Мемлекеттік өкімет Қазақстан халқының еркін білдіреді. Мемлекеттің өкімет билігінің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуі қағидасы тұңғыш рет танылады деп бекітілді.

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші сайланған тоғызыншы сессиясында дербес, тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Конституциясын қабылдады. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтуда, халыққа қызмет ететін, азаматтардың кең көлемді құқықтары мен бостандықтарын тағы басқа жариялаудағы халықтың еркін білдіретін мемлекеттік жаңа органдар құруға бұл Конституцияның зор маңызы болды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы жаңа мемлекетте пайда болған проблемаларды білдіре алмады. Ондайлар қатарына мемлекеттік, экономикалық өмірдің, адам құқығы мен бостандықтарының мәселелері және тағы басқалары жататын еді. Басқару жүйесі туралы мәселе де тиянақты шешілген жоқ. Жоғарғы Кеңестің өкілдігіне шек қойылмады. Ал мұның өзі оны Президенттің Үкіметтің істеріне араласуына әкеліп соқты. Президенттің құқықтары шектеулі болып, соның салдарынан ол реформаны жүзеге асыру жөнінде өз бетінше дербес саясат жүргізе алмады. Конституция экономикалық реформаны жүргізу жөніндегі тағы басқа жұмыстарда кідіріс туғызды. Сондықтан қоғамдық өмірдің өзі конституцияны қайта қарау туралы мәселені

алға тартты. Президент Н.Назарбаевтың басшылығымен жаңа Конституцияның жобасы әзірленіп бүкілхалықтық талқылауға салу үшін баспасөзде жарияланды. Талқылау барсында жоба бойынша көптеген ескертулер айтылды. Олардың ең елеулі дегендері ескеріліп, жоба тағдырын шешу үшін халыққа ұсынылды. Бүкілхалықтық дауыс беруінің (референдум) нәтижесінде 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

Өлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған тәуелсіз Қазақстанның тарихында жаңа кезең, саяси жаңарту кезеңі басталды. Елімізде құқықтық демократия қанат жайды. Бұл халықтың көңіліне сенім қуаныш ұялатқаны даусыз. Өйткені демократия халық билігіне жол ашты.

Қазіргі кездегі мемлекеттің маңызды ерекшелігі азаматтарды мемлекеттік және қоғамдық істерге тартуды қамтамасыз ететін, шын мәніндегі, демократиялық қоғам құру болып табылады. Бірақ оған жетудің өзі оңай емес. Мәселен, Британия 1640 жылы демократиялық жолға түсуді бастап 1918 жылы аяқтады, Швеция 1890 жылы бастап 1920 жылы аяқтады, ал Түркияда 1945 жылы басталып осы күнге дейін ол процесс жүріп келуде. Ал біздің Қазақстан Республикасы демократиялық жолдан тез арада сүрінбей өтеді деген сенімдеміз. Ол үшін Қазақстанның барлық мүмкіншілігі бар да және жеткілікті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабында: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» десе, ал осы конституцияның 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады...» деп атап көрсетілген. Мұның мәні неде? Оның мәні бәрінен бұрын ізгілік іргетасының қалануында, яғни азаматтың, жеке адамның бостандығы,

ар-ожданы, намысы қамтамасыз етіліп, қорғалады. Бұл – халықтың, қоғам мен мемлекеттің өмірінде заңның үстем болуы арқылы қол жеткізілетін нәрсе. Ол адамның құқығы мен бостандығының, бейбітшілік азаматтық қоғам құруды және ұлтаралық татулықты, сондай-ақ өзі және өз ұрпақтары үшін лайықты өмір сүруді қамтамасыз етеді. Құқықтық мемлекетте мемлекет пен оның органдары Конституцияның 3-бабында тиянақталған, заңмен белгіленген өкілеттік шеңберінде әрекет етеді.

Құқықтық мемлекеттің ұлы жетістігі мемлекет өз органдарының әрекеті үшін жауап беретін, ал азаматтар мемлекет алдындағы жауапкершілік сезімін толық сезінетін мемлекет пен жеке адамның арасындағы өзара міндеткерлік болып табылады. Құқықтық мемлекетте заңдармен басқа да нормативті актілерді жүзеге асыру барысындағы күшті қадағалау мен бақылау маңызды. Заңдардың бұрмалануына ешқандай да жол берілмеуі тиіс.

1993 жылғы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңестің он екінші сайланған тоғызыншы сессиясында қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясында мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде тұңғыш рет 16 - тарауда «сот» деген атаумен «сот билігі Конституциялық сотқа, Жоғарғы сотқа, Төрелік Сотқа және заң бойынша құрылатын төменгі соттарға тиесілі», – деп белгіленді.

Конституциялық сот Қазақстан Республикасы Конституциясын қорғау жөнінде сот билігінің Жоғарғы органы болып табылды және Жоғарғы Кеңес қабылдаған заңдардың, ҚР Президентінің және Министрлер Кабинетінің шығарған жарлықтары мен қаулыларын және басқа да министрліктері мен ведомстволардың қабылдаған құжаттарының Конституцияға сәйкестігін қадағалап отыратын сот билігі болып табылады. Арнайы Конституциялық сот жүйесін Европа мен Азия елдерінің



конституциясынан көруге болады. Мәселен, Ресей Федерациясында – Конституциялық сот (РФ Конституциясының 125-бабында), Румынияда – Конституциялық сот (Румыния Конституциясының 140–145-баптарында), Испанияда – Конституциялық сот (Испания Конституциясының 159-165 баптарында), ФРГ-де Федералдық Конституциялық сот (ФРГ-нің негізгі заңы 93-94 - баптарында) және Моңғолияда – Конституциялық сот (Моңғолия Халық Республикасы Конституциясының 64-67- баптарында) көрсетілген.

Конституциялық соттардың негізгі құзыретін үш топқа бөліп қарауға болады, – дейді Ресей Федерациясының заңгерлері Гаджиев Г.А., Кряжков В.А.

Бірінші топқа, конституциялық актілердің конституцияға сәйкес екендігін тексеруді жатқызады. Яғни, Федеративтік мемлекеттерде және штаттарда заңдардың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сай екенін бақылау.

Екінші топқа, лауазымды адамдардың әрекеттерінің конституцияға сай екенін бақылау. Яғни, конституциялық бақылаумен қоса олар қосымша мынадай міндеттерді атқарады:

- мемлекеттің жоғарғы органдарының таластарын, жанжалдарын қарайды және шешім шығарады.

- Республика Президентінің және Парламент депутаттарының сайлауын өткізу туралы референдумды белгілейді.

- Президентке және үкіметке тағылған айыпты қарайды және шешім шығарады.

Үшінші топқа, жалпы соттың шешімдерінің конституцияға сай екендігін бақылап отырады.

Конституциялық сот Жоғарғы сот сияқты қылмыстық және азаматтық істерді қарамайды, ол еліміздің Конституциясын қорғау жөнінде, сот билігінің Жоғарғы

органы ретінде мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан, қоғамдық бірлестіктерден дербес әрі тәуелсіз және ол тек қана Қазақстан Республикасының Конституциясына бағынды.

Қазақстан Республикасының Конституциялық соты он бір мүшеден тұрады: соттың Төрағасы, оның орынбасары және мүшелері. Конституциялық сот Төрағасын, оның орынбасарын және мүшелерін Республика Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы Кеңес он жыл мерзімге сайлады. Демек осыған ұқсас негізде шетел конституцияларына көз жүгіртетін болсақ, Испания Конституциясында «Конституциялық сот он екі мүшеден тұрады және оларды король тағайындайды, – деген. Олардың ішінде бестен үшін көпшілік дауыспен Конгресс ұсынса, екі мүшесін Үкімет және екі мүшесін сот билігінің Жоғарғы Кеңес ұсынады», – деп белгілеген. Ал Моңғолия Халық Республикасында «Конституциялық сот тоғыз мүшеден тұрады және оларды Жоғарғы (Великий) мемлекеттік Хурал тағайындайды, – деген. Яғни олардың ішінде үш-үш мүшеден Республика Президенті мен Жоғарғы сот органы ұсынатындығын» көрсеткен. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының мүшесі болу үшін, мынадай талаптар қойылды: «Қазақстан Республикасының азаматы 35 жасқа толған және 60 жастан аспаған, Қазақстан аумағында тұратын, жоғарғы заң білімі және осы мамандық бойынша кемінде 10 жыл жұмыс стажы бар азаматтары сайлана алады». Ал Конституциялық соттың төрағасы болу үшін мемлекеттік тілді және ұлтаралық тілді білуге және республика аумағында 10 жыл тұрған азамат бола алады деп көрсетті. Демек бұл Қазақстан Республикасының даму тарихында бұрын-соңды болмаған, Конституциялық бақылауларды жүзеге асыратын сайлаулы негізінде құрылған арнайы орган

болып табылды. Осы жерде тағы бір айта кететін мәселе – Қазақстан Республикасының Конституциялық сотының Төрағасы мен оның орынбасары ҚР Президентінің ұсынуымен Жоғарғы Кеңес Комитеттерінің мәжілісінде талқылану арқылы сайланды. Демек, бұл жерде біздің ойымызша, заң шығарушы билігі мен атқарушы билігінің Конституциялық сот жүйесінің ішкі әкімшілігіне араласқанын көріп отырмыз. Яғни, осыған мысал есебінде кейбір шетелдердегі Конституциялық соттың тәжірибелерін алып қарайтын болсақ, мәселен, Испанияда сот пленумының мәжілісінде жасырын дауыс беру арқылы Конституциялық сот Төрағасын сайлайды. Ал оның орынбасарын (вице-председатель) осы Конституциялық сот құрамы Төрағасының төрағалық ету мерзімі негізінде сайланатынын көрсетеді. 1953 жылғы 1 наурыздағы Италияның Конституциялық Сот туралы ережесінің 6-бабында көрсетілгендей: «Конституциялық сот Төрағасы осы сот мүшелерінің көпшілік дауысы арқылы сайланады. Ал оның орынбасарын Төраға керек деп санаған уақытта ғана арнайы мерзімге тағайындалады», – деп көрсетті. Ресей Федерациясының «Конституциялық сот туралы» 1994 жылғы 24 маусымдағы мемлекеттік Думаның қабылдаған заңы бойынша «Конституциялық соттың Төрағасын және оның орынбасарын, сот-секретарын (хатшысын) соттың пленарлық мәжілісінде жасырын дауыс беру арқылы, көпшілік дауыспен 3 жыл мерзімге сайланады», – деп көрсетеді Ж.Н.Баишев өзінің «Конституцияны сотпен қорғау» деген еңбегінде.

Сөйтіп 1992 жылы 5 маусымда «Қазақстан Республикасының Конституциялық сот» туралы және «Қазақстан Республикасының Конституциялық сот істерін жүргізу» жөніндегі заңы қабылданғаннан кейін, осы жылдың екінші шілдесінде Республикамыздың

бірінші Конституциялық сотының құрамы сайланды және бұл ҚР Конституциялық соты судьяларының қызметіне араласуға және оған бөгет жасауға жол берілмейтіні жөнінде заңда белгіленді (15 - бап, 1 - бөлімі). Конституциялық Сот судьясының мәртебесі депутаттық мандатпен, саяси партияға және саяси мақсаттарды көздейтін өзге де қоғамдық бірлестікке мүшелікпен, кез келген өзге қызметті атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен сыйыспайды және оларға тек қана шығармашылық, ғылыми және оқытушылық қызметпен айналысуға мүмкіншілік берді.

Конституциялық соттың судьялары өкілеттігі шегінде ауыстырылмайды, олардың өкілеттігінен айыруға, өкілеттігін шектеуге, жұмыстан босатуға болмайды, делінген болатын. Ал шетелдердің тәжірибесінде Конституциялық сот мүшелерін ротация принципі негізінде, сайланған немесе тағайындалған мерзімнің жартысын атқарған соң, мүшелерінің жартысын ауыстыратынын көруге болады. Мәселен, Румынияда Конституциялық сот мүшесінің үштен бір құрамы 3 жыл сайын ауыстырылып отырады. Кейбір елдерде деп көрсетеді Ж.Баишев Конституциялық сот мүшелері қайта сайланады немесе бұл құрамда қайта сайлануға жол берілмейді.

Конституциялық соттың судьясын Жоғарғы Кеңестің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға, ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға болмайды. Конституциялық соттың судьясына қатысты қылмыстық істі, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы соттың қарауына жататын істерді Бас прокурор ғана қозғауы мүмкін және осы қозғалған істерді тек Жоғарғы сот қана қарап жүргізе алды. Бас прокурордың рұқсаты және белгілі бір судьяға қатысты іс жүргізуге байланысты

рұқсат болмайынша Конституциялық сот судьясының тұрғын үйіне қызмет орнына, жеке немесе өзі пайдаланатын көлігіне кіруге, оны тексеру, тінту жүргізуге, затын алып қоюға; судьяның жеке өзін тексеруге немесе тінтуге, сол сияқты оған тиесілі заттар мен құжаттарды тексеруге немесе алып қоюға заңмен тыйым салды. Ол үшін ең алдымен Жоғарғы Кеңестің келісімі қажет болды.

Ал Қазақстан Республикасы Конституциялық сот судьяларының өкілеттігін Жоғарғы Кеңес оның Төрағасының ұсынысы бойынша төмендегі реттерде тоқтатты: судьяның орнынан түсу туралы өтінішін қанағаттандыру, ол туралы заңды күшіне енген айыптау үкімінің шығарылуы, соттың заңды күшіне енген шешіммен оның әрекет қабілетінен айырылған деп танылуы, заңды күшіне енген сот шешімімен оның қайтыс болды деп танылуы, судья қызметінде болудың заңмен белгіленген мерзімі өтуіне байланысты тоқтататылды. Міне, бұл айтылған негіздерге ұқсас түрде Қазақстан Республикасына жақын ТМД елдерінің заңдарында, мәселен, Ресей Федерациясының «Конституциялық сот туралы» (17 - бап), және Қырғыз Республикасының «Конституциялық сот туралы» (10 - бап) заңдарында осы мәселе қаралған.

Заңға сәйкес ҚР Конституциялық соты төмендегі актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес екендігін қарады:

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңдар мен қаулыларын;
- Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтары мен қаулыларын, өкімдерін;
- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қаулыларын;

- Қазақстан Республикасының Министрліктерінің мемлекеттік комитеттерінің және ведомстволарының нормативтік актілерін;
- Қазақстан Республикасының Бас прокурорымен қабылданатын нормативтік сипаттағы актілерін;
- Қазақстан Республикасының сотының сондай-ақ Жоғарғы Төрелік сотының басшылық түсіндірмелерін;
- Қазақстан Республикасының күшіне енбеген халықаралық келісім мен келісімшарттың және өзге де міндеттемелерін;
- Азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты құқық қолданушылық тәжірибенің конституциялығы туралы істерін қарады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық сотына жүгінуге мыналар құқықты болды:

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, оның құрамының кемінде бестен бір бөлігі, Жоғарғы Кеңес Төралқасы (Координациялық Кеңес), Жоғарғы Кеңестің Төрағасы, Жоғарғы Кеңестің комитеттері, Жоғарғы Кеңестің Төрағасы, Жоғарғы Кеңестің комитеттері, Жоғарғы Кеңестің депутаттары, ҚР Президенті, ҚР Премьер-министрі, соттар, Бас прокурор, қоғамдық бірлестіктердің республикалық органдары, облыстық Алматы және Ленинск қалалық өкілдері және атқарушы органдар нормативтік құқықтық актілердің конституциялығы жөнінде;
- Ұлттық ғылым академиясы – ҚР Конституциясына заңдардың сәйкес еместігі жөнінде;
- Азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына байланысты, егерде олар басқа соттардың қарауына жатқызылмаса, Конституциялық сотқа талап-арыз беруге құқықты болды.

Көріп отырғанмыздай, Қазақстан Республикасының Конституциялық соты жеке шағымдар бойынша іс қозғауға құқылы болатын, бірақ та мұндай шағым беру үшін инстанциялық тәртіп сақталуы тиісті болды, яғни, осы Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіншілігі, бұл мәселе бойынша әдеттегі сот инстанцияларынан өткеннен кейін ғана пайда болатын. Бұл шетелдік Конституциялық соттардың қызметінің тәжірибесіне сәйкес келеді. Мәселен, ФРГ-нің негізгі заңында «Заңның Конституциялық екендігі жөніндегі талап қоюдың алдын ала шарт ретінде әдеттегі сот рәсімі мен талаптың ерекше рәсімін бекіте алады» деп көрсеткен. Осындай тәртіп Жапонияда да қарастырылған. Демек, Жапонияның 1979 жылғы 3 қазандағы Конституциялық сот туралы заңында алдымен жалпы юрисдикциялық сот органдарында қарастыруды және содан кейін барып Конституциялық соттың қарай алатындығын белгілеген. Егер азаматтардың құқықтары бұзылып оны қарау, жалпы соттардың юрисдикциясы саласында орын алса, онда Конституциялық соттың мұндай істі өз өндірісіне қабылдауға құқығы жоқ болған.

Бұл Конституциялық сотты таратуға келетін болсақ, мынадай негіздерді көруге болады:

Біріншіден, Конституциялық сот сот жүйесіне кіргенмен іс жүргізу (процесс) кезінде, ол тек қана Қазақстан Республикасының Конституциясына сүйенді. Демек бұл орган басқа заңдарға және нормативтік құқықтық актілерге сүйене алған жоқ.

Екіншіден, Конституциялық сот тек қабылданған заңды Қазақстан Республикасының Конституциясына сай екендігін және адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбайтындығын қарады. Ал Конституциялық Кеңес ҚР Конституциясының 72 - бабының 1 - тармағының 2) тармақшасында белгіленген

негіз бойынша заңдарға Республика Президенті қол қойғанға дейін олардың Конституцияға сай екенін қарайды. Демек, бұдан шығатын қорытынды Конституциялық соттың заңдардың күшін жойғанға дейін қолдану аралығы адам мен азаматтардың құқықтарының бұзылуы болып табылады. Міне, бұл құқықтық мемлекет принциптеріне қайшы келеді.

Үшіншіден, Конституциялық сот судьяларын ҚР Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы Кеңес 10 жылға сайлайтын, сондықтан судьялар Республика Президенті мен Жоғарғы Кеңес депутаттарына тәуелді болып табылатын. Ал қазіргі кезде Конституциялық Кеңес 7 мүшеден тұрады. Оның төрағасын және 2 мүшесін Республика Президенті, екі-екі мүшеден тиісінше Сенат және Мәжіліс тағайындайды. Міне, сондықтан бұл Конституциялық Кеңес мүшелерін тағайындауда олардың бір-біріне қатысы жоқ. Бірақ қазіргі жағдайда мемлекетіміздің Парламенті бір партиялы болғандықтан бұл тәуелсіздік принцип іске аспай отыр.

Ал Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты еліміздің жалпы юрисдикциялық сотының ең жоғарғы сот органы болып табылды және төменгі соттардың қызметін қадағалауды жүзеге асырды.

ҚР Жоғарғы соты сот әділдігін жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа заңдарында жарияланып, кепілдік берілген әлеуметтік-экономикалық саяси және өзіндік құқықтары мен бостандықтарына, ҚР Конституциясында баянды етілген қоғамдық құрылысқа, оның саяси және экономикалық жүйесіне, сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қандай да болсын қиянат жасаудан қорғауға міндетті. Соттың бүкіл қызметі демократиялық құқықтық мемлекетті, заңдылық пен құқық тәртібін барынша



нығайтуға, әлеуметтік әділеттілік қағидаларын орнықтыруға, демократияландыру мен халықтың өзін-өзі басқаруын одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтың алдын алуға, азаматтардың ҚР Конституциясын мүлтіксіз орындауын, азаматтардың құқықтарын, ар-намысы мен абыройын құрметтеу рухында тәрбиелеуге бағыттады.

Жалпы юрисдикциялық соттарға келетін болсақ: ҚР Жоғарғы соты, облыстық, Алматы қалалық, аудандық (қалалық) соттары кіргізілді.

Аудандық (қалалық) халық соты аппаратының құрылымы мен штаттық санын Әділет министрлігі бекітетін штаттық саны мен жалақы қорының шеңберінде халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық кеңестерінде атқару комитеттері әділет басқармасының бастығы белгіледі. Облыстық және Алматы қалалық соттары аппараттарының құрылымы мен штаттық санын тиісті сот төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Әділет министрі бекітті. ҚР Жоғарғы сотының штаттық кеңесін, бөлімдер мен басқада құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді ҚР Жоғарғы сотының Төрағасы бекітті.

ҚР соттарын қаржыландыру Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі белгілейтін республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылды.

Облыстық, Алматы қалалық және аудандық (қалалық) халық соттарының қызметін ұйымдық жағынан қамтамасыз етуді ҚР Әділет министрлігі, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Кеңестері атқару комитеттерінің әділет басқармалары судьялардың тәуелсіздігі мен олардың тек қана заңға бағыну қағидаларын қатаң сақтай отырып жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның органдары:

- республиканың облыстық, қалалық (республикалық бағыныстағы) және аудандық (қалалық) халық соттарын ұйымдастыру, халық судьялары мен халық заседательдерінің сайлауын өткізу мәселелері жөніндегі ұсыныстар әзірледі;
- судьялыққа кандидаттарды іріктеуді, даярлауды және сот кадрларының мамандығын арттыруды жүзеге асырады;
- республика соттарының қызмет үшін тиісті жағдай жасау мақсатында оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- сот статистикасын жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- сот шешімдерін орындату жөніндегі жұмысты ұйымдастырды;
- судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған шараларды әзірлеп жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі ҚР Жоғарғы Кеңестің Пленумына республикалық заңдарды қолдану мәселелері жөнінде соттарға басшылық түсіндірмелер беру туралы ұсыныстар енгізуге құқылы болды.

Аудандық (қалалық) халық соты ауданда, қалада (аудандық бағыныстағы қалалардан басқа), қаладағы ауданда құрылды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Әділет министрлігінің ұсынуы бойынша аудан мен қалаға бір аудандық халық сотын құра алды және де осы органдардың ұсынуымен арнайы мамандандырылған (кәмелетке толмағандар, семьялық және басқа да) соттарды құра алды.

Аудандық (қалалық) халық соттарының судьяларын халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық кеңестері 10 жыл мерзімге сайлады және олардың алдында есеп берді. Аудандық (қалалық) халық

соттарының халық заседательдері азаматтардың тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша олардың жиналыстарында ашық дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге сайланды және олардың алдында есеп беріп отырды.

Аудандық (қалалық) халық соты, басқа соттардың жүргізуіне заңмен жатқызылған істерден басқа, барлық азаматтық, қылмыстық істерді және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарады. Және олар сот практикасын зерттей отырып оларды қорытты.

Облыстық және Алматы қалалық соттарының судьяларын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 10 жыл мерзімге сайлады және олардың алдында есеп берді. Облыстық және қалалық соттарының сан құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің ұсынуы бойынша ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы белгіледі.

Облыстық және Алматы қалалық соттарының халық заседательдерін халық депутаттарының тиісті кеңесі 5 жыл мерзімге сайлады және өздерінің сайлаған органдарының алдында есеп беріп отырды.

Облыстық, Алматы қалалық соттары төрағалардан, төрағалардың орынбасарларынан, соттың мүшелері мен халық заседательдерінен тұрады және мына құрамда жұмыс істейді:

- соттың төралқасы;
- азаматтық істер жөніндегі алқасы;
- қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы.

Облыстық, Алматы қалалық өкілеттілігі:

- өз өкілеттілігі шеңберінде істерді бірінші сатыдағы сот ретінде, кассациялық тәртіппен, қадағалау тәртібімен және жаңадан ашылған мән-жағдайлар бойынша істерді қарады;

- аудандық (қалалық) халық соттарының сот қызметін қадағалауды жүзеге асырды, сот практикасын зерттеді және оны қорытты, сот статистикасын талдады;

- өздеріне заңмен белгіленген басқа да өкілеттікті жүзеге асырды.

ҚР Жоғарғы соты:

а) Өз өкілеттігі шегінде істерді бірінші инстанциядағы сот ретінде;

б) Сот істерін қадағалау тәртібімен және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарады;

в) Сот практикасын зерттеп қорытты, сот статистикасына талдау жасады, соттарға сот істерін қараған кезде туындайтын заңдарды қолдану мәселесі бойынша басшылық түсіндірме берді;

г) ҚР Жоғарғы Кеңесінде заң шығару (Жоба) инициативасын жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Төрағасын, оның орынбасарын, сот алқаларының төрағаларын, Жоғарғы сот судьяларын 10 жыл мерзімге, ал оның халық заседательдерін 5 жыл мерзімге ҚР Жоғарғы Кеңесі сайлады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сот құрамы:

- Жоғарғы сот пленумы;

- Жоғарғы сот төралқасы;

- Жоғарғы сот азаматтық істер жөніндегі сот алқасы;

- Жоғарғы сот қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы.

ҚР Жоғарғы сотының жанынан ғылыми-консультациялық кеңес құрылды.

Негізінен бұл жалпы соттар жүйесін құру 1990 жылғы 23 қарашадан қабылданған «Қазақ ССР сот құрылысы туралы заңымен» реттелінді.

Сөйтіп бұл «сот құрылысы» туралы заң бойынша сот жүйесі үш буынға бөлініп, Жоғарғы Сот, облыстық және

Алматы қалалық, аудандық (қалалық) халық соты деп көрсетілді. Әдетте, буын мен инстанция бір-бірімен тығыз жанасып жатқанымен, оларды ажырата білу қажет. Буын – сот құрылысы ұғымы – сол соттың белгілі бір аймақтағы қызметіне байланысты сот жүйесінде алатын орны айқындалады. Инстанция – сот ісін жүргізу ұғымы – сот ісін жүргізудің сипаты, сол инстанциядағы істерді қараудың мақсаттарын негізге алғандағы сот қызметінің бір түрі.

1992 жылғы 24 маусымда бұл заңға әскери соттарын енгізу туралы өзгерістер мен толықтыру енгізілді.

Қазақстан Республикасының аумағында әскерлер «Әскери соты, армиялар (бірлестіктер), құрамалар мен гарнизондар әскери соттар» құрамына кірді.

Әскери соттардың судьяларын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі он жыл мерзімге сайлайтын және оған есеп беріп отыратын. Әскери соттың судьясы болу үшін, сайлау күніне қарай 25 жасқа толған, міндетті әскери қызметін атқаратын, жоғарғы заң білімі және офицерлер құрамының әскери атағы бар Қазақстан Республикасының азаматы әскери соттың судьясы болып сайлана алатын.

Әскери соттардың халық заседательдері болып міндетті түрде әскери қызметті атқаратын Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алды. Әскери соттың халық заседательдері әскери бөлімдер әскери қызметшілері сайлаған және олар сайлаушылар алдында есеп беріп отырған.

Қазақстан Республикасының Төрелік соты экономикалық қатынастар және оларды басқару процесінде пайда болатын дауларды Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген құзырет пен

тәртіп шегінде шешу жөніндегі Қазақстан Республикасы сот билігінің дербес, тәуелсіз органы болып табылды.

Төрелік сот органдарының міндеттері мыналар болып табылды:

1. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды, сот әділдігін жүзеге асыру жолымен дауларды шешу кезінде заңдардың біркелкі де дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету
2. Заңдылықтың сақталуына құқықтық құралдармен ықпал ету; экономикалық қатынастарда заңдылықтың бұзылуының алдын алу.

Қазақстан Республикасының Төрелік соты өз құзыретінің шегінде:

1. Шағымдарды қарайды және:

- кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың арасындағы, соның ішінде бірлескен кәсіпорындардың және шетелдік заңды ұйымдардың қатысуымен;
- кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және басқару органдарының;
- кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және халық депутаттары жергілікті кеңестерінің арасындағы шаруашылық дауларын шешті.

2. Басқару, кәсіпорындардың, өкіметтің жергілікті органдарының, кәсіпорындардың жоғары тұрған органдарының өз құзыретіне сай келмейтін не заңдарды бұза отырып шығарған актілерінің күшін толық немесе ішінара жою туралы шағымдарды қарады.

3. Заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындады.

4. ҚР Жоғарғы Төрелік сотына заң шығару инициативасы құқығы берілді.

5. ҚР аумағында орналасқан кәсіпорындар арасындағы қадағалау тәртібімен алынған даулар жөнідегі ҚР Жоғарғы Төрелік сотының шешімі түпкілікті болып табылды.

ҚР Жоғарғы Төрелік соты, облыстық және Алматы қалалық Төрелік соттары ҚР Төрелік соттар жүйесін құрады. ҚР Жоғарғы Кеңесі, Жоғарғы Төрелік сот Төрағасының ұсынуы бойынша басқа да төрелік соттарды құруға мүмкіншілігі болды.

ҚР Жоғарғы Төрелік соты Төрағадан, Төрағаның орынбасарынан, Жоғарғы Төрелік сот судьяларынан тұрды және мына құрамда жұмыс істейді:

1. Жоғарғы Төрелік сот Пленумы
2. Жоғарғы Төрелік сот Төралқасы
3. Жоғарғы Төрелік соттың шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін тексеру жөніндегі алқасы
4. Жоғарғы Төрелік соттың дауларды шешу жөніндегі алқасы.

Облыстық және Алматы қалалық төрелік соттары төрағадан, төрағаның орынбасарынан тұрды.

ҚР Жоғарғы Төрелік сотының судьяларын Қазақстан Республикасының Төрелік соты Төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Жоғарғы Кеңесі 10 жыл мерзімге сайлады. Облыстық және Алматы қалалық төрелік сотының судьясын ҚР Жоғарғы Төрелік Соты Төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Жоғарғы Кеңесі 10 жыл мерзімге сайлады.

Төрелік соттың судьясы болып 25 жастан кіші емес, жоғары заң білімі және мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс стажы бар, қажетті кәсіби қасиеттерді бойына сіңірген ҚР азаматтары сайлана алды. Судья болып сайлануға ұсынылғанға дейін кандидат стажер ретінде 6

айдан 1 жылға дейінгі мерзім ішінде төрелік сотта тағылымдамадан (стажировка) өтті.

Төрелік соттың судьяларын мынадай жағдайда қызметінен босатты:

- өздерінің мәртебелі атағына сай келмейтін қылықтар жасаған не соттың олар туралы заңды күшіне енген айыптау үкімі болған ретте;
- жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы бойынша;
- басқа қызметке сайланса немесе өздерінің келісімімен басқа жұмысқа ауыстырылса;
- өз тілегі бойынша оларды сайлаған орган қызметінен босатты.

### **3.2 Қазақстан Республикасында сот билігін реформалау және оның даму кезеңдері**

Міне, енді өз егемендігімізді алғаннан кейін ең алдымен Республикамыздың экономикасын көтеруді және демократия принциптеріне негізделген дамыған мемлекет орнатуды бірінші кезекке қойды. Ол үшін ең алдымен сот билігін және құқық қорғау органын қайта реформалаудың қажеттігі туды.

Сол себепті, 1992 жылы «Сот-құқықтық реформаның концепциясы» дер кезінде жасалып қолға алынды. Концепцияда сол жылы Жоғарғы Кеңестің талқылануы ұсынылды. 1993 жылы Республика Президентінің – «Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның тиімділігін арттыру шаралары туралы» Жарлығы шығып құқықтық реформаның қажеттілігін нақтылай түсті. Президент Жарлығынан кейін «Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы» туды. Бағдарламаның негізгі



бөлімінде мемлекеттік сот жүйесін қайта реформалау туралы мәселе айтылды.

Азаматтардың құқықтары мен олардың заңды мүдделерін қорғауда сот билігінің заң шығарушы және атқарушы билікпен терезесі тең болғандықтан соттардың тәуелсіздігін және олардың ықпалдарын күшейту реформаның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

Жаңа сот жүйесін құру, – дейді А.Д. Бойков «Бұл бұрынғы мемлекеттік мәжбүр ету механизмнен, жеке адамның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміне көшуі», – деп көрсетеді. Біз де бұл А.Д. Бойковтың айтқан пікіріне қосыламыз, өйткені, ҚР құқықтық мемлекет құру жолында болғандықтан, әрбір адам өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін ең алдымен сотқа жүгінуі керек.

Ал Қазақстан Республикасы сотының даму кезеңдеріне келетін болсақ, Сот-құқықтық жүйесінің дамуын екі ғасырға бөліп қарауға болады және әрбір ғасырдың өзін екі кезеңнен тұрады:

- 1) Бірінші ғасыр 1993 – 2000 жылдар аралығын қамтитындығын дәлелдей отырып (XX ғасырдың соңы), біз бұның өзін екі кезеңнен тұратындығын көрсеттік;
- 2) Екінші ғасыр 2000 жылдан бастап осы күнгі аралықты қамтиды (XXI ғасырдың басы) деп айтуға болады. Бұның өзі екі кезеңнен тұрады.

Бірінші ғасыр бірінші кезеңі республиканың тәуелсіздік алуына байланысты. Бұл жылдары мемлекет билігін оның ішінде сот билігін партия және басқа да ұйымдардың ықпалынан шығаруға бағытталған құқықтық реформалардың концепциялары жасала бастады. 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған ҚР Конституциясының 16-шы тарауында «сот» деген

атауымен сот билігін Конституциялық сотқа, Жоғарғы сотқа және Жоғарғы Төрелік сотқа, сондай-ақ заң бойынша құрылатын төменгі соттарға тиесілі екені көрсетіліп, сот билігінің өзге мемлекеттік биліктердің қатарында екендігіне кепілдік берілді. Осы Конституция (1993 ж.) судьялардың сайлануы мерзімін он жылға дейін ұзартты.

Бұл кездері Жоғарғы сот және облыстық соттардың судьяларын ҚР Жоғарғы Кеңесі, ал аудандық (қалалық) соттардың судьяларын облыстық кеңестер сайлайтын.

Сот жүйесін реформалаудың бірінші ғасырдың екінші кезеңі 1994 жылдың 12 ақпанында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «ҚР құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1569 қаулысы шыққаннан кейін басталды деп айтуға болады (Қазіргі уақытта бұл бағдарламаның орнына Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі № 949 Жарлығымен «Республиканың құқықтық саясат тұжырымдамасы» қабылданды).

Қаулыда Республикадағы сот жүйесін реформалау туралы жан-жақты айтылды. Әсіресе сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру, олардың ұйымдық жағын нығайту, іс қарауда соттардың ешкімге тәуелді болмауын тиімділікпен арттырудың жаңа жобасын жасады. Сондай-ақ, жалпы соттармен Төрелік соттарға жіктелудің де қажет емес екенін анықтап берді. Республика Президенті Жоғарғы сот Кеңесінің және біліктілік алқасының ұсынуымен судьялық қызметтің міндетін түпкілікті бекітуді талап етті. Соттардың қызметін жан-жақты қатамасыз етудегі, ішкі шаруашылық істерімен айналысудағы сот істерімен бөліп, аппарат басшылығын жүктеу көзделді. Сондай-ақ, сот әділдігін жүзеге асыруда және сот қаулыларын орындауда

аппараттың ішкі ұйымдастыру жұмыстарына мейлінше көмек-жәрдем беру керектігі күшейтілсін делінді.

Аталған қаулыда судьялардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруды да маңызды мәселе ретінде қарады. Мұның өзі судьяларды құрметтеудің мемлекеттік дәрежедегі озық үлгісі екенін танытады. Олардың құқықтарын мемлекеттік тұрғыдан қорғау - қолдаудың принципімен үлгілерін мықты көрсетіп берді.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс берудің «референдум» нәтижесінде ҚР жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл жаңа қабылданған конституциясының 7 - бөлімінде «Соттар және сот төрелігі» деген атпен, сот жүйесі «...Республикасының Жоғарғы Соты және Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады» (75 - бап, 3 - бөлім), – деп көрсетілді.

Сонымен сот – құқықтық жүйенің дамуының екінші кезеңі сот жүйесін біріктіре отырып бір жүйеге келтірілген соттар құрды. Яғни, төрелік соттарды жалпы соттарға қосып, облыстар мен Алматы қаласында бірінші сатыдағы Төрелік соттарын қалдырып, облыстық соттар мен Жоғарғы сот құрамында шаруашылық істер жөніндегі сот алқасын ашты. Ал Конституциялық сотты толығымен жойып жаңадан Конституциялық Кеңес құрылды.

Жоғарғы сот республикадағы жалпы соттардың ең жоғарғы ұйымы болып табылатыны ҚР Конституциясында атап көрсетілді. Оның құзыретіне ең жоғары лауазымды тұлғалардың қылмыстық істері жөніндегі сот істерін қарауды және сондай-ақ кассациялық инстанциясы мәселелерін жүзеге асырды.

1994 жылғы 12 ақпандағы ҚР Президентінің қаулысы негізінде еліміздегі құқық қорғау органдары мен сот құрылысы жөніндегі құқықтық реформалар негізінде 1995 жылғы 20 желтоқсанда ҚР Президенті Н.Ә.

Назарбаевтың «ҚР соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Жарлығы шықты. 84 баптан тұратын бұл жарлық республикадағы тәуелсіз сот билігі мен судьялардың мәртебесі туралы әлемдік өркениеттік құқықтық нормаларға сай келетін жаңаша ережесін жасап бекітіп берді.

Осы жарлық 1995 жылғы Конституцияда көзделген нормаларды, яғни, сот жүйесіне қатысты бөлігін жинақтап, салалық заңдармен заңдастырды. Жаңа конституциямызда әр биліктің атқаратын қызметі тайға таңба басқандай анықталды. Соған байланысты құқық қорғау құрылымдары саласында едәуір өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген болатын.

1997 жылғы I шілдедегі «ҚР соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Жарлыққа енгізілген түзетулер мен толықтырулар осы Жарлықтағы екі баптың төрт тармағының алып тасталуына байланысты аумақтық соттарды құру мүмкіндігін жоққа шығарды. Жалпы құқықтық реформа бағдарламасы аумақтық соттарды құруды жоспарлаған болатын. Ондағы мақсаты әкімшілік аумақтық (территория) бөлініске сай емес көлемде аумақтық соттарды құру арқылы жергілікті әкімшіліктің (атқару билігінің) ықпалын болдырмауды көздейді. Сөйтіп әкімдердің ықпалын азайту идеясы пайда болды. 1997 жылғы I шілдедегі өзгертулер мен толықтырулар республика сот жүйесіне жаңа ұғымдар әкелді, оның бірі «Сот участкесі» (судебный участок) ұғымы.

1995 жылғы Конституциямен және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялар мәртебесі туралы» Президент Жарлығы қабылдануымен республикада сот билігінің қалыптасуының нормативтік-құқықтық сатысы қорытындыланды. Олай дейтініміз, сот-құқықтық реформасы бағдарламасында көзделген өзгертулер мен

толықтырулар жоғарыда айтылған құжаттарда орын тапты. Бірақ алға қойған мақсат, міндет іс жүзінде өз шешімін толық тапты деу асығыстық болары анық. Мәселенің барлығы заңдардың қабылдануымен емес оның орындалуымен шешілетін. Бұл жөнінде Ресей Федерациясының ғалымдары мен практиктері былай дейді: «Сот билігін нақты жүргізу үшін соттар қызметін қамтамасыз ететін тиісті жағдайлар жасалуы қажет. Қазіргі уақытта олардың қызметіндегі ұйымдастырушылық, кадр және ресурстық қамтамасыз етулер Әділет министрлігі арқылы жүзеге асырылады... және олардың жергілікті жерлердегі органдары, яғни атқарушы билік құрылымы арқылы», – деген. Бұдан шығатын қорытынды – сот билігін жүзеге асырушы сот органдары қызметіне нақты жағдайлар жасалынуы тиіс. Көптеген ғалымдар мен практиктер материалдық-техникалық, әлеуметтік және кадрлармен қамтамасыз етуді, атқарушы биліктен алып, арнайы сот билігі мен ҚР Президентіне тәуелді, есеп беретін органдарға шоғырландыруды ұсынған болатын. Міне, қазіргі уақытта, сот қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ретінде ҚР Жоғарғы сотының жанынан Сот әкімшілігі жөніндегі комитет құрылды. Демек бұл комитеттің құрылу мақсаты елдегі соттар мен судьялардың атқарушы билік органдарынан тәуелділігін жою болып табылатыны анық көрініп тұр.

Елімізде жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформа жергілікті әділет органдарына серпін туғызып, жұмысты жаңаша ұйымдастыруға, оның тиімді тәсілдерін іздестіруге себепші болды. Атап айтқанда, бұл бағыттарда кәсіби шеберліктер мен білімін арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық шаралар жүзеге асырылуда.

Осындай шаралардың бірі, судьяға билік мәртебе берумен қатар, оларға қойылатын жаңа талаптарды белгілеген ҚР Президентінің «ҚР соттар және судьялар мәртебесі туралы» Жарлығының 84-бабының талабына сәйкес: «Соттардың тұрақты судьялардан құрылуына байланысты республиканың барлық соттарының судьялары Әділет министрімен Жоғарғы сот Төрағасының бірлескен шешімімен құрылатын комиссиясымен аттестациялауы тиіс», – деп көрсетті. Бұл норма еліміздің сот жүйесіне үлкен қозғалыс әкелді. Тұрақты судья атағын алып, қызметін одан әрі жоғарылату үшін сот корпусы түгелімен сынақтан өтуі тиіс болды. Сот корпусының кейбіреулері аттестация ҚР Конституциясына қайшы деген дау көтерді. Ал, шын мәнінде, Конституцияға көз жіберіп қарасақ, оның 79-бабының 3-тармағында: «Республиканың 25 жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтихан тапсырған азаматтар судья бола алады. Және республика соттарының судьяларына қосымша талаптар қойылуы мүмкін», – деген. Міне осы нормада көрсетілгендей, судьяларды аттестациялау Конституцияға қайшы емес және ешқандай шектеулер мен тыйым салынбаған, керісінше қосымша талаптар белгіленуі мүмкін деп көрсетілген. Сондықтан ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осы Жарлығындағы аттестациялау туралы норма Конституцияға қайшы еместігін көрсетеді.

Осы мақсаттағы жұмысты кеңейту үшін негізін реттейтін нормативтік актіні ҚР Президенті 1996 жылғы 24 мамырда «ҚР соттарының судьяларын аттестациялау туралы» Ережесін қабылдады. Осы Ережеде аттестациялау соттарды тұрақты судьялармен жасақтау, олардың сапалық құрамын жақсарту, кәсіби біліктілігінің өсуіне баға беру және ынталандыру, істерді қараған кезде

заңдылықты нығайту үшін жауапкершілігін арттыру, азаматтардың құқықтары мен қоғам мүдделерін қорғау мақсатын көздейтінін көреміз. Аттестациялауды жүргізу үшін арнайы аттестациялық комиссиялар құрылды.

Аттестация кезінде судьяның мінездемесі, соңғы жылдағы атқарған жұмысының сапасы, сотта шығарған үкімдері, соның ішінде үкімді кейінге қалдырғаны, үкім бұзушылығы да ескерілді.

Сынақ комиссиялары кәсіби тексеріс нәтижелері бойынша судьяның кәсіби білімімен, жұмыс тәрбиесі мен сапасына, адамгершілік қасиеттеріне қарай мына шешімдердің бірін қабылдауға құқылы болды:

3) атқарып отырған лауазымына сай келеді;

4) атқарып отырған лауазымына сай келмейді.

Осы шешімдердің негізінде қызметінде қалдыру немесе босату мәселелері тиісті орындарда түпкілікті шешілді. Яғни, осы ержеге сай қабылданған атқарып отырған лауазымына сай келмейді деген шешім бойынша, кәсіби сынақтан өтпей қалған судьялар ҚР Президентінің «ҚР соттар және судьялар мәртебесі туралы» Жарлықтың 47-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сай белгіленген тәртіппен оны қызметінен босату негізі болып табылды.

Тұңғыш рет Республикамыздың сот жүйесінде ҚР Президентінің «ҚР соттар және судьялар мәртебесі туралы» Жарлығымен «тұрақты» судьялар ұғымы енгізілді. Оның мәні, біріншіден, ҚР Президентінің тағайындалуы, екіншіден, судьялардың ауыстырылмайтындығы, үшіншіден, судьялардың қызметке өмір бойы судья (арнайы жасқа дейін) болуы, соңымен қатар судья лауазымды алуымен анықталады деп қорытамыз.

Сонымен аттестациялау – сот реформасының құрамдас бөлімін құрайды. Республика бірінші рет ел

көлеміндегі масштабты сынақты бастан кешірді. Яғни, бірінші рет сот жүйесіндегі қызметкерлерді судья лауазымына сәйкестігін тексерді. «Көпшіліктің көз алдындағы мұндай тетік республикада, тіпті, бұрынғы одақта болған емес. Ол судьялардың шын мәніндегі тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жасалған алғашқы қадам», – деп бағалады Н.Шайкенов.

Тұңғыш рет өткізілген аттестация тұрақты судьялардың өз атағына сай екенін көрсете отырып жаңа мәртебе берді. Бұның өзі республика соттарын нығайтуға бағытталған шара деп санаймыз. Бұл жөнінде республика Әділет министрлігінің сол кездегі бірінші орынбасары М. Нүркенов 1996 жылы Әділет министрлігі мен Жоғарғы Соттың бірлескен отырысында жасаған баяндамасында деп көрсетеді өз еңбегінде Қаржаубаев Е.К.: «Сот билігі және оның тәуелсіздігі тікелей судьялардың кәсіби сауаттылығы мен адамгершілігі қасиеттеріне сай болу керек», – деп көрсетті. Біз де бұл тамаша айтылған пікірге қосыламыз. Өйткені судья лауазымды адамның тағдырын шешетін болғандықтан бірінші кезекте оның сауаттылығы мен адамгершілігі тұру керек.

Сонымен Республиканың сот жүйесі ҚР Президентінің 1995 жылы «ҚР соттар және судьялардың мәртебесі туралы» №2694 Жарлығына сәйкес 1996 жылдың 24 мамырындағы №3004 «ҚР соттары және судьяларын аттестациялау» ережесі негізінде 1996 жылдың 3 маусым мен 7 шілдесі аралығындағы Республика көлемінде сайланған және тағайындалған судьялар бекітілген тәртіп бойынша аттестациядан өткізілді.

Сол кездегі судьяларды аттестациялау қорытындыларына тоқталатын болсақ, Әділет министрі мен Жоғарғы соттың Төрағасы міндетін атқарушының 1996 жылғы 28 мамырдағы №1059 бұйрығымен



республика соттарының судьяларын аттестациялау комиссиялары құрылды:

Орталық аттестациялау комиссиясының төрағасы – Әділет министрі К.А.Колпаков және Жоғарғы Сот Төрағасының міндетін атқарушы Қ.Ә.Мәмиев, комиссия мүшелері: Т.А.Айсін – Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы төрағасының міндетін атқарушы, Е.Н.Нұрғалиев – Әділет министрінің орынбасары, Ю.А.Ким – Конституциялық Кеңестің Төрағасы, Ж.С.Елеубаев – Бас прокурордың орынбасары, С.Р.Қуанышбаев – Парламент мәжілісі заң шығару және сот-құқықтық реформа жөніндегі комитеттің төрағасы, И.И.Рогов – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, А.А.Матюхин – «Әділет» Жоғарғы құқық мектебінің директоры.

Төрт аймақтық аттестациялау комиссиясының құрамына кіргендер:

Бірінші аймақ: комиссия төрағасы – А.А. Қаженов – Жоғарғы соттың шаруашылық істер жөніндегі алқасы төрағасының міндетін атқарушы, төрағаның орынбасары – О.Г. Полумордвинова – Әділет министрлігі кадр бөлімінің бастығы.

Екінші аймақ: комиссия төрағасы С.Д. Тасмағанбетов – Жоғарғы соттың әскери алқасы төрағасының міндетін атқарушысы, төраға орынбасары – М.А.Қуанышева – Әділет министрлігі сот істерін ұйымдастыру Бас Басқармасының бастығы.

Үшінші аймақ: комиссия төрағасы – М.К. Уәйісов – Әділет министрлігінің орынбасары, төрағаның орынбасары – В.Н. Булович – Жоғарғы Соттың судьясы.

Төртінші аймақ: комиссия төрағасы – В.М. Борисов – Әділет министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары – К.Т. Кенжебаев – Жоғарғы Соттың судьясы.

Жергілікті жердегі әділет басқармасының бастығы мен облыстық соттың және Алматы қалалық соттың төрағасы әрбір аймақтық комиссияның мүшесі болып кірді.

Барлық жерде әділет басқармасы мен облыстық соттар аттестацияны ұйымдастыру мен өткізуге қажетті жағдайларды толық қамтамасыз етті.

Бірінші аймақтық аттестациялау комиссиясы аттестацияны Жамбыл, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстық және Алматы қалалық соттарының судьяларымен өткізді.

Екінші аймақтық аттестациялау комиссиясы аттестацияны Ақтөбе, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған және Торғай облысы соттарының судьяларымен өткізді.

Үшінші аймақтық аттестациялау комиссиясы аттестацияны Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облысы соттарының судьяларымен өткізді.

Төртінші аймақтық аттестациялау комиссиясы аттестацияны Ақмола, Семей, Алматы және Атырау облысы соттарының судьяларымен өткізді.

1996 жылғы 1 маусымдағы есеп бойынша республика көлемінде штаттағы 1880 судьяның орнына 1413 судья істеп келді, босалқы орынның саны – 467.

Жоғарғы соттағы 53 орынның босалқысы – 6.

Облыстық және оларға теңестірілген соттардағы судьялардан – 1212 (оның ішінде әрі әкімшілігі бар - 319) – 960 орынның босалқысы – 252.

Әскери соттардағы судьялардан – 50 орынның босалқысы – 9.

Облыстық 150 және аудандық 252 судья түрлі жағдайлармен жұмыстарынан кеткен. Негізгі себебі –

коммерциялық құрылымға кетуіне немесе Ресейге ауысуына, тағы басқа да жағдайларға байланысты.

Аттестацияға Жоғарғы соттағы 47 адамның 41-і, облыстық және оларға теңестірілген соттардағы 365 судьяның 361-і, аудандық және оларға теңестірілген соттардағы 960 судьяның 941-і, әскери соттардағы 41 судьяның 41-і қатысты.

Аттестация басталғанға дейін судья қатарынан кетуге 32 судьядан өтініш түскен.

Орталық аттестациялық комиссияның мақұлдауы бойынша Жоғарғы Соттағы барлық судьялар өздерінің атқарып отырған қызметіне сай деп танылды.

Орталық аттестациялық комиссияның аттестациясынан өткен облыстық, Алматы қалалық соттарының төрағалары мен төрағаның міндетін атқарушылар және Қазақстан Республикасы әскерлерінің әскери сотының Төрағасы атқарып отырған міндеттеріне сай екенін көрсетті.

Екі төрағаның атына ескерту, үш төрағаның атына елеулі ескерту жасалды.

Аумақтық аттестациялау комиссиялары бойынша:

1. Облыстық соттармен Алматы қалалық сотының 363 судьясын атқарып отырған қызметіне сай деп танылды. Олардың ішінде 16 судьяға ескерту, 18 судьяға елеулі ескерту жасалып, 2 судья аттестация талабынан шықпады.

2. аудандық (қалалық) соттардың 892 судьясын атқарып отырған қызметтеріне сай деп таныды. Олардың ішінде 80 судьяға ескерту, 28 судьяға елеулі ескерту жасалып, 49 судья аттестациядан өтпей қалды (олардың ішінде 19 әкімшілік судьялар).

Үстерінен түскен шағымдарға, сондай-ақ денсаулықтарына және басқа да себептерге байланысты қосымша тергеуді қажет ететін 21 судьяның

аттестациялық материалдары кейінге қалдырылды, олардың 2 – облыстық, 19 – аудандық.

Өздерінің орналасуына байланысты жергілікті жерде өткізілген аймақтық аттестациялау комиссиясы әскери соттардың 38 судьясы атқарып отырған міндеттеріне сай деп табылды, үш судья аттестациядан елеулі ескертулерден өтіп, 2 судья аттестациядан өтпей қалды.

Бұл аттестация көпшілік судьялардың кәсіби білімдерінің қанағаттанарлық дәрежеде екенін көрсетті.

Судьялардың моральдық - адамгершілік сапасы қызметтерінің талаптарына және судья деген жоғары атақтарына лайық екенін аңғартты.

Екінші ғасырдың бірінші кезеңі 2000 жылғы 1 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен байланысты. Жарлықпен республикадағы соттар қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі Комитет құрылып, сот билігі атқарушы биліктің ықпалынан толығымен шығарылды.

Бұл Жарлық жалпы қоғам мен соттар үшін үлкен прогрессивтік және тарихи маңызы бар, сот тәуелсіздігі туралы көптен айтылып келе жатқан проблеманы шешкен айтулы құжат болды.

Соттар қызметін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бірыңғай бұл жүйесіне аталған Комитет пен оның облыстардағы (Астана және Алматы қалаларындағы) әкімшіліктері кіреді. Уәкілетті органның қызметі соттардың тәуелсіздігі мен сот төрелігі процесіне қол сұқпау принциптері қатаң сақтала отырып атқарылатын болды.

Аталған Комитеттің төрағасын Жоғарғы сот Төрағасының ұсынысымен Республика Президенті тағайындайды.

Сот билігінің дәйектілігі оның қабылдаған шешімдерінің орындалуымен тікелей байланысты. Сот биліктерін орындау жүйесін соттан бөліп алу – көптеген сот шешімдерінің орындалмай қалуына әкеліп соқты. Бұл проблема атқару өндірісі органының мәртебесін арттыру жөнінде шаралар қабылдауды талап етті. Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ штат саны әрі мүлкі Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке және оның облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілеріне беріле отырып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот қаулыларын орындау жөніндегі комитеті таратылды. Яғни, атқарушылық өндірісті ұйымдастыру жүйесі Әділет министрлігінен шығарылып, Жоғарғы сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі Комитеттің құрамына жеке Департамент ретінде енгізілді.

Республикадағы сот билігінің тәуелсіздігін бекітудегі тарихи маңызы бар келесі тағы бір оқиға – 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануы. Бұл заң судьялардың құқықтық мәртебесін және жаңа сот жүйесін бекітіп, Жоғарғы сот Төрағасының және жергілікті соттар төрағаларының өкілдіктерін кеңейтті. Сотқа судьялық қызметке кандидаттарды іріктеуге соттардың жалпы отырысы арқылы судьялар да тікелей қатысатын болды.

Сот корпусының сапалы құрамын жақсарту үшін судья лауазымына кандидаттарға қойылатын жаңа қосымша талаптар – біліктілік емтиханның табысты тапсырған тұлғалардың міндетті түрде тағылымдамадан (стажировка) өтуі белгіленген. Бұл дұрыс әдіс, өйткені болашақ судья сот жұмысына іштен көріп, араласып, үлкен кәсіби мектептен өтеді, әрі өзінің сол жұмысқа лайық немесе лайық еместігін уақытылы пайымдап, өз болашағы туралы дер кезінде белгілі бір қорытынды жасай алады.

Судьяларға қойылатын талаптар қатайды. Заңда тәртіптік-біліктілік алқаларының өкілдігі едәуір кеңейтілді, енді олар тек тәртіптік істерді ғана емес, судьяларға қойылатын талаптарды орындамаған жағдайда, соның ішінде судья этикасы нормаларын бұзғаны үшін, судьялардың өкілеттіктерін тоқтату мәселесін де қарайтын болды.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттың ерекше өкілеттігі басқа органдарға берілмейді және ешқандай өзге органдар мен тұлғаларды судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқық жоқ. Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа да соттар құрайды.

Жергілікті соттарға:

Облыстық және оларға теңестірілген соттар, аудандық және оларға теңестірілген соттар жатады.

Аудандық және оларға теңестіріліген соттар бірінші инстанциядағы соттар болып табылады. Қазақстан

Республикасының азаматтық және қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес аудандық сот азаматтық істер мен қылмыстық істердің 90 пайыздан астамын қарайды. Аудандық сотта істерді судья жеке қарайды.

Елбасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығымен Алматы және Қарағанды қалаларында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды. Қазіргі жағдайда ҚР Президентінің Жарлығымен бұл сот барлық облыстарда құрылды. Сонымен қатар қазіргі уақытта арнайы мамандандырылған қаржылық соттар, әкімшілік соттар мен ювенальдық соттар құқық саласында өз қызметін атқаруда.

Ал екінші ғасырдың екінші кезеңі 2007 жылы 1 қаңтарда алқабилер заңының қолданысқа енген кезден бастап басталды деп айтуға болады. Алқабиге – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы жатады. Бұл алқабилер туралы негізді төртінші тарауда көре аламыз.

Демек, осы болып жатқан саяси және сот-құқықтық реформаларға байланысты тың бастаманың бәрі халық арманын асыл мұраты етіп ұстанған Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей ұсынысымен болып жатқаны баршаға мәлім.

### **3.3 Қазақстан Республикасының сот жүйесі**

Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға

беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ. Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі. Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді. Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер



бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді. Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды. Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот).

3. Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

Мамандандырылған соттарды облыстық немесе аудандық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа соттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен өзінің атауы бейнеленген мөрі болады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кірмейтін "Астана" халықаралық қаржы орталығы сотының ерекше мәртебесі болады.

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің бірлігі:

1) Конституцияда, осы Конституциялық заңда, іс жүргізу және өзге де заңдарда белгіленген, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот төрелігі принциптерімен;

2) сот билігін барлық соттар үшін сот ісін жүргізудің заңдарда белгіленген бірыңғай нысандары арқылы жүзеге асырумен;

3) Қазақстан Республикасының барлық соттарының қолданыстағы құқықты қолдануымен;

4) заңдарда судьялардың бірыңғай мәртебесін баянды етумен;

5) заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындаудың міндеттілігімен;

6) барлық соттарды тек қана Республикалық бюджет есебінен қаржыландырумен қамтамасыз етіледі.

Осы бапта көзделген талаптар "Астана" халықаралық қаржы орталығының сотына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы мен судьялар мәртебесі, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және басқа да заң актілерімен белгіленеді.

Аудандық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі – аудандық соттар) Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады.

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін.

Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен

келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынуы негізінде Жоғарғы Сот Кеңесімен келісім бойынша Жоғарғы Сот Төрағасы белгілейді.

Аудандық сот Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын төрағадан және судьялардан тұрады.

Егер аудандық сотта штат бойынша бір судья көзделсе, ол осы соттың төрағасы өкілеттігін атқарады.

#### **Аудандық соттың өкілеттігі**

Аудандық сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады.

Аудандық сот:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) сот статистикасын жүргізеді;
- 3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;
- 2) аудандық соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) азаматтарды қабылдауды жүргізеді;
- 3-1) аудандық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;
- 4) судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

6) өкімдер шығарады;

7) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аудандық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда осы сот төрағасының өкімі бойынша төраға міндеттерін атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Аудандық сотта төраға, судьялар болмаған жағдайда, олардың міндеттерін атқару Жоғарғы Соттың Төрағасымен келісу бойынша облыстық сот төрағасының өкімімен басқа соттың судьяларына жүктеледі.

Аудандық сот төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндетін уақытша атқару облыстық сот төрағасының өкімімен осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

**Облыстық және оларға теңестірілген соттарды құру**

1. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі – облыстық соттар) Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады.

2. Облыстық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір облыстық сот үшін судьялардың санын уәкілетті органның ұсынуы негізінде Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша Жоғарғы Соттың Төрағасы белгілейді.

**Облыстық соттың құрылымы мен құрамы**

1. Облыстық сот төрағадан және судьялардан тұрады.

2. Облыстық сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

- 1) жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар;
- 2) азаматтық істер жөніндегі сот алқасы;
- 3) қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы;
- 4) әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы (Қазақстан Республикасының Әскери сотын қоспағанда) облыстық соттың органдары болып табылады.

Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын төраға басқарады.

Сот алқасының сандық және дербес құрамын облыстық сот төрағасының ұсынуы бойынша облыстық соттың жалпы отырысы белгілейді.

Мамандандырылған құрамдарды облыстық соттың төрағасы жасақтайды.

Судья лауазымына кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалау үшін облыстық сот жанынан консультативтік-кеңесші орган – Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылады.

Судья лауазымдарына кандидаттар бойынша қорытындыларды Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін беруге тиіс.

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

Облыстық сот:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) сот тәжірибесін зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;
- 3) уәкілетті органның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы аумақтық бөлімшелерінің қызметін бақылауды жүзеге асырады;

3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **Облыстық соттың төрағасы**

1. Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) сот алқаларының отырыстарында төрағалық етуге құқылы;

3) облыстық соттың жалпы отырыстарын, кеңейтілген жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3-1) тәртіптік іс жүргізу шеңберінде судьяның әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде облыстық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды қамтамасыз етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

6) облыстық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сот практикасын зерделеуді ұйымдастырады;

8) өкімдер шығарады;

9) облыстық соттың, республикалық маңызы бар қала және астана соттарының кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

11) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстық сот төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндеттерін уақытша атқаруды Жоғарғы Сот Төрағасы облыстық соттың сот алқалары төрағаларының біріне жүктейді, ал сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда облыстық

сот төрағасының міндеттерін уақытша атқару облыстық соттың судьясына жүктеледі.

3. Облыстық соттың төрағасы уақытша болмаған жағдайда міндеттердің атқарылуын облыстық соттың төрағасы облыстық соттың сот алқалары төрағаларының біріне жүктеуді жүзеге асырады, ал сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда облыстық сот төрағасының міндеттерін уақытша атқару облыстық соттың судьясына жүктеледі.

4. Жоғарғы Соттың Төрағасы осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген міндеттер атқаруды жүктеудің күшін жоюға және облыстық сот төрағасының міндеттерін атқаруды осы облыстық соттың сот алқасының басқа төрағасына немесе судьясына жүктеуге құқылы.

#### **Облыстық соттың сот алқасының төрағасы**

1. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сот алқасында сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді;

3) сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

4) соттың жалпы отырысына сот алқасының қызметі туралы ақпаратты ұсынады;

5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Сот алқасының төрағасы облыстық сот төрағасына сот алқасында мамандандырылған құрамдар қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3. Сот алқасының төрағасы уақытша болмаған жағдайда сот төрағасы оның міндетін атқаруды алқа судьяларының біріне жүктейді.

Облыстық соттың сот алқасы төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе

өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда облыстық соттың төрағасы оның міндеттерін уақытша атқаруды облыстық соттың тиісті сот алқасының судьясына жүктейді.

Облыстық сот қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

1) тиісті сот алқасының сандық және дербес құрамын белгілейді;

2) облыстық сот төрағасы мен сот алқалары төрағаларының ақпаратын

тыңдайды;

3) сот практикасын талқылайды және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

4) уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аумақтық бөлімшесінің басшысы лауазымына адамды тағайындауға уәкілетті органға келісім береді;

5) уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аумақтық бөлімшесі басшысының қызметі туралы есепті тыңдайды;

6) аудандық және облыстық соттар судьяларының, аудандық сот төрағасының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін тиісті қорытындылар шығарады;

7) уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аумақтық бөлімшесінің басшысын қызметтен босату туралы уәкілетті органға ұсыну енгізеді;

8) судья қызметіне кандидаттардың тағылымдамадан өту қорытындыларын қарайды және тиісті қорытынды береді;

9) тәртіптік іс жүргізу шеңберінде судьяның әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды



Сот жириіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындысы бойынша тиісті шешім шығарады;

10) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

2. Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар облыстық сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болады.

2-1. Облыстық сот кеңейтілген жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

1) жергілікті соттың екі судьясын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына жібереді;

2) Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жириінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамдарына судьялардың кандидатураларын қарайды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсынымдарды шығарады.

Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырыстарына облыстық соттың судьялары және тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аудандық соттарының судьялары қатысады.

3. Облыстық соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының жұмыс тәртібі ол бекіткен регламентпен айқындалады.

4. Жалпы отырыстың кадр мәселелеріне және судьялардың тәртіптік жауапкершілігі мәселелеріне қатысты шешімдері жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, оларға қатысты кассациялық саты функцияларын жүзеге асырады және нормативтік қаулылар қабылдау арқылы

сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады.

## 2. Жоғарғы Сот:

1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) нормативтік қаулылар, қаулылар қабылдайды;

4) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Сот Төрағадан және судьялардан тұрады.

Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

2. Жоғарғы Сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

## 3. Мыналар:

1) жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар;

2) азаматтық істер жөніндегі сот алқасы;

3) қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы;

4) әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы Жоғарғы Соттың органдары болып табылады.

5) Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын төраға басқарады.

6) Сот алқасының сандық және дербес құрамын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысы белгілейді.

7) Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Соттың Төрағасы жасақтайды.

8) Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультативтік кеңес, халықаралық кеңес және баспасөз органы құрылады.

- 9) Жоғарғы Соттың жанында Сот төрелігі академиясы жұмыс істейді.

### **Жоғарғы Сот Төрағасы**

1. Жоғарғы Соттың Төрағасы судья болып табылады және судья міндетін атқарумен қатар:

1) жоғары сот органы ретінде Жоғарғы Сотты басқарады;

2) сот алқаларының отырыстарында төрағалық етуге құқылы;

3) Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасы мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдар енгізеді;

4-1) сот актілерін заңда көзделген негіздер бойынша қайта қарау туралы ұсынулар енгізеді;

5) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының бекітуіне Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Хатшысының, ғылыми-консультативтік және халықаралық кеңестер мүшелерінің кандидатураларын енгізеді.

6) қажет болған жағдайларда бір сот алқасының судьяларын басқа сот алқасының құрамында іс қарау үшін тартады;

6-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдеби нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

7) Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

8) алқалардың жұмысын үйлестіреді;

8-1) Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша әрбір жергілікті және басқа да сот судьяларының санын бекітеді;

9) Уәкілетті орган туралы ережені Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізеді;

9-1) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің шегінде заңнамада

белгіленген тәртіппен уәкілетті органның құрылымын және штат кестесін бекітеді;

9-2) заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органның басшысын және оның орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

11) өкімдер мен бұйрықтар шығарады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы Республиканың өзге де мемлекеттік билік тармақтары органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Республика сот жүйесінің мүддесін білдіреді, сондай-ақ:

1) облыстық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды баламалы негізде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына енгізеді;

2) Жоғарғы Сот Кеңесіне облыстық соттардың төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары лауазымдарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысында оларды талқылау нәтижелерімен бірге баламалы негізде ұсынады;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

4) осы Конституциялық заңмен көзделген негіздер туындаған жағдайда, Жоғарғы Сот Кеңесіне Республика соттары төрағаларының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының өкілеттігін тоқтату мәселесі бойынша ұсыныс пен материалдар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының Президентіне судьяларды және уәкілетті органның қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

6) республика судьяларын ведомстволық наградалармен наградтайды, "Құрметті судья" атағын береді және осы Атақты беру тәртібі туралы ережені бекітеді;

7) қажет болған кезде сот төрелігін іске асыру үшін судья лауазымында болудың шекті жасына толмаған отставкадағы судьяларды тартады;

8) заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша болмаған кезде оның міндеттері Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда Төрағаның міндеттерін уақытша атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен Жоғарғы Сот судьяларының біріне жүктеледі.

4. Жоғарғы Сот Төрағасы орнынан түскен жағдайда не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайда Төрағаның міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының (судьясының) біріне жүктейді.

### **Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы**

1. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді;

1-1) сот алқасында сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) Жоғарғы Соттың жалпы отырысында карау үшін судьялардың тиісті құжаттарды дайындауын қамтамасыз етеді;

4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысына сот алқасының қызметі туралы ақпарат береді;

4-1) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Сот алқасының төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттерін атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқа судьяларының біріне жүктеледі.

Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда оның міндеттерін уақытша атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша Жоғарғы Соттың тиісті сот алқасының судьясына жүктеледі.

Жоғарғы Соттың жалпы отырысы:

1) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша тиісті сот алқасының сандық және дербес құрамын белгілейді;

2) сот практикасын зерделеу мен жинақтаудың қорытындылары бойынша республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды;

3) нормативтік қаулылар, қаулылар қабылдайды, сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер береді және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Нормативтік қаулылар Жоғарғы Соттың жалпы отырысында Жоғарғы Соттың қатысып отырған судьялары санының кемінде үштен екі даусымен және Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кемінде төрттен үш кворумы болған кезде қабылданады;

4) Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және уәкілетті орган басшысының акпаратын тындайды;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда қорытынды береді;

6) облыстық соттар төрағаларының, сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағалары мен судьяларының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және тиісті қорытындылар шығарады;

7) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жалпы отырыстың хатшысын, ғылыми-консультативтік және халықаралық кеңестердің құрамдарын бекітеді;

8) судья мантиясының нысаны мен сипатын бекітеді;

7-4) Жоғарғы Сот жанындағы ғылыми-консультативтік және халықаралық кеңестер туралы ережелерді бекітеді;

9) тәртіптік іс жүргізу шеңберінде судьяның әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындысы бойынша тиісті шешім шығарады;

10) соттардағы істерді автоматтандырылған бөлу қағидаларын бекітеді;

11) облыстық соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының үлгілік регламентін бекітеді;

12) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жалпы отырыс оған Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады.

2-1. Жоғарғы Соттың судьялары, сондай-ақ облыстық соттардың кеңейтілген жалпы отырыстары жіберетін жергілікті соттардың судьялары қатысатын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысы:

1) сот жүйесінің бюджетін шығыстардың деңгейлері мен бағыттары бойынша бөлуді бекітеді;

2) Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның құрамдарына, сондай-ақ Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамына кандидаттарды ұсынады.

Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысының құрамына жіберілетін судьялар алқалардың төрағалары, соттардың төрағалары болмауға тиіс.

3. Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының жұмыс тәртібі өзі бекітетін регламентпен айқындалады.

### **Судья мәртебесі**

1. Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді.

Судья Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші болатын мемлекеттің лауазымды адамы болып табылады.

Судьялардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және өзге де заңдармен белгіленеді.

2. Судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге болмайды. Судьяны қылмысқа қарсы күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізуге болмайды.



### 3 СОТ БИЛІГІНІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

#### 4.1 Сот билігі: сот тәуелсіздігі ұғымдарының қалыптасу негіздері

Құқықтану ғылымында «сот билігі» деген ұғым салыстырмалы түрде алғанда жаңа категория болып табылады және оны зерттеу жұмыстары да бертінде ғана, 80-ші жылдардың аяғында – 90-шы жылдардың басында қолға алына бастады. Мұны түсіндірер болсақ, кеңестік мемлекетте теориялық тұжырымдама дәрежесіне көтерілген мемлекеттік саясат бойынша, елде бөлінбейтін біртұтас мемлекеттік билік болды. Сондықтан мемлекеттік биліктің дербес бір тармағы ретіндегі сот билігі туралы мәселе мүлдем туындаған емес.

Алдын ала атап өтетіні, біздің зерттеу объектімізден алшақ жатқан және «сот жүйесі» деген түсінікті еш дәрежеде қамтымайтын ұғымдар кейде «сот» деген ұғыммен ұштастырып қарастырылады. Айталық, спорттағы судьялардың өзіндік әлеуметтік орны және «әдеттегі» судьяларға ұқсас міндеті бар – адамдардың жасаған әрекеттерін соттау, олардың арасындағы дауды шешу.

Дегенмен, ең алдымен «сот» сөзінің қай ғасырдан бастап қолданыла бастағанын анықтап алайық. Егер Библияға назар аударсақ, онда былай деп жазылған: «Жоғары сот, Құдайдың соты, Ақырғы сот», бұл ұғымдарға ерекше, библиялық мағына артылған. Құранда да «Сот» деген сөз бар: 70-аятта «сот күніне сенетіндерді де...», 15-аятта «сот күнінде олар сонда отқа жанып жататын болады» (VI – VII ғғ.) деп көрсетілген. Атап өтетіні, бұл жерде әңгіме адамдардың соты туралы емес және нақты адамның жасаған іс-әрекеттері бойынша

дәлел жинау және бағалау сияқты басқа да барлық сот процедураларын адамдарға тән бүйрегі бұрудан ада жоғары күштердің атқаратыны туралы болып отыр.

Зандық мағынада алғанда «сот» ұғымы басқаша мәнге ие және ол адамдардың өздері жасаған, қалыптастырған және заң жүзінде немесе басқа да құқықтық нұсқаларында бекіткен дүниелерге сүйенеді. Бұдан шығатын қорытынды – адамзат қоғамы қанша уақыт тіршілік етсе, адамдар сотының «жасы» да сондай. Библия мәтінін талдауға сүйене отырып жасалған көзқарас бойынша, сот билігінің табиғаты – құдайдан, сондықтан сот билігінің «жасы» шамамен 3 мың жылға жетеді. Қоғам дамуының белгілі бір сатысына белгілі бір сот жүйесі сәйкес келеді және де қоғам неғұрлым жоғары дамыған болса, оның сот жүйесі де соғұрлым жетілген және даму деңгейі жоғары болады.

Соңғы жылдарда сот билігінің проблемалары, әсіресе, Ресей Федерациясы ғалымдарының көптеген ғылыми жұмыстарының зерттеу объектісіне айналды. Бірақ бұл ұғымның жекелеген аспектілері Қазақстан ғалымдарының да бірқатар еңбектерінде қарастырылған.

К. Халиков былай деп жазады: «Сот билігінің органы ретінде сот мынадай белгілерімен ерекшеленеді: 1) сот – бұл арнайы орган, құқық қолдану органы, оның көмегімен қоғамдық қатынастар қорғалады және реттеліп отырады; 2) сот – бұл қажетті жағдайларда елеулі мәжбүрлеу шараларын қолдануға мемлекет тарапынан уәкілеттік берілген ерекше орган. Осыған орай заңда: а) судьялардың мұқият іріктелуін, олардың қызметінің ерекше жағдайын және оған (сот құрылымына) арнайы бақылау жасалуын қамтамасыз ететін оны ұйымдастырудың ерекше тәртібі; б) мемлекеттік көзқарас тұрғысында құқықтың және мәжбүрлеу шараларының

дұрыс қолданылуын (сот ісін жүргізу) қамтамасыз ететін оның қызметінің іс жүргізушілік тәртібі көзделген.

Осыны ескере отырып, К. Халиков мына төмендегідей анықтаманы тұжырымдап берді: «Сот – бұл ерекше, арнайы ұйымдастырылған билік органы, ол заң бойынша өзінің құзырына жатқызылған істерді іс жүргізушілік тәртіппен қарайды және нақты жағдайларда (қоғамдық дауларда) құқық нормаларын қолданады және қажетті жағдайда мәжбүрлеу шараларын (зорлық) пайдаланады».

Қайрат Мәми 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциялық ережелеріне сүйене отырып, сот билігінің мынадай негізгі белгілерін бөліп көрсетеді:

Бірінші белгісі – бұл билік біртұтас мемлекеттік биліктің Конституция жүзінде бекітілген бір тармағы болып табылады. Осыған орай оны мемлекеттік биліктің бір түрі ретінде айқындау онша дұрыс емес, өйткені көптеген мемлекеттік органдар билік тармақтарының табиғатына сай келе бермейтін қызметті жүзеге асырады (мысалы, Конституциялық кеңес, прокуратура).

Екінші белгісі – сот билігінің тек қана арнайы мемлекеттік органдарға – Конституцияда белгіленген тәртіппен құрылған соттарға жататыны.

Үшінші белгісі – сот билігінің тәуелсіздігі, ол бойынша сот билігі ұйымдық, функционалдық және қаржылық жағынан дербес болуы көзделген, өз кезегінде бұл конституциялық тәртіппен қалыптастырылатын арнайы мемлекеттік органдардың құрылуы түрінде; соттардың алдына өзіндік міндеттер мен мақсаттардың қойылуы және оларға өзіндік құзыреттің берілуі; сондай-ақ мемлекеттік бюджеттер жеке қаржыландыру жасалатыны түрінде көрініс береді.

Биліктің бұл тармағының тәуелсіздігі оның басқа мемлекеттік органдарға: Қазақстан Республикасының

Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынбайтынын білдіреді. Сонымен қатар соттар абсолютті, толығымен тәуелсіз деп айта алмаймыз, өйткені олар Қазақстан Республикасы Конституциясының және басқа да заң актілерінің талаптарына бағынуға тиіс. Соттың заңсыз шешімдерін тек қана сот бұза алады, ал басқа құрылымдарға мұндай құқық берілмеген.

Төртінші белгісі – сот билігінің мемлекет атынан жүзеге асырылуы: үкімдер және соттың басқа да шешімдері Қазақстан Республикасының атынан жарияланады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабы 1-тармағы).

Бесінші белгісі – сот төрелігін, яғни құқықтық даулар мен істерді қараумен байланысты қызметті атқаруы.

Алтыншы белгісі – бұл биліктің республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындаған істер мен дауларға ғана таралатыны. Сот мораль, дін, қызметтік әдептілік нормаларын және т.с. бұзумен байланысты дауларды қарамайды және шешпейді.

Жетінші белгісі – бұл билікке қызметтің ерекше тәртібінің, яғни іс жүргізу тәртібінің (шағым бойынша іс жүргізу, процеске айыптау және қорғау тараптарының қатысуы) тән болуы.

Сегізінші белгісі – бұл биліктің құқық қорғау сипатында болуы, осыған орай оның қызметінде екі аспектіні атап көрсетуге болады: жалпы құқық пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау.

Тоғызыншы белгісі – оның шығарған шешімдерінің мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілуі.

Осы айтылғандарды ескере отырып, Қайрат Мәми мынадай тұжырым жасайды: «Сот билігін Конституцияда белгіленген тәртіппен құрылатын, заң бойынша құқықтық даулар мен істерді шешу және азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында оларға жүктелген басқа да міндеттерді орындау бойынша құзыры бар, ерекше іс жүргізу нысанында әрекет ететін және мемлекеттің бүкіл аумағында міндетті сипаты бар және мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілетін шешімдерді шығару құқығын иеленетін соттар арнайы мемлекеттік органдар ретінде мемлекеттің атынан іске асыратын, Конституция жүзінде белгіленген біртұтас мемлекеттік биліктің тәуелсіз бір тармағы ретінде айқындау қажет».

Ғ. Сапарғалиев «Қазақстан Республикасында сот билігі кімнің де еркінен тәуелсіз және тек қана сот Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асыратын мемлекеттік биліктің дербес бір тармағы ретінде қарастырылады», – дейді.

Құқық доктринасында сот билігіне анықтама беруде ортақ көзқарас жоқ. Атап айтқанда, Г. Черемных сот билігін құқықтың негізінде әлеуметтік дауларды шешетін, нормативтік және құқық қолдану актілерінің Конституцияға және заңдарға сәйкес болуын бақылайтын, сондай-ақ заңдық маңызы бар фактілерді анықтайтын мемлекеттік биліктің тәуелсіз әрі дербес тармағы ретінде сипаттайды.

В. Лазарева сот билігін соттардың ерекше іс жүргізу нысанында сот төрелігін атқару және бәріне міндетті шешім қабылдау жолымен қоғамда туындайтын құқықтық

сипаттағы дауларды шешу жөніндегі айрықша билік өкілеттігі деп айқындайды.

Кейбір авторлар, атап айтқанда, Г.И. Никеров, сот билігі деп мемлекетте заңның негізінде, халықаралық құқықтың нормалары мен қағидалары бойынша, Конституция жүзінде және басқа да нормативтік құқықтық актілерде оған бекітіп берілген өкілеттіктерге сәйкес сот төрелігін атқару жолымен сот жүйесінің қызмет етуі нысанында көрініс беретін мемлекеттік биліктің дербес бір түрін ұғынады.

А. Бойков «сот билігі» терминін «сот, сот жүйесі» ұғымына сай қолданудың жиі кездесетінін айта келе, мемлекеттік биліктің органы ретіндегі соттың қызметін қалыптастыратын факторларға, сот юрисдикциясы саласының ауқымын кеңейту; сот төрелігінің жаңа толыққанды түрлерін және оның демократиялық қағидаларын бекіту; судьялар тәуелсіздігінің кепілдіктер жүйесін жасау қажеттігіне орынды назар аударады. Оның пікірінше, «сот билігі» ұғымының дәстүрлі «сот жүйесі» түсінігінен айырмашылығы мынада: сот билігі жеке құқықтық даулар бойынша сот төрелігі шеңберінен шығады және, автордың сөзімен айтсақ, «биліктің басқа тармақтарының абсолютистік амбицияларын тежеуге» қатысатын мемлекеттік орган деңгейіне көтеріледі.

Автор өзінің бұл позициясын қылмыстық сот ісін жүргізудегі сот билігінің өкілеттігін, процеске қатысушы басқа тұлғалармен – прокуратурамен және адвокатурамен қарым-қатынасының тәжірибесін егжей-тегжейлі қарастыру арқылы қуаттай түседі. Ал сот төрелігінің басқа тараптары, сондай-ақ сот билігінің сот төрелігін жүзеге асыру шеңберінен тыс, жоғарыда көрсетілген өзге де өкілеттіктері оның жұмысында қарастырылмаған.

И. Петрухин сот билігін мемлекет пен азаматтардың арасындағы, азаматтардың, заңды тұлғалардың

арасындағы әлеуметтік дау-дамайларды заңның негізінде шешу үшін..., атқарушы билік органдарымен және лауазымды тұлғалармен өзара қатынасында азаматтардың құқықтарын қорғау..., неғұрлым маңызды заңдық фактілерді анықтау үшін құрылған мемлекеттік биліктің дербес, тәуелсіз бір тармағы ретінде айқындап отыр.

Жоғарыда аталған арнайы зерттеулерден басқа, сот билігі ұғымы құқық қорғау органдары деген оқулықтарда, оқу құралдарында міндетті түрде ашып көрсетіледі.

К. Гуценконың редакциялауымен шыққан құқық қорғау органдары курсы бойынша алғашқы оқулықтардың бірінде сот билігі деген ұғымға «бұл мемлекеттік аппаратта ерекше орын алатын органдар (соттар) іске асырып отыратын адамдардың мінез-құлқына және әлеуметтік процестерге ықпал етудің өздеріне тән мүмкіндігі және қабілеті» деген анықтама берілген. Сөйтіп, бұл жерде жүйенің екі негізгі құрамдас бөлігі атап көрсетілген: арнайы құрылатын органдар – соттар билікті іске асырады және оларда осындай ықпал жасаудың тәсілдері мен мүмкіндіктері бар деп айта аламыз.

Сот билігі ұғымын және оның қызметінің негізгі нысандарын сипаттайтын жоғарыда келтірілген негізгі ереже құқық қорғау органдары курсы бойынша кейін шығарылған көптеген басқа оқу құралдарында қандай да бір нұсқада қайталаанады.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының Конституциясында тұжырымдалған мемлекеттік биліктің бөліну қағидасын ескере отырып қана сот билігінің ұғымы мен мәнін тұтас түсінуге болады. Яғни Конституцияның 3-бабы 4-бөлігі бойынша, Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөліну қағидасына сәйкес Конституция мен заңдардың негізінде жүзеге асырылады.... Бұл

қағидаға қарап, тиісті билік өкілеттіктерін жүзеге асыру өздерінің ерекше қызметтерін дербес жүзеге асырып отырған мемлекеттік органдарды оқшаулауды қажет етеді деген тұжырым жасауға болады. Мемлекеттік органдар жағдайында басқаруға басқаша көзқарастың болуы бір органдардың басқа органдардан басым болуына және түптің түбінде биліктің бір жерде шоғырлануына және монополия орнауына әкеледі.

Сот билігі ұғымына анықтама берудің қиындығы тағы бір факторға байланысты. Бір жағынан, биліктің сот органдарының өз міндеттерін атқару құқығын тікелей халықтың өзі бермейді, ал екінші жағынан сот төрелігі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың және конституциялық тәртіпті сақтаудың ең қол жетерлік және тиімді тәсілі болып табылады. Сонымен бірге, өз өкілеттіктерін іске асыра отырып, сот органдары мемлекет аумағында заңдардың тиісті түрде орындалуын қамтамасыз етеді, не мемлекеттік биліктің басқа органдарының нормативтік құқықтық актілерінің заңға немесе Конституцияға қайшы екенін анықтайды.

Сот билігін екі аспектіде қарастырған жөн: біріншіден, мемлекеттік органдардың айрықша өкілеттігі ретінде, яғни адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған әлеуметтік-құқықтық дауларды ерекше іс жүргізу нысанында қарау және шешіп беру болып табылады және екіншіден, құқықтық мемлекетте мемлекеттік билікті жүзеге асырудың нысаны ретінде қарау.

Мемлекеттік биліктегі сот органдарының өзіндік ерекшелігі – олар өз өкілеттіктерін іске асыру бойынша бастама көтермейді. Сот органдары оларды басқа субъектілер (азаматтар, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер,



мемлекеттік биліктің өзге ұйымдары) іс-қимыл жасауға тартқан жағдайда ғана өз билігін пайдаланады.

Мемлекеттік биліктің сот жүйесіне сондай-ақ әмбебаптылық тән. Қазақстан Республикасының заңнамасында азаматтардың өз құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты кез келген мәселелер бойынша сотқа шағымдану мүмкіндігі қарастырылған. Осы орайда іс жүзінде соттың қоғамдық қатынастарға қатысушылардың арасында туындайтын, нәтижесінде азаматтардың немесе ұйымның құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соққан кез келген дауларды шешуге өкілеттігі бар.

Мемлекеттік билік органдары жүйесінде соттың алатын орнын айқындау оның функциясын анықтау проблемасымен тығыз байланысты. Осы орайда атап өтетіні, бұл функциялар, бір жағынан, жалпы мемлекеттің негізгі функцияларының іске асырылуын қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан, олардың іске асырылуы мемлекеттік билік органдары жүйесіне тепе-теңдік жағдайын сақтай отырып, біртұтас және тұрақты болып қалуына мүмкіндік береді. Басқа сөзбен айтсақ, сот органдарының рөлін, маңызы мен өкілеттіктерін зерттеу кезінде жүйе қызметінің жалпы бағдарына сәйкес басқа субъектілермен өзара қатынасы шеңберінде сот органдары жүзеге асыратын сыртқы функцияларды және іске асырылуы нәтижесінде сот жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін және мемлекеттік билік органдарының өзара қатынасында көрінетін ішкі функцияларды да бөліп көрсету қажет.

«Функция» термині латын тілінен аударғанда қандай да бір объектінің қасиеттерінің орындалуын, сыртқы байқалуын білдіреді. Осыған орай заң ғылымы әдебиетінде «функция» және «міндеттер» деген

ұғымдардың аражігін неғұрлым дәл анықтаудың қажеттігі туралы айтылып жүр. Құқық теориясында мемлекеттік органның функциялары деп органдар қызметінің негізгі бағыттарын түсіну қабылданған, дәл осы бағыттар қоғамның істерін басқару жөніндегі оның мәнісін және әлеуметтік арналуын көрсетеді. Осыған байланысты мемлекеттік биліктің сот органдарының функциялары – бұл мемлекеттік биліктің сот органдары қызметінің негізгі бағыттары, бұлардың шеңберінде оның мемлекеттік билік органдары жүйесінің бір элементі ретіндегі мәнісі көрінеді. Мемлекеттік биліктің сот органдарының функцияларының мазмұны мемлекеттік органдар жүйесінің алдында тұрған міндеттерді әкімшілік, азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізу нысанында өзіндік ерекшелігі бар әдістермен шешуге бағытталған ерекше бір басқару қызметінен байқалады.

Осы айтылғандар мемлекеттік биліктің сот органдары функцияларының кейбір елеулі сипаттамаларын айқындауға мүмкіндік береді:

1. Сот мемлекеттік билік органдарының құрамдас бөлігі болып табылады және осыған орай жалпы алғанда мемлекетке тән функцияларды атқарады.
2. Мемлекеттік билік органдары жүйесінде соттың алатын орны оның негізгі функцияларын және оларды жүзеге асыру тәсілдерін белгілейді.
3. Соттың алдында тұратын өзіндік ерекшелігі бар міндеттер мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі олардың орнын айқындайтын қағидалар бойынша, оларды шешудің жеке әдістерін дамытуды детерминизациялайды.
4. Мемлекеттік биліктің сот органдарының функцияларын іске асыру мемлекеттік билік органдары жүйесінің басқа элементтерімен өзара ықпалдастықта жүзеге асырылады.

Мемлекеттік биліктің сот органдарының функцияларын зерттеу, біріншіден, мемлекеттік биліктің сот органдары қызметінің негізгі бағыттарын және олардың шектерін анықтауға, ал екіншіден, мемлекеттік биліктің басқа органдарымен соттың өзара қатынасының қағидаларын айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан сот органдарының функцияларын оларға бекітіп берілген өкілеттіктерден ажыратқан жөн. Мемлекеттік биліктің сот органдарының өкілеттіктері деп мемлекеттік билік органына жүктелген функциялар мен міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз ететін құқықтар мен міндеттердің бүкіл жиынтығын түсінеді. Мысалы, құқық қорғау функциясы іс жүзінде процеске қатысушылардың сот отырысына келуін талап ету, сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығару, тараптар ұсынатын заттай дәлелдемелерді іске қосу және т.с. өкілеттіктерін соттың пайдалануы арқылы іске асырылады.

Заң ғылымы әдебиетінде мемлекеттік биліктің сот органдарының функцияларына өз құзыры шеңберінде азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және басқа да істерді қарау және шешу; құқық тәртібін сақтау; меншіктің әр түрлі нысандарын қорғау; адам мен азаматтың саяси, әлеуметтік және басқа да құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауды қамтамасыз ету; құқықтық мәдениетті тәрбиелеу; адам құқықтарына, қоғамдық мораль нормаларына құрметпен қарауды тәрбиелеу; соттың тәрбиелеу функциясын; сот корпусын қалыптастыру; құқыққа түсіндірме беру; сот қызметіне сот қадағалауын жасау; құқық бұзушылықтардың алдын алу, заң шығарушылық бастама көтеру, сот тәжірибесін жалпылау, сот статистикасына талдау жасау сияқты функцияларды жатқызады.

Зерттеу материалдарында мемлекеттік биліктің сот органдары функцияларының әлденеше екені және оларды

сот төрелігі функциясына ғана апарып қоюға болмайтыны айтылып жүр. Осыны мойындай отырып, атап өтетіні, функциялар – бұл әрқашан да мемлекеттік билік органдары қызметінің негізгі бағыттары, олардың өзіндік ерекшеліктері мен міндеті осында қамтылған. Бұл орайда оларды айқындау және белгілеу үшін сот қызметінің өзіндік ерекшеліктерін алдын ала белгілейтін қасиеттерін анықтау қажет. Сот қызметінің бағыттары мен өкілеттіктері мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі оның сапа тұрғысындағы өзіндік ерекшеліктерін бөліп көрсетпейді, сондықтан оларды функциялар деп атауға болмайды.

Сот – мемлекеттік органдар жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, оның функциялары, жалпы алғанда, жүйенің функцияларымен үйлесуге тиіс. Сот билігін элеуметтік-құқықтық дауларды реттеу жөніндегі айрықша өкілеттік ретінде қарастыра отырып, бұл өкілеттіктің әрқашан да сот жүйесінің өзіндік ұйымдастыруға емес, қайта сыртқа – қоғамдағы әртүрлі субъектілер мен мүдделердің арасындағы қайшылықтарды шешуге, қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіруге, азаматтардың арасында бейбітшілік орнатуға және қоғамдық мүдделердің үйлесімін табуға, мемлекеттік органдар жүйесінің тұрақтылығын сақтауға бағытталатынын мойындамасқа болмайды.

Ғылыми әдебиетті, қолданыстағы заңнаманы талдау, жүйелер теориясының жалпы ережелерін қолдану, жүйе түзуші факторды бөліп көрсету ... құқықтық мемлекеттегі сот органдарының негізгі функциясын – азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау міндетін анықтауға мүмкіндік береді. Аталмыш функция қоғам мен мемлекеттің өмірі мен қызметінің барлық аспектілеріне таралады және азаматтардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік

органдардың қатысуымен болатын қарым-қатынастардың бүкіл ауқымына енеді. И. Фойницкийдің мына пікірі негізді болып көрінеді: «Сот билігінің мемлекеттік міндеті - заң бойынша берілген құқықтарды барлық бұзушылардан қорғау... Бірақ жеке адамның барлық құқықтарының негізінде оның бостандығы жатыр. Сондықтан, сот билігінің аса маңызды функцияларының бірі жеке адамның бостандығын қорғау деп танылатыны қисынды, сот жеке адамдардың қылмыстық әрекеттері, сол сияқты сыртқы биліктің өкімдері арқылы оған қарсы бағытталған қол сұғушылықты жою үшін оны қорғауға шығады. Соттың жеке адам бостандығының кез келген қолсұғушылықтан шынайы қауіпсіз болуын қамтамасыз етуге жағдайы келетін жерде ғана сот билігін сыртқы күштерден дербес және тәуелсіз деп тануға болады».

Ғылыми заң әдебиетінде «сот төрелігі» сондай-ақ сот билігінің функцияларына жатқызылады немесе оны құқық қорғау функциясымен ұқсастырады. Айталық В. Скитович сот төрелігін, судьялар корпусын қалыптастыруды және сот тәжірибесін басқаруды сот билігінің функцияларына жатқызады. Осыған ұқсас пікірді В. Божьев те ұстанады, оның айтуынша, сот билігінің функциясы сот төрелігі болып табылады..., ал судьялар корпусын қалыптастыру және сот тәжірибесін басқару сот билігінің өкілеттігі, оны іске асырудың түрлері болып келеді.

Дегенмен қолданыстағы заңнамаға және биліктің сот органдары қызметінің тәжірибесіне жасалған талдау сот төрелігі – сот билігінің негізгі функциясын, яғни азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды іске асырудың белгілі бір формасы ғана деген тұжырым жасауға негіз береді. Қызметтің формасы қызметтің дәл өзі емес, және осыған орай сот билігінің құқық қорғау және т.б. функцияларын,

тиісті функцияның іске асырылатын нысанын ажыратуға болады. Осы айтылғандарды қуаттау үшін В.М. Совицкийдің пікірін келтіру орынды. Оның ойынша, тиісті ұғымдардың аражігін ажырату қажет және сот билігін қылмыстық және азаматтық істер бойынша дәстүрлі сот төрелігімен ғана шектеуге болмайды.

Соттың функциялары заңда белгіленген іс жүргізу нысандарында іске асырылады. Сот билігі функциясын жүзеге асырудың нысаны – бұл қоғамдық қатынастарға ықпал етудің заңда белгіленген тәсілдері, амалдары жиынтығының іс жүргізу түріндегі сыртқы көрінісі, олардың көмегімен мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың мақсаттарына қол жеткізіледі. Осыған сәйкес сот төрелігі де – биліктің сот органдарының қызмет ету нысаны, бұл арқылы олардың негізгі функциясы – азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау іске асырылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы 2-бөлігінде сот билігінің азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандарында жүзеге асырылатыны айтылған.

Сот және мемлекеттік органдар жүйесіндегі оның орны онда жүзеге асырылатын байланыстар мен өзара әрекеттесуді зерттеуді қажет етеді. Біздің ойымызша, күрделі әлеуметтік жүйедегі өзара іс-қимылды талдау үшін И.В. Блауберг пен Э. Юрин қалыптастырған жүйе міндеттерін шешуге арналған күрделі әлеуметтік объектілерді бөлшектеу тәсілін пайдаланған жөн. Олар синтетикалық үлгілер құрудың мақсатқа сай екенін ұсынды және негіздеп берді. Бұл үлгілерде қоғамды көлденеңінен – әлеуметтік жүйенің деңгейлеріне және тігінен – қоғамдық өмірдің белгілі бір салаларына: экономикаға, саясатқа, ізгілікке, өнер саласына және т.с. бөлшектеу бір-бірімен үйлеседі. Осының нәтижесінде

мемлекеттік органдар жүйесіндегі соттың алатын орнын қарастыру кезінде осы методологиялық көзқарасты пайдаланып, мемлекеттік органдардың арасында функцияларды бөлу проблемасымен және оны оқшау зерттеумен шектелуге болмайды, өйткені олардың өзара әрекеттесуі және бірін-бірін тежеуі қажеттігі туындайды. Мемлекеттік билік органдарының арасындағы өзара ықпалдасудың өзі мемлекеттік органдар жүйесінде тепе-теңдік сақтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде, алға қойылған мақсаттардың іске асырылуын және қажетті нәтижеге қол жеткізілуін қамтамасыз етеді. Осыған орай мемлекеттік органдардың арасындағы «тікелей» және «кері» байланыстарды, ортамен қарым-қатынас жасаудың тәсілдері мен негізгі құралдарын, осы қарым-қатынас шеңберіндегі соттың функциялары мен рөлін қарастыру мақсатқа сай. Күрделі жүйелі объектілерді зерттеуге жоғарыда аталған авторлардың ұсынған көзқарасы тұрғысынан келуді мемлекеттік органдар жүйесіндегі соттың орнын қарастыру шеңберінде де қолдануға болады, онда көлденеңінен бөлшектеу – мемлекеттік биліктің әртүрлі органдарының қызмет етуімен, ал тігінен бөлшектеу – мемлекеттік биліктің жеке нысандарымен: құқық шығарумен, атқару-өкім ету қызметімен және сот төрелігімен байланыстырылады.

Құқық қолдану кезінде мемлекеттік билік органдарының арасындағы өзара әрекеттесудің мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі маңызы еш кем емес.

Атап өтетіні, соттың жеке реттеуінің осы заңдық механизмі құқықты іске асыру нысандарының бірі – құқық қолдану аясында іске асырылады, ал оның астарында мемлекеттік немесе өзге де уәкілетті органдардың нақты заңдық мәселені, істі қарау және ол

бойынша жеке шешім шығару жөніндегі билік қызметін түсінеді. Құқық қолдану нысанында мемлекет билігі құқықтық реттеу процесіне тиісті нормативтік құқықтық акті шығарылғаннан кейін қосылады және бұл заңдық норманы уәкілетті мемлекеттік органдардың ықпалдасуынсыз іске асыру мүмкін болмайтын жағдайлар да болады. Осындай жағдайларға жататыны:

а) заңдық маңызы бар мән-жайларды ресми түрде анықтау қажет болғанда;

б) мемлекеттік биліктің жеке өкімінсіз норманың диспозициясы мүлдем іске асырылмайтын жағдай;

в) санкцияны іске асыру, оның мөлшерін және орындау тәртібін айқындау туралы әңгіме болғанда.

Заң әдебиетінде соттың құқық қолдану белгілеріне мыналарды жатқызады:

1) ерекше субъект – сот органы, заңға сәйкес ол құқықтық норманың іске асырылуын қамтамасыз ететін билік шешімін қабылдауға тиіс;

2) мемлекеттік билік сипаты;

3) мемлекеттің басқару қызметінің нысаны ретінде әрекет етеді;

4) белгілі бір іс жүргізу нысандарында жүзеге асырылады;

5) өзі күрделі, сатылы процесс болып табылады;

6) шығармашылық сипаты бар;

7) құқық қолданудың нәтижелері жеке заңдық акт – құқық қолдану актісі – соттың шешімі түрінде ресімделеді.

Соттың құқық қолдануының нәтижесі бойынша соттың шешімі шығарылады, бұл – құқық қолдану жөніндегі мемлекеттік биліктің бұйыруын қамтитын соттың ресми құжаты.

Соттың шешімдері құқық қолдану актілеріне жатады, ал олардың нормативтік құқықтық актілермен кейбір



ортақ қасиеттері бар, өйткені олар да жазбаша актілер – мемлекет шығаратын және белгілі бір заңдық күші бар құжаттар болып келеді.

Сонымен қатар, аталмыш актілердің мазмұны жағынан бір-бірінен елеулі айырмашылығы бар: егер нормативтік құқықтық актілерде жалпы сипаттағы белгілеу (предписание) қамтылса, құқық қолдану актілерінің мазмұны биліктің жеке белгілеуі (предписание) болып келеді (субъектілер бойынша әрі олардың құқықтары мен міндеттері бойынша нақтыланған). Басқаша айтқанда, мемлекеттік органдардың құқық қолдану және норма шығару қызметінің айырмашылығы тиісті қызметтің нәтижелерінен байқалады. Айталық, құқық қолдану барысында мемлекеттік орган акт қабылдап, онда құқықтық қатынастардың нақты субъектілеріне арналған жеке белгілеуі бар. Ал екінші жағынан, норма шығару қызметінің нәтижесі белгіленбеген, адамдарға күші таралатын акт болады, атап өтетіні, адамдардың нақты құқықтық қатынастарға қатысып не қатыспай отырғанына мұның байланысы жоқ.

Жүйелеу теориясы тұрғысынан келсек, құқық қолдану өзара әрекеттесу, бірін-бірі толықтыру және өзін-өзі реттеу болып табылады. Неге десеніз, нақты құқықтық қатынастарға абстрактілі құқықтық нормаларды қолдану кезінде сот құқықтық норманың мағынасын айқындап, оны құқықтық қатынастардың басқа қатысушыларына түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге нормативтік құқықтық актілердегі ақтаңдақтар мен коллизияларды жеңуге, факультативті және балама құқықтық нормалар қолданылатын жағдайда шешім қабылдауға мәжбүр болады. Нақты істі шешу кезінде судья тараптардың іс-әрекеттерін саралауға, жағдайға сәйкес келетін құқық нормасын, оның мағынасын мен мазмұнын айқындауға,

туындауы мүмкін коллизиялар мен ақтаңдақтарды жеңуге тиіс.

Ана не мына санкцияны таңдау кезінде судья құқық бұзушының тұлғасын және құқық бұзушылықтың жасалу мән-жайларын, сондай-ақ сот шешімінің болатын салдарын ескеруге тиіс. Заңнама жүзінде бекітілген белгілі бір бағыт-бағдардың көмегімен құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін және заң шығару жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге болады. Биліктің тармақтарға бөліну қағидасы іске асырылатын жағдайда заң шығару және сот органдарының арасындағы қарым-қатынастың бұл үлгісінің ең дұрыс болатыны анық, өйткені бұл жағдайда мемлекеттік билік органдары жүйесінде қандай да бір наразылық болмауға тиіс, себебі шешім қабылдау кезінде судья ұйғаруының шектері іс жүзінде анықталған. Сонымен бірге қоғамдық қатынастар дамуының көп үлгісі бар болатын жағдайда заңнаманың белгілі бір дәрежеде икемді болуы және мемлекеттік басқару ісінің тұтастығының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Нақты істі шешу кезінде қолданылуға тиіс құқық нормасын таңдау барысында сот құқықтық нормалардың қиғаштығы (коллизиясы) проблемасына тап болатыны жиі кездеседі. Мұндай жағдайда заңды әрі негізделген шешімнің шығарылуы нақты жағдайда қолдануға болатын бірнеше құқықтық норманың ішінен біреуін дұрыс таңдаумен байланысты. Осы орайда қолданылуға тиіс құқықтық нормалар толық және сол сияқты ішінара қайшы келетін жағдайлар болуы мүмкін. Заң әдебиетінде коллизияның туындау себептеріне, әдетте, қоғамдық қатынастардың дамуын жатқызады, атап айтсақ, бұл: жалпы арнайы және ерекше құқықтық нормалардың бәсекелестігі; құқық шығару процесінің әртүрлі субъектілерінің құқықтық нормалар қабылдауы; құқық

шығару органдары құзырларының жолы қиылысуы. Коллизияларды жеңе білу – судьялардың алдында тұрған міндет, ал оларды жою – құқық шығару органдарының құзырына жатады.

Нормативтік құқықтық актілердің заңдар мен Конституцияға қайшы келмеуін тексеру – соттардың иерархиялық коллизияларды жеңуінің үйреншікті үлгісі. Иерархиялық коллизиялар жалпы қабылданған нормалардың және халықаралық құқық қағидаларының, халықаралық шарттардың, конституцияның, заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің арасындағы толық немесе ішінара сәйкессіздік болып келеді. Сотта құқық қолдану үдерісінде судья әртүрлі заңдық күші бар құқықтық нормалардың арасындағы қайшылықтарды анықтап, заңдық күші неғұрлым жоғары актілерді қолдануға тиіс, сол арқылы ол заңнамаға сәйкестікті және оның осы нақты жағдайда тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді. Иерархиялық қиғаштықтардан басқа, құқық жүйесінде кеңістік мен мазмұн арасында коллизия туындауы мүмкін. Осыған сәйкес әртүрлі уақытта қабылданған және мемлекеттің әртүрлі аумақтарында қолданылып отырған құқық нормаларының арасында және құқық ғылымында тұжырымдалған коллизия жеңудің жалпы ережелері арасында қайшылықтар болады.

Осы айтылғандарды талдай келе, Қазақстан Республикасының сот билігінің мынадай белгілерін (заң жүзінде бекітілген) бөліп көрсетуге болады:

Бірінші белгісі – сот билігі мемлекеттік биліктің бір түрі, оның бір тармағы болып табылады.

Екінші белгісі – Қазақстан Республикасында сот билігін судьялар және заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін атқаруға тартылатын алқабилер тұлғасындағы соттар ғана іске асырады. Басқа ешқандай органдар мен

тұлғалар сот төрелігін атқаруды өзіне алуға құқылы емес, Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек қана сот атқарады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделмеген төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

Үшінші белгісі – сот билігі дербес және ол заң шығарушы және атқарушы биліктен тәуелсіз қызмет етеді. Соттар сот билігін дербес, кімнің болмасын еркінен тәуелсіз іске асырады және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағынады. Демек судьяларға және сот төрелігін атқаруға қатысып отырған алқабилерге заңсыз ықпал етуге, сондай-ақ соттың қызметіне өзгедей араласуға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

Төртінші белгісі – Қазақстан Республикасының сот билігінің шығарылған және заңды күшіне енген шешімдері мен үкімдері, сондай-ақ олардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақыртулары мен басқа да жүгінуі мемлекеттік билік органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да жеке және заңды тұлғалардың барлығы үшін міндетті болып табылады және мүлтіксіз орындалуға тиіс. Соттың қаулысын орындамау, сол сияқты сотқа басқадай сыйламаушылық білдіру Қазақстан Республикасының заңында көзделген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Бесінші белгісі – бәрінің заң мен сот алдында тең болуы қағидасына орай сот билігі қандай да бір органдарға, процеске қатысушы тұлғаларға, тараптарға олардың мемлекеттік, әлеуметтік қасиетіне, жынысына, нәсіліне, ұлтына немесе саяси көзқарасына, не тегіне, мүлктік және қызметтік жағдайына, дінге көзқарасына, сол сияқты Республика заңдарында көзделмеген басқа да негіздерге орай ешқандай артықшылық бермейді.

Алтыншы белгісі – сот билігі жыл сайын Қазақстан Республикасының жеке көзделген мемлекеттік бюджетінен қаржыландырылады.

Осы айтылғандарды ескере отырып, мына төмендегідей анықтаманы тұжырымдауға болады. **Сот билігі дегеніміз** – бұл мемлекеттік қызметі негізінде құрылған, мемлекеттің атынан әрекет ететін, заңға сәйкес қоғам өмірінің құқық саласында құқықты қолдануға өкілеттігі бар және осы өкілеттіктерді іске асыру үшін іс жүргізу заңдарына сәйкес қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және тағы басқалай іс жүргізуді жүзеге асыратын арнайы биліктің бір түрі (сот билігі дейміз) болып табылады деп көрсетілді. Бұл органның негізгі мақсаты мен міндеті – адам мен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін әртүрлі қолсұғушылықтан қорғау болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

---

1 Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл (Заң актілерінің жиынтығы). – 10 лет независимости Республики Казахстан (Сборник законодательных актов). – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 760 б.

2 Қазақстан Республикасының жаңа заңдары / Құрастырған Ф.Т. Бейсенбина. – Алматы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің редакциялық – баспа бөлімі, 1992. – 264 б.

3 Президент Казахстана выступает за усиление судебно - правовой реформы // Панорама – 1999. - 19 марта.

4 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (1994 жыл 27 желтоқсан). – Алматы, 1995. – 218 б.

5 Қазақстан Республикасының Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі №949 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан – 2002. - 3 қазан.

6 «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Жетісу – 2007. - 3 наурыз.

7 «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы // Астана: – 2008. - 9 ақпан.

8 Қазақстан Республикасының «Алқабилер» туралы заңы (2006 жыл. 16 қаңтар) // Справочная правовая система ЮРИСТ

9 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз // «ЗАҢ» базасы - Қазақстан

Республикасының электрондық жүйеленген нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы.

10 Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. – Алматы: Жеті жарғы, - 2001. – 64 б.

11 Озганбаев О. Основы общественно-правовых реформ в период становления Казахской государственности // Материалы международной научно-практической конференции. На тему: Законотворческий процесс в Республики Казахстан: состояние и проблемы. – Алматы, 1997. – 624 с.

12 Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Атамұра, 2008. – 216 б.

13 Зиманов С.З. Би – халық шежірешісі, данасы, әрі заңгері // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті жарғы, -- 2004.- 3-т. - 616 б.

14 Есенберлин І. Ертедегі билер ықпалы. - Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер // Древний мир права казахов: 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З.Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, - 2001 - Т.І. – 440 бет.

15 Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов: 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001.- Т.І. – 440 б.

16 Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. - 206 б.

17 Зиманов С.З. Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» болды ма? // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар,

деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. - 3-т. - 616 б. («интеллектуал - Парасат» заң компаниясы).

18 Еламанов Қ. Шаңырақ пен Пырақ (танымды көркем шығарма). – Алматы: Жеті жарғы, 1999. - 176 б.

19 Сәкен Өзбекұлы. Қазақ билерінің көзқарасындағы Әділетті басқару және Әділ сот мәселелері // Қазақстан заңдары - 1998. - №3. – 59-60 бб.

20 Кенжалиев З.К. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот билігі // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. 10 томдық. / Бағдарлама жетекшісі С.З.Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2003.- 2-т. – 464 б.

21 Байтұрсынов А. Бұрынғы әділ билер // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов: 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. - Т.1. – 2001. – 79-80 б.

22 Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. – Алматы, 2004. – 312с.

23 Мұқанов С. Хан – қазық , Би – тоқпақ // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов: 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. - Т.1. – 82 б.

24 Ахмет С. Қазақ дәстүрлі құқықтарының түп-төркіні // Жоғарғы Сот жаршысы. - Алматы, 1995. - №2. - 21-25 бб.

25 Валиханов Ч. Суд биев в древней народной форме // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов. 10 томдық. /



Бағдарлама жетекшісі: С.З.Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2003 – 165-166 бб.

26 Сапарғалиев М.С. Организация Советского суда в Казахстане. - Алма-Ата: Издательство Академия Наук Каз ССР, 1954. – 67 с.

27 Тимофеев В.Г. Судебная система суда РФ. История становления: Контекст лекция. Чебаксары: изд-во Чувашского Университета, 1994. – 260 с.

28 Декрет СНК РСФСР о суде № 1 от 24 ноября 1917 г. // СУ РСФСР. - 1917. - № 4. – С. 50-.

29 Декрет СНК РСФСР о суде № 2 от 15 февраля 1918 г. // СУ РСФСР. -1918. - № 26. – С. 420-569.

30 Декрет ВСГ и ОКЮ РСФСР о суде № 3 от 20 июля 1918 г. // СУ РСФСР. – 1918. - №52. – С. 589-697.

31 Конституция РСФСР 1918 г. // СУ РСФСР. - 1918. - № 26. – с. 410.

32 Исория государства и права Советского Казахстана. Том I (1917-1925 г.г.) / под ред. д.ю.н. С.З. Зиманова, к.ю.н. М.А. Биндера. - Алма-Ата: Издательство А.Н. КазССР, 1961. – 447 с.

33 Нәрікбаев М.С. Ұлы билерден Жоғарғы сотқа дейін – Алматы: Атамұра, 1999. - 192 б.

34 Сапарғалиев М.С. Возникновение и развитие судебной системы Советского Казахстана 1917 – 1967 гг. – Алма-Ата: Казахстан, 1971. – 452с.

35 Шаламов М. Судебное устройство Казахстана. – М.: изд-во НКЮ СССР, 1941. – 100 с.

36 Сапарғалиев М.С. История народных судов Казахстана. – Алма-Ата: «Казахстан» 1966. – 448 с.

37 История законодательства СССР и РСФСР по уголовному процессу 1955-1991 г.г. (Сборник правовых актов) /сост. Галузо В.Н.; отв. ред. Якупов Р.Х. – М.: Спарк, 1997. - 799 с.

38 Кожевников М.В. История советского суда. – М.: юрид. издат., образц. типогр. им. Жданова, 1948. – 376 с.

39 История государства и права Советского Казахстана. Том 2 (1926-1937 г.г.) / под ред. д.ю.н. С.З. Зиманова, к.ю.н. М.А. Биндера. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР. – 1963. – 483 с.

40 История государства и права Казахской ССР. Часть 2, /под общей ред. Член-корреспондента АН КазССР С.С. Сартаева. – Алма-Ата: «Мектеп» 1984. – 231 с.

41 Конституция (Основной закон) Казахской Советской Социалистической Республики (От 26 марта 1937). – Алма-Ата: Политиздат ЦК КП(б)К. – 1937. – 40 с.

42 История государства и права Советского Казахстана. Т. III. (1938-1958 г.г.) / под ред. д.ю.н. С.З.Зиманова, к.ю.н. М.А. Биндера. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, – 1965. – 432 с.

43 Алексеев Н.С., Шилов Л.А. 50 лет советского высшего юридического образования // Правоведение. – 1967. – №5. – с. 13-21.

44 «Положение о выборах народных судов Казахской ССР» // Ведомости Верховного Совета Казахской Советской Социалистической Республики. – 1951. – №10. – С. 3-11.

45 Закон об утверждении Основ законодательства о судостроительстве Союза ССР, союзных и автономных республик - от 25 декабря 1958 года (Основы законодательства о судостроительстве Союза ССР, союзных и автономных республик) // Ведомости Верховного Совета Союза Советских Социалистических Республик. – 1959. – №1 (933). – С. 51-58.

46 Все – на выборы! (За народных судей, действующих от имени народа и в его интересах) // Казахстанская правда. – 1960. – 18 декабря. (собственный корреспондент Каз. Правды).

47 Указ Президума Верховного Совета СССР «Об образовании президумов в составе Верховных судов союзных и автономных республик» от 14 августа 1954г. // Ведомости Верховного Совета СССР. – 1954. – №17. – С. 26.

48 Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы (негізгі заңы). Тоғызыншы сайланған ҚазССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс жетінші сессиясында 1978 жылғы 20 апрельде қабылданған – Алматы: Қазақстан, 1984. – 64 б.

49 Акуев Н. Халық пен мемлекет мүддесі // Егеменді Қазақстан, – 1996. – 30 тамыз.

50 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2 басылым – Алматы: Атамұра, 1998. – 168 б.

51 Dankwart A. Rustow, Transition to Democracy: Toward a Dynamic Model, Comparative Politics, london. – 1970. – №3. – p. 347.

52 Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: Қазақстан, 1993. – 32 б.

53 Гаджиев Г.А., Кряжков В.А. Конституционная юстиция в Российской Федерации: становление и проблемы // Государство и право. – 1993. – №7. – С. 3-11

54 Баишев Ж.Н. Судебная защита Конституции. – Алматы: «Жеті Жарғы», 1994. – 192 с.

55 Закон «О Конституционном Суде Республики Казахстан», от 5 июня 1992, №1378-ХІІ // База данных «ЗАКОН» - электронный свод нормативных правовых актов Республики Казахстан.

56 «Қазақстан Республикасында Конституциялық сот ісін жүргізу туралы» заңы, 1992 ж. 6 маусым №1377-ХІІ // «ЗАҢ» базасы - Қазақстан Республикасының электрондық жүйеленген нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы.

57 Федеральный Конституционный закон «О Конституционном суде Российской Федерации» // Российская газета. – 1994. – 23 июля.

58 Закон «О Конституционном Суде Кыргызской Республики» от 18 декабря 1993. //www.edu.ru.

59 Насырова Т. Конституционный контроль. – Казань: изд-во Казанского ун-та, 1992. - 111 с.

60 Закон Казахской Советский Социалистической Республики «О судеустройстве Казахской ССР» от 22 ноября 1990 года // Жоғарғы Советтің ведомостары. – 1990. – №48. – С. 24-44.

61 Закон Республики Казахстан «О внесении изменения и дополнений в закон Казахской ССР «О судеустройстве Казахской ССР» (от 3 ноября 1990г.) // Жоғарғы Кеңес жаршысы. – 1992. – 30 маусым. – № 11-12 (2133).

62 «Қазақстан Республикасының Арбитраждық соты туралы» заңы. 1992 жылғы 17 қаңтар №1144 – XII // База данных «ЗАКОН» - электронный свод нормативных правовых актов Республики Казахстан.

63 Нәрікбаев М.С. Сот билігі даралана бермек // Заң газеті. – 1994. – 16 қараша.

64 Бойков А.Д. Проблемы судебной реформы // Советское гоударство и право. – 1991. – №4. – С. 4.

65 О судах и статусе судей, о прокуратуре, об органах национальной безопасности, об органах внутренних дел: Сб. указов Президента Республики Казахстан, имеющих силу Закона. Издание третье, с изменениями и дополнениями // Сост. Мухамеджанов Э.Б., Кабидуллина Ж.З. – Алматы: Жеті Жарғы, 2000. – 120 с.

66 Савицкий В.М. Судебный департамент, каким ему быть // Российская юстиция. – 1995. – №2. – С. 2-4.

67 Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының Президентінің 2000 жылғы 1 қыркүйектегі Жарлығы // Егеменді Қазақстан. 2000. – 2 қыркүйек.

68. Билер сөзі - киелі (Сыр елінің билері хақында) / Автор-құраст.: Т. Дайрабай, М. Ахметов:- Алматы, 2018.- 352 б.

69. Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, жазалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институты : монография / Ә. Мұқтар, Ұ. Ахметова, Н. Атығаев [ж.б.]. – Алматы : Арыс, 2020. – 248 б.

70. КАЗАХСКИЕ БИИ НА СЛУЖБЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ: К ПОСТАНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ Мажитова Ж.С. в журнале Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки», № 62, с. 217-227 2019

71. СОВРЕМЕННАЯ КАЗАХСТАНСКАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ ОБ ОРАТОРСКОМ ИСКУССТВЕ БИЕВ И ЖЫРАУ Мажитова Ж.С. в журнале Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки», № 1(60), с. 273-281 2019

72. Қазақ қайраткерлерінің тарихи фольклордағы саяси-құқықтық ой-пікірлері (XIX ғасырдың екінші жартысы) Жалмурзина А.Ж., Мажитова Ж.С. в журнале Вестник Семипалатинского государственного университета имени Шакарима, № 1(85), с. 404-409 2019

## **Оқу басылымы**

**Е.Қ. Қаржаубаев  
Г.И. Аргинбекова**

### **Қазақстан Республикасы Сот жүйесін реформалаудың негіздері (тарихи-құқықтық аспектісі)**

**Оқу құралы**

**Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы,  
Сол жағалау, «Болашақ» университеті №115**

**Басылуға 21.12.2022 қол қойылды.  
Пішімі 60x84/16. Көлемі 9.1 б.т.  
Таралымы 50 дана. Тапсырыс №141.  
«Болашақ» университеті баспаханасында басылды.**